

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**2/2012 АҚПАН**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша  
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,  
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар  
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия  
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Кенжегүл МАҚАНҚЫЗЫ.	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын қолданудың теориялық және практикалық маңызы.....3
<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Сәуле АҚАТАЕВА, Гүлжан КӘРІПЖАНОВА. Жанбике ДӘРІБАЙ.	Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.....16 «Қызықты грамматика» бағдарламасы.....22
<i>Туімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Айжан РАХИМОВА.	Ақпараттық компьютерлік технологияларды қазақ тілі сабағында қолдану – заман талабы.....26
<i>Мұғалім мінбесі</i>	
Алтын КӨНДЕЙҚЫЗЫ.	Мемлекеттік тілдің бүгінгі мен ертеңі.....31
<i>В мире педагогики</i>	
Кымыз УТЕСОВА.	Повышение познавательной активности студентов на занятиях по английскому языку.....35
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Жаңа сөзді лазер.....47
Роза НЫҒМЕТОВА.	Сөздікті байытқан наурыз.....52
Мәдина КҮЗЕМБАЕВА.	Зат есімнің синтаксистік қызметі.....56
Гүлвира ЖАЛМҰХАНОВА.	Сөйлеу әдептері.....63
Фариза МАУТАЛИЕВА.	Сөйлемде – көктем айлары.....66
Гүлнар МУСИНА.	Барыс септігі.....71
Гүлнар АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ.	Салалас құрмалас сөйлем.....75
Бақыт МҰҚАТАЕВА.	Теңгенің зат есімдік сырлары.....81
Ақбота АШЕНОВА.	Тілді дамытатын – қазақ әліпбиі.....86
Орынбасар МҰСАҚЫЗЫ.	Сөздік қорда – тұңғыш ғалым президент.....92
Әсемгүл ТОҚТАМЫСҚЫЗЫ.	Етістіктің шақтары.....95
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Салтанат КӘРІМОВА.	«Манас жырынан» үзінді.....102
Айман АРЫСТАНБЕКҚЫЗЫ.	Біржан сал Қожағұлұлы.....106
Ботагөз МОЛДАХАНОВА.	«Қазақ хандығы» модулі.....111
<i>Бір тақырыпқа – екі мақала</i>	
Айгүл ҚҰСАЙЫНОВА.	Абайдың табиғат лирикасы.....116
Сұлушаш ЗӘУІРБЕКОВА.	Абайдың табиғат лирикасы.....118
<i>Сыныптан тыс тәлім</i>	
Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ.	Тәуелсіздік – қасиетті туымыз!.....123
Ғалима ТҰРАРҚЫЗЫ.	Қонақ күту – салтымыз.....129
<i>Сәтті сағат ойыны</i>	
Серікгүл ХАТРАНҚЫЗЫ.	Ойна да ойла.....133
<i>Білім сынағында</i>	
Баян ЖАҚАТОВА.	Диктант жұмыстары.....139
Гүлнар ӨТЕТІЛЕЕВА.	Тест сауалдары.....141

Кенжегүл МАҚАНҚЫЗЫ,  
Астана қаласындағы  
Қаржы академиясының  
оқытушысы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» (А.Байтұрсынұлы).

Қазақстан Республикасы Тіл саясатының тұжырымдамасында: «Жекелеген этностардың үйлесімді, тұрақты дамуы ұлттық мәдениеттің негізі – этнос тілінің сақталуына мүмкіндік жасайтын тіл саясатының жүргізілуін керек етеді. Мұның өзі республикада мәдениеттердің бір-біріне ықпал жасап, бірін-бірі байытуына, олардың одан әрі дамуына жағдай жасайды» [1; 294] – делінген. Яғни, өзге ұлттардың тілін құрметтей отырып, өз ұлтының тілін білу – әрбір адамзат баласының парызы.

Қазақ тілі – қазақ мемлекетінің тілі. Тіл – айтулы қазынамыз, тіл – айырықша құралымыз, қарым-қатынасымыз бен түсіністігіміздің кепілі дегенімізбен, осы тілді қолданудағы бірізділіктің сақталмауынан да кейбір ағаттықтардың пайда болуы даусыз. Мемлекетіміздің мәртебесін биіктетіп тұрған – туған тіліміз. Онсыз мемлекет – мемлекет болмайды, халық – халық болып қалыптаса алмайды. Түркі тілдерінің ішіндегі ең бай әрі таза тіл –

қазақ тілі. Біздің тілімізде кәусар бұлақтың үні де, шапшаң шаруалардың сыры да бар. Еліміздің әуендете тарқатқан ғұмырдеректерге толы әсем әндерінде қазақтың танымынан сыр шертетін, бүкіл өмірлік қағидаларын қалыпқа салатын тың деректер бар. Абай хакім айтқанындай, «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» деп басталатын шарифатпен сабақтас дүниелер – адамның санасынан туындаған ғибратты ұғымдардың желісінен тұрса, оны қағазға жазу да, айту да – сол сананың жемісі.

**Яғни, әрбір адамның туғаннан өлгенге дейінгі аралықта қандай да бір іс құжаттарының жүргізілуі – оның өмірінен дерекнамалық қызмет атқарады.** Оған мұқият, ыждаһатты болу керек. Басқаша айтқанда, әрбір адам баласының өмірімен қатарласа жүретін іс қағаздары – ғұмырдерегіміздің жазбаша көрінісі, оны байыпсыз толтыруға болмайды. Адамға қат қоюдың өзі антропонимия ғылымының зерттеу нысаны, тікелей айналысатын кәсібі болса, құжаттарды толтырудағы біріншілік сақтау да, мұқияттылық пен сауаттылық та – лексикология, фразеология, синтаксис пен морфологияның қамтитын мәселелері. Қазіргі таңда ұлттық дағдарыстың түсініксіз сырларын бағамдауымызбен байланысты, арнайы жүргізілуі тиіс іс құжаттарының мәтіні зерделеніп, арнайы пән ретінде оқытылуға бет алғанын білеміз. Осы орайда қазақ іс қағаздарының мәтіндері зерделеніп, бірнеше оқу құралының жарық көргені мәлім.

А.Алдашева, З.Ахметжанова, т.б. өзінің «Ресми іс қағаздары» еңбегінде: «Ресми іс қағаздарының тілі – бір қарағанда стандартты, қалыптасқан клише түріндегі тіл сияқты болғанымен, шын мәнінде, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сәйкес сұрыпталған, жіктелген лексикалық-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым», – дей келе, оларға қойылатын талаптардың бірі ретінде «экстралингвистикалық факторларды» атайды: «біріншіден,

кеңсе іс қағаздары да, заң құжаттары да логикалық шындыққа сай жазылып, екіұдай пікір тудырмайтындай болуы керек; екіншіден, бірнеше тілде жасалған ресми құжаттар нұсқаларының арасында мағыналық-мазмұндық және стильдік алшақтық болмауға тиіс; үшіншіден, ресми құжаттарға тілдің қазіргі талабы да қойылады, яғни, олардың қай түрлерінде де тілдің конвенциясына (нормасы мен узусына) тән тілдік құралдардың игерілуі міндетті». «Дәлірек айтқанда, ресми тілдің кеңсе іс қағаздары сияқты түрлері де, заң құжаттары да, арнаулы бланкіге толтырылатындары да қазақ тілінің *тілдік жүйесін, лексикалық-грамматикалық, орфографиялық нормаларын жетік меңгеруді қажет етеді*» [2; 4]. Мемлекеттік қызметшілерге арналған анықтамалықта қызмет бабында қолданылатын бірнеше іс қағаздарының нұсқасы көрсетіліп, олардың құрамындағы изафеттік құрылымдарға, жалқы есімдерге, номенклатуралық атауларға, олардың бағынатын грамматикалық заңдылықтарына назар аударылған. Оқулық — іс қағаздарын жүргізу жайынан молынан мәлімет беретін маңызды құрал. Оқушыларды сауаттылыққа, маңызды материалдарға назар аударуға, бірізділікке жетелейді.

Н.Т.Төленбергенова «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» оқу құралында «Іс қағаздары деген тіркестің ұғымы кең; олар мемлекеттік қызметшінің күнделікті қызметінде жиі қолданылатын үлгілер» [3; 6], - дей келе, іс қағаздарының 29 түріне тоқталады, мемлекеттік қызметте жиі кездесетін қызметтік хаттарды жазуға байланысты түсініктемелер беріп, қазақ тіліндегі іс қағаздарын сауатты жазуға бағыттайтын орфографиялық ережелерді, қарар үлгілерін көрсетеді. Оның айтуынша, «Ақпарат беру мақсатында жазылып, мемлекеттік қызметті басқаруды белгілі бір әрекеттермен ұштастырып отыратын, ұйым ісінде болған немесе сол үшін қажетті фактіні, іс-әрекетті тіркейтін, белгілеп, баяндайтын

кұжаттардың барлығы ақпараттық-анықтамалық құжат түріне жатады» [3; 14]. Сонымен қатар сөйлем құрамында қолданылатын дауыс ырғағының, интонацияның, оны айқындайтын тыныс белгілерінің өзіндік айырықша маңызы қазақ тілі саласындағы зерттеулерден белгілі. Ғалым өз еңбегінде мұның да атқаратын қызметін айтып көрсетеді: «Іс қағаздары ішінде қолданылатын тыныс белгілерінің атқаратын негізгі қызметі – тыңдаушыларға сөйлемнің құрамын, оның қандай бөлшектерден құралғандығын, ол бөлшектердің бір-бірімен мағыналық және синтаксистік қатынастарын байқату» [3;6]. Ж.А.Тұрлыбекова, Н.Ы.Шанаи, ж.б. құжат тілінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінде «Қазіргі кезде мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудегі кемшіліктердің бір парасы – тыныс белгілерімен байланысты» екенін ескере отырып, сөздіктің төртінші бөлімінде тыныс белгілеріне арнайы тоқталады [4; 309-321]. Сөздікте іс қағаздарының анықтамалары мен онда қолданылатын бірқатар сөздердің аудармасы берілген.

В.Салагаев, Б.Шалабайдың «Іс қағаздарын жүргізу» еңбегіндегі «кұжат» латын тілінде «куәлік», «дәлелдеу тәсілі» деген мағына береді. Бүгінгі қолданыста оның негізгі үш мағынасы бар: 1) қандай да бір фактіні не бір нәрсеге деген құқықты растайтын іс қағазы; 2) жеке басты ресми түрде куәландыратын құжат (төлкұжат); 3) бір нәрсе туралы жазбаша куәлік» [5; 8] деген анықтамасынан құжаттың қаншалықты маңызды екенін, болған, өткен және болатын оқиғаларды сипаттайтын, дәлелдейтін, нақтылайтын куәгер, дәлелші екенін ұғынуға болады. Оның адам өмірі үшін маңыздылығы сол – ол реттілікті, дәлдікті, дұрыстықты бақылайды, шатасулардан, белгісіздіктерден, беймәлімдіктерден сақтайды, адам өмірі үшін, жалпы мемлекеттің өзі үшін де аса маңызды құрал. Екі тілде берілген еңбекте автор құжаттардың барлығын жинақтап, бірнеше

топқа бөліп топтастырады, құжаттардың анықтамасы мен жазылу үлгісін ұсынады.

Жалпы, іс қағаздарының құрылымын айғақтау үшін олардың бірсыпырасына көз жүгірту жеткіліксіз, оның құрылымындағы дұрыс-бұрыстылықты айқындау үшін қазақ елінің ғұрпымен, салтымен, өнегесімен байланысты тарихтағы бар мағлұматтарды ескеру қажет. Қазақ әдеби тілінің тарихын түбегейлі зерделеген лингвист-ғалым Р.Сыздықова: «Ол, негізінен, поэзия түріндегі көркем әдебиетпен ауызша жүргізілетін дау-билік саласында (шешендік сөздерде) көрінді. Сонымен қатар хан жарлықтары, өзге елдермен арадағы қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер сияқты жазба дүниелердің қажетін ортаазиялық түркі әдеби дәстүріне негізделген қазақтың ескі жазба тілі өтеп отырды. Қазақ хандарының канцеляриясы ресми хат-хабарларын, іс-қағаздарын, үкім-жарлықтарын осы тілде жүргізді» [6; 65] дейді. Яғни, қазақ даласының іс қағаздарында, көркем әдебиет өнері де ертеден қалыптастырылған, қадымдық үлгіні, назирагөйлік дәстүрді ұстанған жазбаша, ауызша өнер саласы болған. Негізгі лексикасы – қазақ тілі. «Сөйлем құрастыру жағынан жоғарғы аталған хат иелері қазақ тілінің синтаксистік заңдылығын дұрыс сақтайды, бірен-саран сәттерде ғана құрмалас сөйлем компоненттерінің орын алмасуы кездеседі» [6; 260].

Сөз саптау өнерінің қазақ елі үшін маңызды болғанын, арнайы дәстүрлі тіркесімдерді қолданғанын ескере келе, А.Байтұрсынұлының мына сөзіне ерекше назар аудармауға болмайды: «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз.» «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады», «өңін танымай, яки,

аңғармай, бірін бірінің орынына айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді» [7; 22]. Мұның өзі – іс құжаттарына тән сипат. Демек, іс құжаттарының өзі – күнделікті өмірдегі тіл қолдануымызбен, ойды жеткізуімізбен тікелей сабақтаса жүретін үдеріс. Оның маңыздылығына айырықша тоқтала отырып, қазақ өмірінен дереккөздердің қызметін атқарып отырған қазақы жазулардың іс жүргізуде қиыншылықсыз, сәтті жүзеге асырылып отырғанын мақтанышпен айта аламыз.

Л.Дүйсембекова өзінің «Іс қағаздарын қазақша жүргізу» еңбегінде бұл туралы мынандай мағлұмат айтады: «Қазақ ресми іс қағаздар тілінің тарихына шолу жасай отырып, оның екі түрлі арнадан сусындағанын байқауға болады. Бірі – сонау көне дәуірден бері үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және басқа да ресми құжат үлгілері. Екіншісі – қазақ жерінің Россия мемлекетінің қол астына кіруімен байланысты қазақ тіліне аударылып таратылған орыс әкімшілік органдарының бұйрық-жарлықтары, заңдары, қатынас қағаздары. Яғни, қазіргі қазақ ресми іс қағаздар тілі жоқ жерден пайда бола салмаған, өзіндік тарихы бар құбылыс.» [8; 6-7]. Ғалым іс қағаздарының жүргізілу тарихын дәуірлерге бөліп қарастырады: XVIII ғасырда қазақ даласында қолданылған ресми іс қағаздарының тілі, XIX ғасырдың I жартысындағы ресми іс қағаздарының тілі, XIX ғасырдың II жартысындағы ресми іс қағаздарының тілі. Мұнда өз кезегінде іс қағаздарының жүргізілуіне қызмет еткен түркі, шағатай тілінен мысал келтіріліп, хат мәтінінің орфографиялық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктері көрсетілген. Қазақ ресми хаттарына тән ерекшелік – мәтіннің еркін, қандай да бір мәселені баяндай жазуы. Онда сабақтас құрмалас сөйлемдер де, салалас құрмалас сөйлемдер де кездеседі. Тарихи құжаттардың нұсқалары және хаттардың жазылу үлгісі көрсетіледі.



Қазіргі кездегі іс қағаздарының барлығы да қазақ әдебиетінің ресми стилінде жазылады. Ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бері қазақ азаматтары өз құжаттарын қазақ тілінде толтырып, қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізіп жүргені – көңіл қуантарлық бастама.

Қазіргі уақыттағы іс қағаздарының негізгі сипатына тоқталып өтсек:

1) Іс қағаздары – елдің мәселесін шешудегі, қоғамдық қатынастардың реттілігін сақтаудағы басты құндылықтардың бірінен саналады;

2) Іс құжаттары ресми қарым-қатынасқа негізделеді;

3) Іс қағаздарының жазылуы міндетті түрде қазақ тілінің заңдылықтарын сақтайды, арнайы штамп сөздер мен стандарт тіркестерді қолданады;

4) Іс құжаттарының бәрі де *үйде, түзде немесе әдепсіз жерлерде* емес, **құзыретті органдар мен мәдени мекемелерде** жасалады;

5) Іс құжаттарының жүргізілуі қабылданған заңдарды басшылыққа алады: 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы заңы», 1998 жылғы 22 желтоқсандағы ҚР «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңы, ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңы және т.б.

Іс қағаздарын жүргізу үдерісі тарихи ақпараттарға жүгінген кезде көне дәуірлерден бастау алғанын көреміз, яғни, онда қаулы-қарарлар да, бұйрықтар да, жарлықтар да ***еркін түрде, саналы, мақсатты, байыппен,*** /бұл өз кезегінде қазақ халқының ментальды қасиеттерін көрсетеді/ қандай да бір мәселенің оңды шешілуін көздеп жазылған болса, оның /нәтижеге ие/ көрінісі – бүгінгі заманға жеткен тарихи ахуалымыздың бірізденуінен байқалады.

Мемлекет мемлекет болып қалыптасқаннан бері іс қағаздары жүргізіледі десек, қателеспейміз, өйткені,

мемлекеттілік құрылмай тұрып, іс қағаздары жүргізілмейді, /шындығында, зиялысы болмаған қоғам ғана іс қағаздарына мұқтаж емес/ зиялысы бар қоғам – мемлекеттілігі бар қоғам. Осы күнде зиялы деп – мемлекет деңгейінде ойлай алатын, қоғамдық мәселелерді шешуге қабілетті адамдарды айтамыз. Қазақта ондай адамдар аз болмаған. Тіпті, ел зиялысының, оқымысты ғалымдардың бір-бірімен өзара жазысқан хаттары да іс қағаздарына саналады. Тірліктің маңызы мен мәнін айқындайтын іс қағаздарын қазіргі уақытта өлең өнерімен, жазба әдебиетпен, тарихи деректермен бірге қарастыру – тірліктегі сабақтастықтың дәлелін де, қай уақиғаның қай орында, қашан өткені жайлы ақпаратты да молынан табуға мүмкіндік береді. Яғни, мұндай деректер сараптамадан өтіп барып, тарихтың беймәлім қырларын анықтайтын болса, бүгінгі құжаттарымыздың жүргізілуіндегі бірізділікті сақтаудың да келешек тарихымызды қалыптастырудағы мәні зор. Айғақталмай қалмайтын /дерегі өшкен, көнерген, ұмытылған/ деректің барлығы тергеу амалдары арқылы айқындалса, күнделікті құжаттар тізімдемесінде бар деректер әрбір адам баласының өмірқазынасынан саналатын шежіреге барып қосылары даусыз. Логикалық ой сараптау арқылы да ұрпақтың өресі өседі, өрісі кеңейеді, тарихын таниды. Тарихта күнделікті өтіп жатқан оқиғаларды «шежіре» деп атасақ, қазіргі «зайырлы» қоғамда «мұндайларды» айқындайтын іс қағаздарына салғырт қарауға болмайды. Қандай да бір іс құжатының дұрыс жүргізілмеуі, өтірік жүргізілуі, қателерге толы болуы – мемлекеттің «беделіне» нұқсан келтіреді, ата-бабадан «жалғасқан» шежіренің құнын кетіреді /шатасуларға, сол арқылы негізсіздіктерге, ойша сараптауға немесе болған істің анық-қанығын білуге кедергі келтіреді, мұнан өз кезегінде сенімсіздіктер, алдау, бұрмалау, бұра тарту пайда болады да, ұрпақтар арасындағы шиеленісті

қатынастарды күшейте береді.../. Анығында «қазақ халқы тарих сахнасына жеке ұлт ретінде XV ғасырда ғана көтерілгенімен, сөз болған жазба мұраны сол тұста немесе одан бұрынырақ өмір сүрген аталарымыздың бабалары жасаған...». «Олар өздеріне дейін ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз жасаған әдебиет пен мәдениет, ғылым мен білім, ой мен жазба мұраны жалғастырды...» [9; 235].

Қазақ жазуының алғашқы үлгілері сонау ерте замандардан сыр шертетін ескерткіштерден мәлім болғанын ұғынсақ, одан бергі замандарда да, ұлы ғұламаларымыз табиғаттану, ғылымтану, елтану, қоғамтану, өнертану, физика, математика, химия, поэтика, астрономия, синоптика, логистика, дінтану, тілтану, әдебиет дамыту саласындағы молынан мәлімет беретін еңбектерді мұра етсе, сол заманның түсінік, пайымдарына сәйкес алғашқы қағаздардың үлгілерін сол заманның бектері мен билері, ханзадалары қалыптастырған. Бұл – түркі халықтарына ортақ мұра. Ал, кейінгі замандарда қазақ қарпін ретке келтіріп, өз әліпбиіміздегі сөздер мен сөйлем мүшелерін түгелдеген сара саңлақтарымыз қазақ әдебиеті мен тілінің үлесіне зор салмақты шығармаларды тастап кетті. *Олардың барлығы да бір басына бірнеше кәсіптің машығын түйістіріп, әрі ғалым, әрі публицист, әрі ақын, әрі аудармашы, әрі мәдениет, қоғам қайраткері болған.* Сыпсың сөз бен сайқал саясатты ұстанбаған Салиқалы сананы салмақты сөздермен толтырудың мән-маңызы – осында.

Қазақ тілін меңгеру – қазақ тілінің сөз байлығын меңгеру. Яғни, қазақ тілінің сөз байлығын жалаң түрде меңгеру емес, ұлттық дүниетанымымызбен ұштастыра отырып зерделеу. Бұл арада қазақ сөздерін жаттап алып емес, оның терең мәнеріне бойлап оқыту маңызды. Сөз байыбына барған адам ғана «ондағы» құндылықтарды ұғады. Яғни, мектеп бағдарламасынан бастап-ақ, қазақ ұғымындағы

төл түсініктерімізді қамту, қазақ тұрмысындағы қолөнер шеберлерінің жасаған бұйымдарымен таныстыра отырып, ұлттық этнографиямыздың қыр-сырын меңгерту – қазақ зиялыларының қалыптасуына бірден-бір мүмкіндік беретін даңғыл жол. Қазіргі уақытта мұндай іс-шаралардың да қолға алынғаны белгілі. Бұл салада – телебағдарламалар арқылы ұлттық тілдің насихатталуы, телеолимпиадалардың ұйымдастырылуы, қазақ әдебиетін айшықтайтын бағдарламалардың іске қосылуы – оңды қадам. Осымен бірге мектеп бағдарламасындағы оқулыққа да қазақ тілінің дүниетанымын айғақтайтын материалдарды қосу – санамыздың жаңаруына, жаңғыруына себепші болар жақсы қадам. Яғни, қазақ тілді бағдарламалардың барлығында да қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі байырғы сөздердің қатары сап түзесе, бейнелі оралымдары қайтып оралса, қазақ санасының оянуына, білікті, кәсіби мамандардың қайта өркендеуіне себеп болар еді. Осы орайда Ж.Аймауытұлының *«Бала өз тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды»* деген сөзін мойындамауға лаж жоқ. Ал, айшықты тіліміздің қадір-қасиетін ұғындырып, өмірін сарп еткен ғұламаларымыздың дайын түйіндеріне жүгінсек, **«Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы»** (Ж.Аймауытұлы), **«Тіл – адам жанының тілмашы»** (М.Жұмабаев), **«Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек»** (Х.Досмұхамедұлы), **«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»** (А. Байтұрсынұлы) екенін мойындаймыз. Елдің, ұлттың болмысының өзі негізгі кезекте тілден, тіл тазалығынан

тұрады /*адамзат баласы өзі солай жаратылған*/, оның сақталуына, басты назарда болуына, күнделікті тыныс-тіршіліктегі өз қызметін (функциясын) қалыпты атқаруына жағдай туғызу керек. Мұның өзі басқа тілдегі құжаттарды аударумен келмейді, мысалы, орыс тілінде (*өзге тілде*) *ресімделген құжаттарды «аударып» қана отыра беру* – ұлттық сананы қалыптастырмайды, жалтақтыққа ұрындырады, өз орайы келгенде сөз саптай білмеуге, орысша (*өзге тілдегі*) *түсініктердің қалыптасуына әкеледі, себебі адам орыс (өзге тілдегі) мәтіндерін оқып отырып, орыс тілді (өзге тілдегі) конструкцияларды зерделеуге мәжбүр болады...* Ал, қазақ тілді іс құжаттарын жүргізу – қазақ тілінде ойлаумен келеді. «*Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі білім біл*» деп кеткен қазақ ата-бабамыз өзге ұлттардың білімімен де сусындауды насихат еткен, бірақ, бұл өз кезегінде, ана тілін меңгергеннен кейін барып жүзеге асырылуы тиіс, себебі сананы қалыптастыратын – тіл, оны меңгермей тұрып, өзге тілдердің дерегіне ден қою – орашолақтыққа ұрындырады. Айтылмыш тілдің мәнерін білу – адам баласы көзін ашқаннан бері көрген тілінде сөйлеумен келеді. Ал, *аударма теориясы дегеннің өзі қандай да бір семинарға өзге ұлт өкілдерінің қатысуы кезінде белгілі бір мәтінді аударып түсіндіру арқылы немесе синхронды аударма қағидалары арқылы барып, қағазға түскен мәлімет.* Қазіргі таңдағы қазақ мемлекетінің іс қағаздарының орыс тілінде жүргізілуі – сан ғасырлық сананың дағдарыста қалып қоюының нәтижесі екені түсінікті. Елге пана бола алған ғалымдарымыздың сөзінің, ана болған туған тіліміздің аясында мемлекеттік бағдарламаларды жүргізе білу – өскелең ұрпақтың өміріне енген оңды қадам боларына сенеміз.

Бүгінгі таңда қазақ тілі – заңмен қабылданған мемлекеттік тіл. Оны дамытудың алғышарттарының өзі Кеңес одағының тұсында айқындала бастағаны белгілі, мұның өзі сол кездегі қазақ тілінде сөйлеуші қауымның үлес салмағының көп болуына байланысты. Қазіргі кезеңде қазақ тілін қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында түрлі тіл фестивальдері, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізіліп, мектептер мен балабақшаларда да қазақ тілін дамытудың мәселесі жөнге келіп жатқаны мәлім. Қазақ ғалымдары тарапынан жасалған зерттеу, зерделеу жұмыстары, қорғалған диссертациялар, шығарылған оқулықтардың өзі де – қазақ қоғамына қосылған сүбелі үлес, ал тіл зерттеуші ғалымдарымыздың өзі – қазақ тілді қоғамның тәрбиешісі, белді мүшесі дей аламыз. Іс қағаздарын еркін түрде жүргізіп кете алу үшін қазақ тілінің лексикасын, морфонологиясын, фонетикалық жүйесін, синтаксистік құрылымын еркін меңгеру жеткілікті. Осыны еркін меңгерген адамдар ғана өзара ақпарат алмасуда іскерлікті қалыптастыра алады, іс жүзінде құжат дайындауда қиындықтарға ұрынбайды. Өз түбірімен, өз тұлғасымен сөздерді орынды қолдану, мәнерлі жұмсай білу, ойдағыны қиналмай төгіп айтып тастау – ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлі қолданысымыз. Яғни, мұны қалыпқа келтіруде отбасылық қарым-қатынастағы тіл түзулігін сақтау, мектеп бағдарламалары материалдарындағы тілді дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сөз қолданудағы бірізділікті сақтау қажет. Осы арқылы бұқараның санасы түзеліп, оңтайлы ой ойлай алады, өз мемлекетінің мәселелерін өзі шешеді. Руханиятымыздың қайнар көзінен саналатын бабалар тілінің шұбарлануынан түзілген келеңсіздіктерді жою – келешек ұрпақтың еншісіндегі абыроймен атқарылатын шаруа. Қазақтың тілінде *сөйлеудің*, қазақтың тілінде *сөз саптаудың*, қазақтың тілінде *іс*

қағаздарын жүргізудің теориялық пән арқылы оқытылуы да, практикалық жағынан қолданысқа келуінің өзі де күнделікті күн тәртібінен түспейтін мәселелердің нақты шешімін табуға жәрдемдесеріне сеніміміз мол. Тек, сананы сан ғасырлық күстен аршу керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Тіл саясатының тұжырымдамасы. //Мемлекеттік тіл саясаты. Государственная языковая политика. А., «Арқас», 2005.
2. А.Алдашева, З.Ахметжанова, т.б. Ресми іс қағаздары. Астана, 2000. 216-бет.
3. Н.Т.Төленбергенова. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу: оқу құралы. Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2008. 114-бет.
4. Ж.А.Тұрлыбекова, Н.Ы.Шанаи, т.б. Құжат тілінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. А., «Сардар», 2008.
5. В.Салагаев, Б.Шалабай. «Іс қағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг». А., «Раритет», 2002.
6. Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). А., «Ана тілі». 1993.
7. А.Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. А., «Атамұра», 2003. 208-бет.
8. Л.Дүйсембекова. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. А., «Ана тілі», 2001.
9. Ә.Дербісәлиев. Қазақ даласының жұлдыздары. А., «Рауан», 1995.



Сәуле АҚАТАЕВА,  
Гүлжан КӘРІПЖАНОВА,  
Семей қаласындағы  
№40 орта мектептің мұғалімдері.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛДЕРІН ДАМЫТУ

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, сол арқылы оқушының рухани жан-дүниесінің баюына, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігін, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. ХХІ ғасырдың іскер азаматы – бәсекеге қабілетті, ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, адаммен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санаса алатын, кез келген нәрсені істеп шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда өз орыны бар, іскер, жеке тұлға деп білуіміз керек.

Мұғалім – мектептегі басты тұлға. Ол өз ісімен өзгеге үлгі болады. Білімі терең, әдістемелік шеберлігі жоғары, мақсаты айқын, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Мұғалім жұмысындағы, әсіресе, сабақ беруіндегі бір ерекшелігі – ұғымдарды белгілі бір сызбалармен түсіндіріп, соны қолдана отырып, іскерлік жұмыстар жүргізледі. Мысалы, бір ғана ұғымды шағын көрнекілікпен жинақтап, баланың түсінуіне ыңғайлы етіп ұсынады.

Тұлғаның тірек құзырлылықтарының бірі ретінде танылып отырған коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру оның тілдік білімін тереңдетумен қатар сөйлеу біліктілігін де жетілдіреді.




Тіл – құрылымдық жүйе, ал сөйлеу – оның сыртқы көрінісі. Белгілі бір тілді меңгеру – сол тілдің құрылымдық жүйесін меңгеру болып табылады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competerere» – қол жеткізу, сәйкес келу сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалану қабілетінің алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені.

Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, білу – қазіргі таңаның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі – әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру – күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету – қиын да қызық жұмыс. Сол қиындықтарды жеңілдету үшін сызбаларды қолдану арқылы төмендегі әдістерді дамытуға мүмкіндік туғызамыз.

### Әдістер



Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін,

үйренгім келеді, білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, автор орындығы, топтастыру, т.б, стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды.

Біз өз тәжірибемізде оқушылардың бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлеміз. Оқушы бірлесіп үйретуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауға, ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады.

Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жағдайлар байқалды:

1) оқушылар бір-біріне бірдей бағынышта, сыйластықта болды;

2) жауапкершіліктері артты;

3) топқа бөлгенде оқушылардың ойлау мүмкіндіктері ескерілді;

4) барлық мүшелердің бір-бірін тыңдау, күту шыдамдылығы, кезектесіп сөйлеу дағдылары қалыптасады;

5) мұғалімнің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету еркіндігі тең дәрежеде болды;

6) топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі шындалды;

7) оқушының, ең алдымен, есте ұстау қабілеті жоғарылады;

8) терең түсінік пен ойлаудың дамуы арқылы оқушының сөйлеу дағдылары дамыды;

9) жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің қабілетіне, олардың бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын құрметтеуге машықтанды;

10) бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салып, өздерінің білім алуын көтермеледі;

11) оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктерін беретін ортада оқушы өз пікірлерін, білімдерін, бар жігерін жеткізді.

Осындай сабақтарда мұғалім тек ұйымдастырушы, бағыттаушы, сараптаушы ретінде көрініп, бар жауапкершілікті оқушылардың өз тізгіндеріне беріп, үлкен жауапкершілікті сезінтеді.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тіл – оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады: ол оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы деп санаймын.

Диалог – екі жақты құбылыс. Қарым-қатынаста көзделетін мақсатқа орай диалогтың өзіндік әр түрлі ерекшеліктері болады:

- күнделікті тұрмысқа байланыстылығы;
- ресми қарым-қатынасқа құрылуы;
- ым-ишараттың, дене қимылының белсенділігі;
- эмоционалды-экспрессивтілігі, әсерлілігі;
- сөйлемдердің ықшамдалуы;
- сөйлейтін сөздің алдын-ала жоспарланбауы;
- ауызекі стилінің ерекшеліктерінің басым болуы.

Оқу бағдарламасында коммуникативтік құзырет деңгейіндегі диалогқа қойылатын талаптар тұрғысынан белгіленгені:

- сөйлеу мәдениетін игеру, өзінің сөзін, ойын жалғастыра алу;
- экология, тарих, өз қаласы, мәдениет тақырыптары, белгілі адамдар туралы сөйлесе алу;
- айтылған әңгіме, оқылған мәтін, кітап, өнер, кино туралы өз ойын білдіру.

Диалог репликалардан құралады, оның бірі – сөйлеуге уәж жасайтыны, екіншісі – жауап ретіндегі реакция-реплика. Диалогта ой ауысып отыратыны белгілі, сондықтан әңгімелесушілер – бір-бірімен ақпарат ауысып отырады. Алғашқы сөйлеуші әңгіменің басталуына түрткі болады, адресатты әңгімелесуге шақырады (сұрайды, бұйырады, келіседі, келіспейді, өтінеді, т.б.)

Оқушылардың тілінде болатын фонетикалық, т.б. қателер диалогта кездесетіні байқалады, сондықтан тілдік жағынан диалогтің дұрыс құрылуына баса мән беріледі.

Күнделікті сабақта жаңа материалдарды оқытқанда және бекіту кезінде, жаттығуларды ұйымдастыруда оқығанды және тыңдағанды тексеру үшін диалогтік әдісті қолданамын. Осының бәрін әңгіме түрінде іске асырып отырамын. Әңгімелесе білу диалогтік тілді үйретуде соңғы нәтижеге жететін біліктілік болып табылады.

Диалогтік әдісті қолдана отырып, оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамыз. Әр түрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамын. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуды оқушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргіземіз.

Тілдік міндет пен жағдаятқа сәйкес оқушылардың еркін түрде тілдік қарым-қатынастарын дамытуда рөлдік ойынның алатын орыны ерекше деп есептейміз.


Осы жағдаятты ұйымдастыру кезінде оқушылардың диалогтік тілдерінің даму деңгейі бағалау кезінде жақсы нәтижені көрсетті.

Оқушылардың диалогтік ортасын құруда кесте мазмұнының да алатын орыны ерекше. Кестедегі түйін сөздердің көмегімен оқушы сұрақ қою арқылы диалогтік

ортаға енеді. Осы жұмыстар нәтижесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

Мысалы: «Қазақстан қорықтары».

Қорықтар	Алматы қорығы	Қорғалжын қорығы
Салынған жылы	1931	1959
Андар мен құстар.	Елік, марал, барыс, сілеусін, қоңыр аю, қаршыға.	Шағала, аққу, үйрек, түлкі, қарсақ, қоқиқаз, суыр.
Өсімдіктер.	Сексеуіл, жусан, сораң.	Жусан, қамыс, селеу, құрақ.



Диалогпен жұмыс үйде де жалғасын тауып отырады. Диалогтар міндетті түрде жаттауға, кейде диалогтарды кеңейтуге, 2-3 сұрақпен толықтыруға тапсырмалар беріп

отырамыз.

Диалогтарды келесі сабақта тағы бір рет тыңдау арқылы мазмұнын және кейбір сөйлемдердің дұрыс айтылуын еске түсіру қажет деп ойлаймыз.

Бұл әдіс оқушылардың диалогты қайталап айтуына мүмкіндік жасайды. Диалогпен жұмыс істеген кездегі қолданылған лексикалық материалдар оқушылардың сөйлеу тілінің белсенді қорына айналады. Жатталған диалогтар оқушылардың жаңа диалогтар құруының негізі бола алады.

Сонымен, қорыта айтқанда, біз мектепте өз шәкірттеріміздің бойында жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етеміз. Оқушыларымыздың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, біліктілік, дағдыларды дұрыс қолдана алуына жағдай жасау – біздің ұстаздық міндетіміз.



**Жанбике ДӘРІБАЙ,**  
Маңғыстау облыстық білім беру  
ұйымдары қызметкерлерінің  
біліктілігін арттыру институтының  
«Оқыту теориясы мен әдістемесі»  
кафедрасының аға оқытушысы.

## **«ҚЫЗЫҚТЫ ГРАММАТИКА» БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, жалпы орта білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес жасалған тіл үйренушілерге арналған бағдарлама. Бұл бағдарламамен мемлекеттік тілді үйренемін деген мектеп оқушысы, студент,

мемлекеттік қызметкер және оралмандар шапшаң және қарқынды да қызықты үйрене алады. Тіл үйрену – шексіз. Бұл бағдарлама – негізгі өмірімізде, күнделікті тұрмысымызда жиі қолданылатын сөйлеу тілін үйретуді нысана етеді.

Кез келген тіл үйренуші «нөл»-ден бастап кірісе алады. Дыбыстар тарауын уақытпен жаттату арқылы болашақта алатын білімнің негізін қалайды. Бұдан кейін білім алу үрдісі жүйелі жүріп отырады. Қолданылып жүрген мектеп оқулықтарындағы қиындық келтіретін тақырыптар бұл бағдарламада нақты берілген.

Сүйеніш сызбаларға сүйене отырып сөйлеуге дағдыланып үйренеді. Мысалы: бұйрық рай, тәуелдік, жіктік жалғаулары – сөйлеуге ең қажет тақырыптар.

Күнделікті тұрмыста қолданылатын ең керекті сөздер тақырыптарға сәйкестендіріліп іріктелген.

Нақты бөлінген сағаттармен шектелмей, одан әрі қарай тіл үйренуші өз мүмкіндігіне қарай жалғастыра беруіне әбден болады.

### **Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.**

Қазақ тілінен тіл үйренушілерге арналған «Қызықты грамматика» бағдарламасы мемлекеттік тілді үйренемін деген мектеп оқушысы, студент, мемлекеттік қызметкер және оралмандарға арналады.

**Мақсаты:** Тіл үйренушіге – қазақ тілінің негізгі дыбыстарынан бастап теориялық ережелерді ықшамдалған, шағын-сызбалар, суреттер арқылы жеңіл әрі қызықты меңгерту.

**Міндеті:** Күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздерді тақырыптар бойынша меңгертіп, аз уақыт ішінде мемлекеттік тілде сөйлеуге баулу, үйрету.

**Әдісі:** Топта, қосымшада, жеке оқытуда, арнайы курстарда қолданылады.

### **Тіл үйрену бағдарламасының тақырыптық жоспары.**

а)	Ү-Ү, О-Ө дыбыстарын салыстыра оқыту. Сингармонизм заңдарын оқыту. Төрт жалғау туралы қысқаша мәлімет беру, аралас сөз. Қосымшалардың жалғану тәртібі (сызба). Дауыссыз дыбыстар.	1
ә)	Буын түрлері. Тұйық етістік және Бұйрық рай (ңыз-ңіз, ыңыз-іңіз) қосымшаларын оқыту.	1
<b>Р/с</b>	<b>Тақырып атауы</b>	<b>Сағ. саны</b>
1	Күнделікті қарым-қатынасқа қажетті сөздерді, қазақ тілінің фонетикасын оқыту. Жуан, жіңішке дыбыстар. Жуан сөз. Жіңішке сөз. Жуан, жіңішке қосымшалар.	1
4	Жіктеу есімдіктері. Көптік жалғауы. Етістіктің болымсыз түрі. Жиі қолданылатын етістіктер (сурет).	1
5	Жатыс септік және Шылау (-да, -де, -та, -те). Болымсыз етістік пен сұраулық шылаулар. (Сынып бөлмесі). «Дәрісханада» мәтінін оқыту.	1
6	Сөз таптарын, сұрақтарды, сөз құрамын және есімдіктің түрлерін, туыстық қатынастарды оқыту.	2
7	Тұрмыста қолданылатын ең белсенді сөздер. (Ыдыс-аяқ, дастархан, күнделікті қолданылатын етістіктер).	1
8	Сусын, азық-түлік, көкөніс, жеміс-жидек.	1
9	Тәуелдік жалғауы (дыбыстық өзгеріс -к, -г, -қ, -ғ, -п, -б)	1
10	Дене мүшелері	1
11	Жіктік жалғауы (осы шактың жай түрі)	2
12	Күн тәртібін жазу. Сандарды қайталау. Танысу диалогі (-ыншы, -інші, -ншы, -ніші жұрнақтарында сөйлеуге үйрету).	2
13	Сын есім және оның шырайлары.	3
14	Ауа райы (күнделікті жиі сөйлеуге баулу).	1
15	Сауда үйінде (сатып алу кезіндегі сөйлеуге үйрету).	2
16	Базарда.	1
17	Ауа райы.	1
18	Далада, көшеде ( лы-лі, ды-ді, ты-ті жұрнақтарында сөйлеуге үйрету).	1
19	Келбет.	1
20	Мінез.	1
21	Көмекші есім. Шығарма.	2
22	Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының байланысы (ағаш, киімдер, зат бөлшегі, т.б.).	3



23	Табыс септігі. Оқу құралдары.	1
24	Сағат неше?	1
25	Бұйрық рай. Бірінші жақта сөйлеуге үйрету.	1
26	Ұ- дыбысын оқыту, дұрыс жазуға үйрету. II жақта қолдануға, сөйлеуге үйрету.	1
27	III жақта – «сын, сін» жұрнағында сөйлеуге үйрету.	1
28	Апта күндері (күнделікті жиі сөйлеуге баулу), Мереке күндері.	1
29	Жыл мезгілдері.	1
30	Шағын шығармалар жазу.	1
31	Үстеу сөздері. Диалог (күнделікті жиі сөйлеуге баулу).	1
32	Септік жалғаулары.	4
33	Сырттағы адамдарды сипаттау. Аялдамадағы, сырттағы қозғалыстарды сипаттауға үйрету.	1
34	Келбет.	1
35	Етістіктің шақтары.	2
36	Есімше.	2
37	Шығармалар (өзім туралы, досым, әкем, әжем, атам, т.б).	3
38	Шартты рай, қалау рай.	2
39	Көмекші етістіктер.	2
40	Алтын әке	1
41	Математикалық сандарды үйрену.	2
42	Фразеологизм сөздерді оқыту.	3
43	Шылаулар.	4
44	Күрделі етістіктер.	2
45	Салалас, сабақтас құрмалас сөйлем.	3
	<b>Барлығы</b>	<b>72</b>

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заң актілері. 2. ҚР «Білім туралы» Заңы, «Тіл туралы» Заңы; 3. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім, негізгі ережелер); 4. Қазақ тілі бағдарламалары; 5. А.Ш.Бектуров, Ш.К.Бектурова. «Казахский язык для всех»; 6. Ж.Жеткізген. Фонетика – дыбыстар тарауы.

## **АҚПАРАТТЫҚ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Заман талабына сай оқу үрдісін ақпараттандырылған технологиямен жүргізіп, жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Осы орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: “Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін, ұстаздар, сіздер ізденіс пен ілгерілеуден жалықпаңыздар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс” деген болатын.

Қазіргі ғылым мен техниканың кең қанат жайған кезеңінде оқыту әдістерін жетілдіру тікелей білім беру жүйесіне де, тұтастай ақпарат технологиясын дамытуға да үлесін қосты.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады;

2. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың тарамдалуы мен оқу материалының сапасын арттырады.

Оқытудың “Нені оқыту? Қалай оқыту?” деген мәңгілік

сауалдары күн өткен сайын күрделеніп келеді. Білім ауқымы адам айтқысыз кеңейді, технология дамып, ақпаратты тандай білу мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Ендеше, “Мұғалімге жаңа технологияны ғылыми негізде меңгерту және терең білімді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу” мәселесін өз жұмысына арқау еткен мұғалімнің мақсаты төмендегідей болуы тиіс:

- озық тәжірибелерді, түрлі педагогикалық әдістерді, жаңа педагогикалық технологияны ұтымды енгізу және пайдаланудың соңғы нәтижелерін дамыту;
- өз білімін жетілдіру негізінде оқушының жеке тұлға болуына ықпал ету;
- оқушылардың маңызды мәселелерді өздері талдап, қорытындылауына жол ашу.

Бірақ бұл технологияларды біз қалай қолдануымыз керек?

Егер біз бұл технологияларды бұрынғы білім беру жүйесіне бұлжытпай кірістірсек, компьютер сабақта тек қана техникалық құрал ретінде қолданылып қала береді. Компьютерді - білім беретін бағдарламалық педагогикалық құрал ретінде қарастыру қажет. Яғни, компьютерді тек қана техникалық жағынан қамтамасыз ететін құрал ретінде ғана қолданып қоймай, оқушымен сұхбаттасатын таза білім “сақтаушысы” ретінде қарастырған жөн.

Сонда ғана мультимедиа жүйесі:

- қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайдағы жеке тұлғаны дамытуға арналған міндеттерге сәйкес білім мазмұнын, оқыту әдістері мен ұйымдастыру түрлерін іріктеу әдіснамасын жетілдіруге;
- оқушының интеллектуалдық потенциалын дамытуға, өз бетімен білім алу біліктіліктерін қалыптастыруға, ақпараттық оқу, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға;
- оқушының оқуға деген қызығушылығын қазіргі кездің кешенді ұсынатын және көру, есту негізінде қабылдана-

тын ақпаратты құбылтып өзгертетін құралдарды қолдану арқылы арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу үрдісін ақпараттандыру арқылы нәтижеге жетемін деген мұғалім, алдымен, келесі міндеттерге мән беруі керек:

1. Компьютерлік оқу құралдарын зерделеу және қолдану;
2. Тиімді тәсілдерді анықтау;
3. Ақпараттық технологияларды зерделеу;
4. Тәсілдер мен материалдарды құрастыру және қолдану;
5. Қолданылған тәсілдердің нәтижесін бағалау.

Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар керекті ақпаратты алуға арналған. Оқушы компьютер арқылы кез келген ақпарат қорынан керек ақпаратын жинай алады.

Компьютерлік оқу құралдарының бірі – электрондық оқулықтар мен кешендер. Республикалық білім беру жүйесін ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығы (РБАО) 6-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін электрондық оқулықтар шығарған. Оқулықтарда 5-6 тақырыптан қарастырылған. Оқулықтар бойынша оқушы өз бетімен сөздердің жазылуын, айтылуын пысықтап, сөздік жұмысын, диктант, мазмұндама жұмыстарын орындай алады.

Бұл оқулықтар қазақ тілі мұғалімдері мен оқушыларға көп көмек көрсетеді.

Мен 10-сыныпта «Әбу Насыр әл Фараби» тақырыбына сабақ өткіздім. Оқушылар компьютерден әл Фараби жөнінде мәліметті тыңдап, ұққандарын әңгімеледі. Тірек суреттер арқылы сөйлемдер құрап, лексикалық тапсырмалар орындады. Сызбалардың көмегімен жай септелу мен тәуелді септелуді естеріне түсірді.

Сондай-ақ 5-сыныпта «Мамандықтар» тақырыбына сабақ өткіздім. Оқушылар монитордан берілген әр түрлі тапсырмаларды қызығушылықпен, ынтамен өздері орындап, мамандықтар туралы білімдерін кеңейтті. 5-сыныпта қазақ әдебиетінен Ыбырай Алтынсариннің

«Әке мен бала» әңгімесі бойынша сабақ өткіздім. Оқушылар монитордан Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығынан мәлімет алып, оқушыларға жазушының «Әке мен бала» әңгімесіндегі тәлім-тәрбиені талдау арқылы «қарама-қарсы» элементтер стратегиясы қолданылды. Оқушылар әке мен баланың іс-қимылдарына талдау жасады. Мысалы, «әке» бағанына (үлкен кісі, тағаны алды, ақылды адам, еңбектенді) деп жазса, «бала» бағанына (жас бала, алғысы келмеді, ақылсыз бала, еңбектенген жоқ) деген сөздерді тауып жазу арқылы ойлау қабілеттерін, тілдерін дамытты.

6-сыныпта «Үстеу» тақырыбына сабақ өткіздім. Оқушылар мақсат, себеп, мөлшер, күшейткіш үстеулер туралы түсінік алып, монитордағы сызбаның көмегімен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырды. «Бөшке», «Домино» ойындары арқылы үстеулерді сәйкестендіріп, мағыналарын өздері қалай түсінетіндіктерін дәлелдеп берді.

9-сыныпта «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» тақырыбына сабақ өткіздім. Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіріп, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін толықтырып, кеңейтеді. Жаңа сөздерді меңгеріп, аударма жұмыстарында пайдаланды. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тауып, тұрлаулы мүшелердің астын сызды.

Электрондық оқулық қазақ тілін оқытуда тек тиімді теориялық материал мен тапсырмалардан құрастырылған оқу құралы ғана болып қалмай, бақылау және бағалау қызметін де (функциясын да) атқарады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқушының бейімділігіне, қабілетіне, шеберлігіне бағыт беріп, тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызатын жаңа технологияларды тиімді пайдалану – ұстаздың міндеті. Қазіргі кезде ұстаздардың қазақ тілін және әдебиетін оқытуда қолданып

жүрген сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп оқыту, сатылай кешенді талдау, дамыта оқыту технологиялары оқушыларды еркін ойлануға, пікір таластыруға, пікір алмастыруға, өз көзқарасын ерікті түрде жеткізуде тез ойлануға, жылдам әрі нақты жауап беруге баулитындығы анықталып отыр.

Сабақтың сапалы болуы – оның ғылыми тұрғыдан, теориялық жағынан жоғары дәрежеде дәлелденуі – ұстаздың шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді қолдана білуінде.

Қорыта келгенде, сапалы білім мен саналы тәрбие ұштасқанда ғана ұлт тілегін, мемлекет, халық мүддесін ойлайтын жеке тұлға қалыптасады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ж.Букенева. “Қазақ тілін компьютерлік технология арқылы меңгерту мәселелері” // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2008. №6.

2. Р.Қ.Жүнісова. “Қазақ тілі сабағында оқушылардың ауызекі сөйлесуін еуростандарт негізінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы дамытуды басқару”. Ғаламтор желісі.

3. Ж.Кеңшілікқызы, А.Сағымбайқызы. “Қазақ тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану” // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2009, №6.

4. Г.Абдурахманова. Коммуникациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері. «Қазақстан мектебі». А., 2006, №3.



### **ТЕОРИЯ**

Күшейту ғылыми негізін –

Сабақтың сапасы артуы.

Кім ұқса теория теңізін –

Өзіне ғажап сый тартуы!

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Қазақ тілі – дүниежүзіндегі ең бай, бейнелі де бедерлі, та-  
рихы терең тамыр жайған қасиетті тіл.

*«Өткірдің жүзі,*

*Кестенің бізі*

*Өрнегін сендей сала алмас»,-* деп ұлы Абай атамыз  
таңырқап, тағзым еткен де осы қасиетті тіл – қазақ тілі.  
Мен үшін ана тілім – қазақ тілінен асқан құдіретті тіл жоқ.  
Тұңғыық, сыры терең қазақ тіліне деген іңкәрлігім шексіз.  
Өйткені бұл тіл – естір құлаққа әуезді, жанға жылы, жүрекке  
жұмсақ тиетін нәзік тіл.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғаннан бері  
ана тіліміз талай бел-белестерден өтті. Қарыштап  
алға қадам басты. Қаз-қаз басқан сәбидей талпына  
ұмтылып, болашаққа қол созды. Бүгінгіне есеп беріп,  
келешегіне көз салды. Осы тұрғыда талай-талай істер  
атқарылып, жұмыстар жүргізілді. Атап айтар болсам, «Бала-  
пан» телеарнасының ашылуы – бірден-бір дәлел. «Ел болам  
десең, бесігіңді түзе»- демекші, тілге қатысты мәселенің  
ұшын балбөбектерімізден бастау – өте құптарлық жағдай.  
Еш жазу жазылмаған ақ парактай таза, пәк сәби жүрегіне  
ана тілінің уызын құйып, балын тамызу – шынымен де,  
құптарлық іс. Бүгінгі сәби – ертеңгі ұлт болашағы. Кешегі  
бесік жырын мәні, мағынасы саяз даңғаза әуенге алмастыру-  
ға шақ қалған уақытта «Балапан» арқылы жоғалтқанымыз-

ды тауып, жыртылғанымызды бүтіндегендейміз.

Ұрпақ қамы – қай халықты да ойландырмай қоймайтын ауқымды да күрделі мәселе. Сондықтан да тарихымызда бұл жайт бойынша дүниежүзілік ой-пікірдің дамуына дәлел боларлық мол мұра жинақталған. Айталық, хакас халқының «Ағаш курамай тұрғанда оны ие біл, ал жас баланы жас кезінде тәрбиелей біл», татар халқының «Шыбық кезінде сынбаған, тал кезінде сынбайды», қазақ халқының «Тәрбие тал бесіктен басталады», қазақтың тілші-ғалымы, ұлтжанды педагогы А.Байтұрсынұлының «Балам дейтін жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады?» деген тұжырымды ойлары осының айғағы емес пе? Бұл – республика көлемінде жүргізілген ең ауқымды шаралардың бірі ғана. Ал, облыс, аудан, ауыл көлемінде атқарылып жатқан шаралар қаншама. Әр ұрпақ, әр тұлға өзінше үн қатып, үлес қосуда.

Тіл қай ұлтта болса да, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әр елдің мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалатын баға жетпес құнды мұра. Осы құнды мұрамызды дәріптеу мақсатында облыс, аудан, қалаларда түрлі жиын, сайыс, мерекелік шаралар өткізіліп жатады. «Жарқын болашақ», «Қазақстан – достық мекені», «Абай оқулары», «Назерке», атап айтар болсақ, санынан жаңылардай, шүкір, баршылық. Бұл игі шаралардың негізгі мақсаты – өзге ұлт өкілдерін қазақша сөйлету, қазақ тілінің өркен жаюы. Тілімізді насихаттай отырып, ұлт ертеңіне, жарқын болашағына жол бастау. Бұл шараларға қатысушылар – өзге ұлт өкілдері. Осы істердің өзін-ақ қазақ тілінің мәртебесін көтеруде ілгері жасалған бір қадам ретінде бағалау керек сияқты.

Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Болмысымызды тұлғалы, елімізді іргелі ету үшін бүгінгі таңда жасалып жатқан дүниелер, әрекеттер аздық етеді. Дегенмен де, көлге тамған тамшыдай болса да, себін



тигізері хақ. Еліміздің іргелі ел болып қалыптасуына бірден-бір әсер ететін фактор, ол – тіл мәселесі.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Ғасыр талабына сай зерделі, ой-өрісі жоғары азаматты қалыптастыру – мемлекетіміздің стратегиясы болып отыр, сондықтан Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесіне кіріктіру және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелерді енгізу – жаңа заман талабы. Осы орайда тіл мамандарының көтерер жүгі зіл-батпан. Кейбір қаракөз қазақтарымызды қазақша сөйлете алмай, жігерің құм болған шақта, өзге ұлт өкілдерінің мойынын бері бұрғызып, тілін сындыру, әрине, оңай жүк емес. Көп уақытты талап ететін ауқымды мәселе. «Көш жүре түзеледі» демекші, бұл жағдай да уақыт сынынан өтіп, бір жолға қойылып келеді. 2006-2007 оқу жылына дейін өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мектеп бағдарламасы бойынша екі сағат болса, 2007-2008 оқу жылынан бастап екі есеге көбейтілді. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан бері орыс мектептерінде жүргізілетін қазақ тілі пәніне көп көңіл бөлінуде.

«Ана тілі – білімнің кілті» дегендей, ана сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің құдіреттілігі – оның орындылығында, өрлігінде, орасан зор байлығында. Тіл тазалығы барлық уақытта керек.

Иә, қос тілді білу – өмір талабы. Біздің ойымызша, тілді үйрену өмірлік қажеттіліктен туады. Бағымызға қарай, сондай өмірлік қажеттіліктің ақ жолы қазақ тілі үшін енді басталды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілін білу – әрбір азаматтың міндеті. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді үйрену – Қазақстан Республикасында өмір сүрудің басты шартына айналып отырғанын мойындауымыз керек. Тіл туралы Заң бізді осыған міндеттеп қана қоймайды, достығын нығайтатынын санамызға сіңіреді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік тілді дамытуға арналған бірнеше кезеңдік іс-шараларды зерделеп, ой таразысына салсақ, қазіргі таңда Қазақстан қоғамының оған деген ынтасының біршама жақсара түскенін аңғарамыз. Оны дамытуға бағытталған іс-шараларды үнемі жүргізіп отыру – еліміздің өркениетті елдер қатарынан орын алуының кепілі. Ұлтымыздың ардақтыларының бірі – Халел Досмұхамедов өзінің «Қазақ – қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген еңбегінде «Қазақ – қырғыз жұрты оянғаннан бері мәдениет бәйгесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын қылып жатыр. Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттың тілі бай болады» деп айтқанындай, қазақ тілі – мемлекеттік тіл ғана емес, қазақ қоғамының білім алатын құралы, ұлтымыздың сан ғасырлар бойы жинаған рухани-мәдени мұраларының, ділі мен дінінің, әдебиеті мен өнерінің, сана-сезімінің, дүниетанымының жиынтығы. Демек, барлық рухани құндылықтарымыздың іргетасы әрі тірегі. Олай болса, оның қоғамдық қызметін жан-жақты дамыта отырып, қолданылу аясын кеңейту қашанда өзекті мәселелердің қатарына жатады. Өз кезеңінде қазақтың бай тілін орыс ғалымдары да мойындап, өзіндік бағасын берген. *«Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, ең образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен даңқты»*. С.Е.Малов.

*«Қазақ тілі – әуезді де әсем, шебер де шешен тіл»*.

В.В.Радлов.

*«Қазақтар – шешен, әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері. Қазақтардың халық әдебиеті аса бай, әрі жан-жақты»*.

П.М. Мелиоранский.

Демек, қазақ тілінің, ең алдымен, ана тілі ретінде оқытылып үйретілуі ұлт болашағы, мемлекеттің ертеңі үшін стратегиялық маңызға ие. Бір қуантарлығы – қазіргі кезде қазақ балаларының көпшілігі өз ана тілінде білім ала бастады. Бұл – өте үлкен жетістік! Қазақ тілінің болашағы жарқын болғай!

Кымыз УТЕСОВА,  
старший преподаватель  
Каспийского государственного  
университета технологий и  
инжиниринга им. Ш.Есенова.  
г.Актау.

# ПОВЫШЕНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Среди современных проблем педагогики требующих первостепенного внимания – вопросы развития познавательной активности, творческих способностей студентов является проблемой сложной и многоаспектной. Особое значение в решении проблемы активизации учебной деятельности студентов приобретает дальнейшее совершенствование форм и методов обучения в направлении активизации познавательной деятельности студентов.

Наблюдения показывают, что многие студенты учатся далеко не в полную меру своих возможностей и не проявляют должного внимания учебному процессу (особенно студенты первых курсов).

Объясняется это частично тем, что не всегда применяются формы и методы обучения, способствующие повышению активной познавательной работы студентов. В результате исследований обнаружено, что общеобразовательная деятельность мотивируется познавательными интересами более 40% студентов первого курса. У значительной части 50% обучающихся нет интереса к содержательной стороне

профессиональных знаний. Теоретические познавательные интересы, как самоцель, наблюдаются среди студентов лишь в 3% случаев. Педагогов и преподавателей всегда волновал вопрос о том, какими путями, методами достигается усвоение знаний, как развивать творческую активность обучающихся. Поэтому в процессе развития педагогики и практики обучения исследователи отбирали и проверяли наиболее эффективные формы, методы, приемы и средства обучения. Общеизвестно, что преподаватели обладают глубокими знаниями по специальности, многие имеют большую практику обучения, воспитания молодежи. Следует добавить, что большинство преподавателей являются хорошими лекторами, мастерами педагогического дела. В настоящее время в каждом учебном коллективе имеются преподаватели, прекрасно владеющие мастерством преподавания. Безусловно, все это — результат длительной, целеустремленной работы каждого преподавателя. Эффективные способы и приемы ими отбираются, накапливаются в процессе длительных поисков, часто методом проб и ошибок.

Ученые-педагоги, критически анализируя формы и методы обучения, отмечают, что методика обучения часто опирается на воспроизводящую деятельность студента, на запоминание определенного круга фактического материала. Конечно, есть студенты, которые в учебной работе проявляют высокую активность и участвуя в научной работе, развивают свои творческие способности. Они не ограничиваются слушанием и конспектированием лекций или чтением лишь страниц названного учебника. Их аудиторная и внеаудиторная учебная работа характеризуется самостоятельным изучением конспекта лекций, чтением дополнительной литературы, умением самостоятельно мыслить, поиском новых способов решения задачи. Эти студенты стремятся глубже понять не только содержание

материала, но и способы добывания новых знаний, сами принимают активное участие в научном поиске. Однако, к сожалению, имеется немало студентов, которые занимаются только на «удовлетворительно». Они порой добросовестно посещают лекции, выполняют практические задания, но при этом не проявляют особой активности и творчества.

В высших учебных заведениях предпочтение отдается активным методам обучения, которые направлены на формирование у студентов самостоятельности, гибкости, критичности мышления. Самым мощным источником познавательной активности студентов, развития их творческих способностей, интересов, умений, навыков и других интеллектуальных характеристик являются сегодня новые инновационные технологии. Инновационные технологии в образовании – это, прежде всего информационные и коммуникационные технологии, неразрывно связанные с применением компьютеризированного обучения. Основными вопросами в использовании инновационных технологий является структура учебных компьютерных программ. Знание иностранного языка (особенно английского) делает специалиста любой области более конкурентоспособным на рынке труда. Образовательная роль иностранного языка связана с возможностью приобщиться к источникам информации, своевременный доступ к которым практически закрыт при незнании языка, с расширением общего и профессионального кругозора, с овладением навыка общения с зарубежными коллегами, с повышением культуры речи. Воспитательный потенциал реализуется в готовности содействовать налаживанию межкультурных связей, относиться с пониманием к духовным ценностям других народов. Неоценимую помощь студентам в овладении иностранным языком способен оказать Интернет. Всемирная сеть представляет уникальную возможность для изучающих

иностранный язык пользоваться аутентичными текстами, общаться с носителями языка, создавая естественную языковую среду и формируя способность к межкультурному взаимодействию. Доступ к информационной сети Интернет стимулирует стремление к свободному владению иностранным языком. Интернет как средство доставки информации особенно актуален для самостоятельной работы студентов во внеурочное время. У студентов при работе в Интернете формируются умения самостоятельно приобретать знания, навыки работы с большими объемами информации, навыки анализа информации; умения видеть и решать возникающие проблемы.

Разнообразные задания в режиме индивидуальной работы в Интернете впоследствии с успехом используются при групповой работе на аудиторных занятиях. Целенаправленное использование материалов сети Интернет на занятиях по иностранному языку в техническом вузе позволяет эффективно решать ряд дидактических задач, а именно:

- 1) совершенствовать навыки чтения;
- 2) пополнять словарный запас лексикой современного иностранного языка;
- 3) совершенствовать навыки монологического и диалогического высказывания, обсуждая материалы сети;
- 4) формировать устойчивую мотивацию иноязычной деятельности в процессе обсуждения проблем, интересующих всех и каждого.

Исключительные возможности в процессе обучения иностранному языку Интернет представляет для овладения средствами общения в письменной форме, обеспечивая возможность реализации коммуникативного подхода к обучению письменным видам речевой деятельности. В целях обучения иностранному языку используется как свободное общение в сети, так и общение в режиме

электронной почты. Оснащение учебных заведений компьютерами позволяет активно внедрять в преподавание иностранных языков компьютерные программы. Практика показывает, что они имеют определенные преимущества перед традиционными методами обучения. Компьютерные программы обеспечивают большую информационную емкость, интенсификацию самостоятельной работы каждого студента, создание коммуникативной ситуации, личностно значимой для каждого, повышение познавательной активности студентов, а также усиление мотивации.

Современные компьютерные средства позволяют создавать новые компьютерные программы как обучающие, тренировочные, так и контролирующие. Такого рода программы создаются в специальных учебных целях и широко используются в процессе самостоятельной и домашней работы при изучении иностранного языка. При самостоятельной проработке материала использование компьютера обеспечивает: 1) свободный режим работы, 2) неограниченное время работы, 3) исключение субъективных факторов, 4) максимальную поддержку при овладении иностранным языком. Таким образом, информационные технологии способствуют повышению эффективности процесса обучения, его индивидуализации, активному педагогическому взаимодействию преподавателя и обучающихся, создают оптимальные условия для творческого использования информации в самостоятельной познавательной деятельности студентов.

В последнее время компьютер играет все большую роль в современном образовании. Использование его в учебной и внеурочной деятельности является эффективным средством для повышения мотивации и индивидуализации обучения, реализации дифференцированного подхода к обучению, повышению эффективности самостоятельной работы

учащихся, расширяет дидактические возможности учителя, облегчает труд педагога, способствует его рационализации за счет высвобождения учебного времени для творческих видов работ. Интегрирование обычного урока с компьютером позволяет учителю переложить часть своей работы на компьютер, внести разнообразие в урок английского языка. Урок становится интересным и более интенсивным. Работа с компьютером способствует повышению интереса к учебе, помогает устранить отрицательное отношение к ней, т.к. все мы знаем, что непонимание материала приводит к потере интереса к предмету. Активное и уместное применение компьютера на уроке английского языка представляется возможным исходя из специфики самого предмета. Компьютер играет роль тренажера, с помощью которого учащиеся учатся работать самостоятельно, компьютер помогает учиться.

Одним из важнейших факторов возбуждения и активизации внимания является использование наглядности и ТСО. Диафильмы с успехом могут быть использованы при проверке знаний, организации самостоятельной работы студентов на аудиторных занятиях. Такие кадры специально готовятся заранее. Прежде всего необходимо обеспечить хорошую видимость. Ведь каждому понятно, что плохая видимость не только вызывает напряжение зрения, но и раздражает человека, что является причиной потери его внимания.

**Работа с аудио и видеоматериалами.** Например, просмотр фильма (или фрагмента фильма) с последующим обсуждением ситуаций, героев, анализом, разбором характерных лексических единиц и т.д.

**Работа с аудиоматериалом.** Например, прослушивание песни, разбор текста, его лексических единиц - нахождение синонимов, толкований; конкурс на лучший перевод



текста песни. Задания типа «продолжи сюжет». Возможно, предложить продолжить текстовый сюжет в форме сочинения. Возможно, предложить несколько сюжетов группам студентов с тем, чтобы поставили сценки. Проведение психологического тренинга на английском языке. Дать задание на дом по тренингу, с тем чтобы студенты на одном из следующих занятий поделились опытом выполнения задания на английском языке.

При изучении новой лексики по теме можно применять такие игровые методы как кроссворд, составление истории по картинке. Например, игра «Word-search grid». Дается сетка 14X14 клеток, в каждой клетке написана буква алфавита. Среди набора букв скрыты слова по теме «деньги». Учащимся необходимо найти слова находящиеся в списке, перевести их и найти слово которого нет в сетке. Инструкция: Слова могут быть записаны вперед, назад, по вертикали, по горизонтали или по диагонали. Слова все связаны с темой «деньги». Студенты должны искать следующие слова, отмечать их на сетке и писать перевод в стороне так, чтобы было понятно их значения. Одно слово в списке не находится в Сетке - что это за слово? Кроссворд может использоваться не только как индивидуальная деятельность, но и как коллективная. Например игра “Half a cross word: Adjectives to describe people”. Студенты делятся на две группы. Составляется кроссворд с использованием слов по теме, затем все слова кроссворда делятся поровну, делаются два пустых бланка, один из них заполняется одной частью слов, другой – второй, так чтобы они дополняли друг друга. Один бланк дается первой группе, другой бланк – второй группе. Для заполнения кроссворда необходимо участие обеих групп: группа А поясняет группе В значение тех слов, которые имеются в ее бланке, затем группы меняются. Некоторые из слов в этом кроссворде отсутствуют. Группа В

знает, каковы они. Группа В также имеет некоторые слова, которые отсутствуют в их кроссворде.

Использование такого игрового метода как составление истории по картинкам также используется для изучения новой лексики. Этот метод развивает воображение учащихся, а также дает возможность ученикам показать свои знания, полученные на других уроках или из личного опыта.

В этой игре необходимо помочь своему другу. Ваш друг хочет купить следующие изделия: хлеб, яблоко, конфет, газеты. Используя автобус и автобусную станцию как отправную точку, нужно объяснить, как он может купить те изделия, которые ему нужны, используя самый короткий маршрут. Ребята учатся объяснять и спрашивать дорогу на английском языке.

Важно развивать творческие способности студентов и самым продуктивным способом является использование поэзии. Можно предложить ученикам сделать художественный перевод стихотворения или написать свое.

Как известно, с целью активизации внимания, мыслительной деятельности студентов на занятиях применяются разнообразные способы и приемы.

Активизация познавательной деятельности студента без развития его познавательного интереса не только трудна, но практически невозможна. Вот почему в процессе обучения необходимо систематически возбуждать, развивать и укреплять познавательный интерес студента и как важный мотив учения, и как стойкую черту личности, и как мощное средство воспитывающего обучения, повышения его качества. Успешное преподавание не мыслимо без стимулирования активности студентов в процессе обучения. Компонент стимулирования не обязательно следует за организацией. Он может предшествовать ей, может осуществляться одновременно, но может и завершать ее.

Стимулирование выполняет задачу – привлечь внимание обучающихся к теме, пробудить у них любознательность, любопытство, познавательный интерес.

Нетрадиционный урок – это импровизирование учебного занятия, имеющее нетрадиционную структуру. Такой урок включает в себя приемы и методы различных форм обучения. Он основан на совместной деятельности учителя и учащихся, совместном поиске, апробировании новых форм работы, что в конечном итоге влияет на активизацию познавательной активности учащихся на уроках и повышение эффективности преподавания. Среди большого числа нетрадиционных уроков можно назвать следующие: уроки - деловые или ролевые игры, уроки – пресс-конференции, уроки-соревнования, уроки типа КВН, уроки с групповыми формами работы, уроки-игры, уроки-праздники, уроки-суды, и т.д. Это могут быть уроки с использованием компьютерных технологий и проектной методики, нестандартных форм тестирования и т.д.

Цель нетрадиционных уроков: отработка новых методов, форм, приемов и средств обучения, что ведет к реализации основного закона педагогики – закона об активности обучения. Что дает применение таких уроков в учебном и воспитательном процессе? Как показывает практика, нетрадиционные формы обучения предполагают:

- использование коллективных форм работы;
- привитие интереса к предмету;
- развитие умений и навыков самостоятельной работы;
- активизацию деятельности учащихся;
- при подготовке к уроку учащиеся сами ищут интересный материал;
- более полное осуществление практической, воспитательной, образовательной и развивающей целей обучения;
- становление новых отношений между учителем и

учениками.

Остановимся на примере Урок пресс-конференция.

Такой урок лучше проводить как заключительный по изучаемой теме. Как правило, он проводится в виде ролевой игры, так как предполагает наличие определенных ролей: это беседы членов делегаций или других групп с представителями телевидения, прессы, журналистами газет и журналов, фотокорреспондентами. Перед участниками конференции ставится речевая задача. В ходе урока студенты тренируются в монологической речи, в умении задавать проблемные вопросы дискуссионного характера, аргументировано отвечать на вопросы. Например, студенты, по теме “Political System of GB”. После закрепления и активизации в речи лексики и повторения всех типов вопросов, группа делится на группы. Одна группа является представителями политической системы, другая – представители зарубежной прессы. Все готовятся дома основательно, их ответы должны быть полными, понятными. Кроме того, готовятся карточки, на которых написаны названия газет. На уроке группы садятся напротив друг друга. Начинается пресс-конференция. Корреспондент может начать так: “I have a question to ...”, “May I ask a question to ...?”, “Will you answer my question please?” и т.д. Затем идет непосредственно вопрос, на который отвечает тот, кому он адресован. Студентам нравятся такие уроки, так как они предполагают развитие навыков самостоятельной работы, стремление к творческому поиску.

Работа над грамматикой всегда вызывает трудности. Студентам бывает иногда очень сложно понять, почему в английском языке столько времен, как они образуются, как правильно их применять. Для того, чтобы было легче понять употребление того или другого времени, можно использовать на уроках приемы моделирования, много

игровых моментов, соревнования, которые повышают познавательную активность и стимулируют студента.

Пути и способы реализации этих принципов должны быть в значимой степени творческими, нетрадиционными и в то же время эффективными.

Длительное наблюдение, изучение литературы, эксперимент, теоретические исследования позволяют определить следующие методы, без которых не может быть эффективной работы по стимулированию познавательной деятельности студентов:

- обеспечение единства образовательной, развивающей и воспитывающей задач процесса обучения;

- педагогически правильное использование принципов дидактики: научности, связи теории с практикой, активности и сознательности, индивидуального подхода, проблемности, профессиональной направленности обучения, связи учебной работы с научной, общественной деятельностью студентов;

- обеспечение эмоциональности обучения и создание благоприятной атмосферы;

- динамичность, разнообразие приемов, средств обучения (преподавания и учения), их направленность на развитие активной познавательной деятельности студентов;

- ориентирование студентов на систематическую самостоятельную работу над материалом во внеаудиторное время и правильная организация самостоятельной работы, обеспечение регулярности, повышение эффективности контроля и оценки знаний, умений и навыков (особенности текущего контроля);

- комплексное, педагогически целесообразное использование современных технических средств;

- использование системы психологических и педагогических стимуляторов активной учебной деятельности студентов.

Разработанные методы способствуют включению студентов в учебную работу, содержащую определенные элементы по развитию познавательной деятельности студентов.

### **Использованные литературы:**

1. Я.М.Колкер, Е.С.Устинова. Практическая методика обучения иностранному языку. М., «Высшая школа», 2000.
2. Н.И.Гез, М.В.Ляховицкий. Методика обучения иностранным языкам. М., «Высшая школа», 1992.
3. Н.Д.Гальскова, З.Н.Никитенко. Теория и практика обучения иностранным языкам. М., «Айрис Пресс», 2004.
4. Н.Д.Гальскова, Н.И.Гез. Теория обучения иностранным языкам. М., «Академия», 2004.
5. О.И.Барменкова. Видеозанятия в системе обучения иностранной речи. М., ИЯШ, 1993, №3.
6. Л.П.Владимирова. Интернет на уроках иностранного языка. М., ИЯШ, 2002, №3.
7. Е.С.Полат. Интернет на уроках иностранного языка. М., ИЯШ, 2001, №2.
8. Г.В. Рогова, Ф.М. Рабинович, Т.Е. Сахарова. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. М., «Просвещение», 1991.



### **ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Кем дегенде үш тіл білу – нормамыз,  
Сонда ғана жарасады формамыз.  
Бастауышта оқу қазақ тілінде –  
Шын бақытқа жетелейтін жол нағыз!

Ғалия ШӘРІПЖАНОВА,  
Алматы энергетика және  
байланыс университетінің  
аға оқытушысы, доцент,  
филология ғылымдарының кандидаты.

## ЖАҢА СӨЗДІ ЛАЗЕР

**Сабақтың мақсаты:** техникалық мамандық бойынша білім алушы – орыс тобындағы студенттерге жаңа білімді игерту мақсатымен лазер туралы түсініктерін кеңейту, оның қолданылатын орыны туралы, пайдасы және зияндылығы жөнінде қосымша мәліметтер беру; мәтінді мәнерлеп оқып, берілген сөз құрылымдары бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіндегі негізгі ойды түсінуге машықтандыру.

**Көрнекілігі:** оқу құралы, жалпы энциклопедия, түсіндірме сөздік, кестелер, кәртішкелер. **Әдісі:** информациялық-рецептивті, репродуктивті, проблемалық, эвристикалық.

**Түрі:** жаңа білімді игеру.

### Сабақты өту барысы. 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Студенттерді түгелдеу. Қазақ халқында қыз балаларға не үшін Күнсұлу, Нұрсұлу, Сәуле, Нұрсәуле, Күнсәуле деген есімдер қойылғанын, осыған байланысты «Жарық – тіршілік көзі» деген қорытындыға келу, маңыздылығына тоқталу.

### Жаңа сабақ: «Лазер».

1. Берілген сөздердің бір-бірімен байланыстылығы жөнінде не айтар едіңіздер?

Сәуле. Толқын. Лазер. Жарық. Жылу. Радиация. Энергия.

2. Өз мамандықтарыңызға байланысты лазердің қолданылуы жөнінде не айтар едіңіздер?

3. Мәтінді мәнерлеп оқып, жалпы мағынасын түсінуге тырысыңыздар. Энциклопедиядан алынған қосымша мәтін.

*Лазер – оптикалық кванттық генератор, оптикалық резонаторда орналасқан активті ортаның еріксіз жарық шығаруы немесе еріксіз шашырауы есебінен когерентті электрмагниттік толқындар өндіретін қондырғы. Лазер сөзі ағылшынша «еріксіз сәуле шығару арқылы күшейту» деген мағынаны білдіреді.*

*1960 жылы Т.Мейман (АҚШ) алғаш рубиндік лазер жасады. Лазердің жасалуы физика мен техникадағы кванттық электроника деп аталатын жаңа бағыттың дамуына себепші болды. Лазер жасалғанға дейін когерентті электрмагниттік толқындар іс жүзінде тек радиодиапазонда ғана болған еді... Лазердің әсері сыртқы электрмагниттік өрістің әсерімен фотондардың еріксіз шығарылуына негізделген.*

*Лазер техникада активті ортаның типі бойынша газ лазері, сұйық зат лазері, қатты дене лазері және шалаөткізгіш лазері болып ажыратылады. Шалаөткізгішті лазерде активті орта ретінде шалаөткізгіштер немесе олардың қорытпалары алынады.*

*Лазерлер байланыстың талшықты-оптикалық желілерінде, телебасқару жүйесінде, оптикалық электроникада, оптикалық байланыс техникасында кеңінен қолданылады. Қазақстанда лазерді медицина-биология саласында қолдануға байланысты зерттеулер 1966 жылдан жүргізіле бастады. Мұндай зерттеулер жара мен сынықты, полиартритті, пневмония, демікпелі бронхитті және тіс аурулары сияқты т.б. ауруларды газды лазердің қызыл сәулесімен емдеу тәсілдерін ендіруге негіз болды және қатты дене лазерлерін хирургиялық мақсаттарда пайдалана бастады.*



1970 жылдан бастап Қазақстанда дәнді дақылдар мен көкөністердің тұқымдарын лазер сәулесімен активациялау жұмыстары жүргізілді. Осыған сәйкес лазерге негізделген арнаулы ауылшаруашылық қондырғылары жасалды.

Қазақстан ҒА-ның Ядролық физика институтында лазерді әр түрлі материалдардың сапасын жақсартуға және атмосфераның оптикалық қасиеттерін зерттеуге, сондай-ақ металдарды кесуге, пісіруге, т.б. қолданылады.

Суды резонансты лазерлі технологиямен өңдеу нәтижесінде анаэробты бактериялар мен вирустарды жоюға, жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеуге, хлор, т.б. тотықтырушыларды қолданбай-ақ, судың тотықтану қасиетін жоғарылатуға қол жеткізді.

**4. Мәтіннен келтірілген сөз құрылымдары бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.**

Не дегеніміз не? Не қалай ажыратылады? Не неге негізделген? Не қайда қолданылады?

**5. Оқу құралындағы (А.Тілембекова, М.Төлеуп) «Лазер» мәтінін тыңдап-түсіну арқылы мазмұнын игерту.** (Мәтін 3 рет оқылады: 1 - мәнерлеп оқу; 1 - пауза кезінде түсіп қалған сөздерді жазып отыру; 3- тексеру).

**6. Оқу құралындағы анықтаманы берілген құрылым бойынша түрлендіру.**

Не дегеніміз не? Не не болып табылады? Не қалай аталады?

**7. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін құрамына қарай ажыратып, қай салада қолданылып, қандай сөздерге жататынын айтыңыздар.** (Студенттер бұл сөздердің термин екенін тапқаннан кейін терминнің ережесін, ерекшелігін және синтетикалық, аналитикалық тәсілмен жасалған түрлерін айтып түсіндіреді).

Оптиканың, микрооптиканың, кванттық механика, радиотехниканың, кванттық генератор, электромагниттік

толқындар, оптикалық мазер.

**8. Оқу құралындағы мәтіннен зат есімдерге қатысты анықтауыштарды табыңыздар және қай сөз табынан (зат есім, сын есім, есімше, сан есім) жасалғанын айтыңыздар.**

Тарау, қайтарым, нәтиже, механика, жетістік, әріп, толқын, мақсат, қабық, хирургия, сәуле.

**9. Оқу құралындағы мәтіннен етістіктерді өзіне қатысты сөздермен тіркестіріңіздер және байланысу түрін айтуға тырысыңыздар.**

Күткен еді, айтуға болады, мүмкіндік береді, атап өткеніміздей, белгілі болды, қолдау тапты, бітеді, қызып үлгеретін.

**10. Оқылған екі мәтін негізінде берілген сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңыздар.**

А) 1. Т.Мейман, рубиндік лазер. 2. Лазер, кванттық электроника. 3. Лазер, қолданылуы. 4. Дәнді дақылдар, активациялау.

Б) 1. С.И.Вавилов, қайтарым. 2. Ғылым мен техника, нәтиже. 3. Жаңа сала, физикалық құрал. 4. Мазер, бас әріп. 5. Лазер, мақсат.

**11. Оқу құралынан бірінші қатарда көрсетілген құрылымдарды тауып, екінші қатарда көрсетілген құрылымға өзгертіңіз.**

1. Қашан неге қол жетті? / Неге қашан қол жетті?

2. Не ретінде нені айтуға болады? / Нені не ретінде айтуға болады?

3. Қандай мақсатта не белгілі болды? / Не қандай мақсатта белгілі болды?

**12. Сөйлемдерді артық, қосымша мүшелерін алып, ықшамдап өзгертіңіз. Ол үшін әр сөйлемдегі негізгі ойды білдіретін сөзді табыңыздар, астын сызыңыздар. (Трансформация, транслитерация, транскрипция туралы**

түсінік бере кету).

1. Лазердің жасалуы физика мен техникадағы кванттық электроника деп аталатын жаңа бағыттың дамуына себепші болды. 2. Лазер жасалғанға дейін когерентті электрмагниттік толқындар іс жүзінде тек радиодиапазонда ғана болған еді. 3. Қазақстанда лазерді медицина-биология саласында қолдануға байланысты зерттеулер 1966 жылдан жүргізіле бастады. 4. 1970 жылдан бастап Қазақстанда дәнді дақылдар мен көкөністердің тұқымдарын лазер сәулесімен активациялау жұмыстары жүргізілді.

**13. Кесте бойынша құбылыстар мен заттардағы өзгерістер, әрекеттер, олардан келген зиян және олармен күресу жолдары туралы әңгімелеңіз.**

**1. Не**

Рентген сәулелерінің тым көп мөлшері.

**3. Зияны**

Ауру. Ісік. Қатерлі ісік.

**2. Әсер ететін жері**

Тірі ағзалардың микроскоптық жасушалары (клетка).

**4. Күресу жолдары**

Рентген сәулелерін абайлап пайдалану арқылы ісіктер мен қатерлі ісіктерді алып тастау. Бұл әдіс – радиотерапия.

(Осы үлгіде бірнеше кесте таратылады).

Қорытынды: адамның өмір тіршілігі **нормаға** негізделген.

**Жаңа сабақты бекіту:**

**14. Сендер білесіңдер ме? Не неге байланысты?**

1. Адамдардың денсаулығы – ... .

2. Жүгері, бидай дақылдарының дұрыс, уақытында пісіп, өнімді болуы – ... .

3. Адам өмірінде лазердің жиі қолданылуы – ... .

**15. «Мәтін құрастырамыз»** (Әр студент бір сөзден жазып, лазерге байланысты сөйлем, мәтін құрастырады).

## **Жаңа сабақты қорытындылау.**

Сабаққа белсенді қатысқан студенттерді мадақтау, тиісті бағаларын қою.

**Үйге тапсырма:** «Лазер» мәтінін оқу, мазмұнын білу. Лазердің қолданылуы, оның ішінде лазерлік терапия жөнінде қосымша материалдар жинау, жазу.



**Роза НЫҒМЕТОВА,**  
Астана қаласындағы  
№63 орта мектептің мұғалімі.

# **СӨЗДІКТІ БАЙЫТҚАН НАУРЫЗ**

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – Наурыз мерекесінің шығу тарихы туралы мағлұмат алу. Наурызда өткізілетін салт-дәстүрлер, ойындар, қазақтың дастарханы туралы айту; **дамытушылық** – тіл дамыту, еске сақтау, ойлау, шығармашылық қабілеттерін шыңдау; **тәрбиелік** – Қазақстан мерекелеріне, тіліне, тарихына деген сүйіспеншілікті арттыру, салт-дәстүрге, өнерге құрмет көрсету.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

## **Сабақтың жоспары:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын тексеру.
3. Оқушыларға озық тапсырма беру.
4. Жаңа сабақ.
5. Қорытынды.
6. Бағалау.
7. Үйге тапсырма.

## **Сабақтың барысы:**


1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- Отырыңдар.
- Бүгін сабақта кім кезекші?
- Сыныпта кім жоқ?
- Бүгін нешесі?
- Қазір қай ай?
- Аптаның қай күні?

## **2. Үй тапсырмасын тексеру:**

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем айлары қалай аталады?
- Көктемде неше ай бар?
- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Көктем айлары туралы кім өлеңдер біледі, кім жатқара аятады?

## **Енді мына кластерді толтырайық.**



- Осы кластер бойынша кім әңгіме құрастырады?
- Көктемгі табиғатта қандай өзгерістер болады екен?
- Көктемде қандай мерекелер бар?
- 8 наурыз, 22 наурыз.
- 12 сәуір /плакат бойынша жұмыс/.
- 1, 7 мамыр.
- Наурыз айының ең алғашқы мерекесі қалай аталады?

- Бұл күні біз кімдерге сыйлық береміз?
- Сендер кімді, қалай құттықтайсындар?
- Кім не сыйлайды?

### Құттықтау

Құрметті, сүйікті анашым! Сізді Аналар мерекесімен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ өмір, табысты еңбек тілеймін!

- Наурыздың екінші мерекесі қалай аталады?
- Наурыз мерекесі қай күні тойланады?
- **Ал, енді, балалар, мына мәліметті тыңдаңдар.**

Халықтың айтуы бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр ата аралайды екен. Қыдыр адамға дәулет, бақ қондыратын ақсақал. Осы күнге адамдар үйлерін тазалап, жаңа киім дайындайды. Наурыз – Парсы тілінен енген сөз /жаңа күн/.

Ал, 22 наурыз күні бір-бірімен адамдар кездескенде «Наурыз құтты болсын!», «Ақ мол болсын!»- деп тілек айтады. Бір-біріне өкпелі болса, кешірім сұрасады. Әр үйде дастархан жасалады, ең басты Наурыз тағамы – Наурыз көже пісіреді. Би билейді, ұлттық ойын ойналады, ән айтылады. Наурыз мерекесі көңілді өтеді. Ақсақалдар, әжелер бата береді.

Сұраққа жауап алу.

- 21 наурыз түнінде кім келеді?
- Наурыз қандай мейрам?
- Наурыз мерекесінде не болады?
- Наурыз мерекесінің ең басты тағамы қалай аталады?

### Сөздік жұмысы, жаңа сөздерді меңгеру.

*Ұлыстың ұлы күні – Всенародный великий праздник;*

*Қонақ – гость;*

*Бесбармақ – мясо по казахский;*

*Қуырдақ – обжаренное мясо;*

*Бата – благославление;*

*Қымыз – кобылье молоко;*

*Шұбат – верблюжье молоко;*

*Тамақ – пицца;*

*Құрметтеу – уважать;*

*Әзірлеу – приготовить.*

а/ сөздерді мұғалім оқиды;

ә/ оқушылар хормен қайталайды;

б/ сөздермен сөз тіркесін құрастыру;

в/ сөздермен сөйлем құрастыру;

г/ сөздерді сөздік дәптеріне жазу.

**НАУРЫЗ** /сұраққа жауап алу/.

- Наурызда дайындалатын мерекелік ас? /Наурыз көже/

- Наурызды халық қалай атаған? /Ұлыстың ұлы күні/

- Дастарханға айтылатын жақсы тілек. /бата/

- Наурызда, айттарда айтылатын әзіл өлең? /жарапазан/

- Наурыздың белгісі қандай гүл? /қызғалдақ/

- Наурыз сөзі қай тілден енген? /парсы/

- Наурыз түні әр үйге келіп бақыт, жақсылық тілеуші?

/Қыдыр/

- 1991жылы 15 наурыздағы Президенттің Жарлығымен қандай мереке тойлана бастады? /Наурыз мерекесі/

- Наурыз көжеге неше түрлі тағам салынады, оларды ата. /7 түрлі: сүт, ет, тары, бидай, құрт, күріш, май/

**Суретпен жұмыс.** «НАУРЫЗ» сөзін қатыстырып, сөйлем құрастыру.

- Наурыз күні қазақтың дастарханында болатын тағамдарды кім атайды?

- Осы тағамдар туралы кім өлеңдер біледі, кім оқып бере алады?


**Дәптермен жұмыс:** №1 тапсырма 116-бет, II деңгей.

**Баға қою. Үйге тапсырма:** диктантқа дайындық.



# ЗАТ ЕСІМНІҢ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

(Жалғасы. Басы өткен санда).



1. Әсем (кім?) жұмыс істейді.  
Жұлдыздар (нелер?) жарқырайды.
2. Ол әншіге (кімге?) жолықты.  
Біз Алматыға (қайда?) келдік.
3. Жаннаның (кімнің?) інісі мектепте оқиды.  
Күздің (ненің?) ортасы.
4. Поезд жұма күні (қашан?) келеді.  
Қыста Қарағандыда (қайда?) боламын.




5. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана (не?) қаласы.

Мен оқушымын (кіммін?)

### Жаттығулар

1. Дөңгелек кестедегі сөздерді оқыңдар, аударыңдар, көшіріп жазыңдар.



2. Төмендегі зат есімдердерді үлгі бойынша екі топқа бөліп жазыңдар.

Үлгі: Кім? халық Не? көше

*Халық, көше, адам, аудан, ескерткіш, өнім, тұрғын, азық-түлік, үй, даңғыл, қойылым.*

3. Сұрақтарға дұрыс жауап беріңдер.

**Мынау қай қала?**

• Ахмет Байтұрсынұлы

**Мынау кімнің атындағы көше?**

• Алматы

**Мына ескерткіш кімдікі?**

• Жамбыл

**Мына үй кімдікі?**

• Досым

**Мынау қай жер?**

• Қазақстан Республикасы

**Мынау қандай қаланың байлығы?**

• Қарағанды

4. Мәтіндегі зат есімдерді теріп алып, мағынасына қарай мына кесте бойынша топтап жазыңдар.

Жалпы	Жалқы	Дара	Күрделі	Деректі	Дерексіз

### **Кавказ бен Закавказьеге саяхат**

Бұл маршрут бойынша туристік пойыз Дондағы Ростов қаласынан шығып, әуелі курорт қала – Пятигорскіге тоқтайды. Сонан соң Закавказье Республикаларының астанасы – Ереван мен Тбилиси арқылы Кавказдың Қара теңіз жағалауындағы курорттары – Батуми, Сухими, Гагра және Адлер қалаларына барады.

Туристер 1-2 күн аталған қалаларды аралап, қызықты жерлерді, тарихи және архитектуралық ескерткіштерді көреді, мұражайлармен, қорықтармен, ботаникалық бақтармен танысады. Ал, *курортты* қалаларға барғанда бірер күн тынығады, суға шомылады, сапар небары 13-14 күнге есептелген.

### **Зат есім**

**1. Жанама толықтауыш қызметіндегі зат есімді табыңыз.**

А) Олар найманды шүйелемей қоймас.

Ә) Су ағуын, жел соғуын тоқтатып, даланың қайғылы мұңын талай тыңдағаны рас.

Б) Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің бастауы –

Желтоқсан оқиғасы.

В) Ол өзінің ағасына хат жазды.

Г) Ана тілі ғасырлар бойында жасала да, жасара да береді.

**2. Зат есім сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр?**

***Кітап оқыдық.***

А) бастауыш;

Ә) баяндауыш;

Б) толықтауыш;

В) пысықтауыш;

Г) анықтауыш.

**3. Пысықтауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді**

**көрсетіңіз:**

А) Тұздың емдік қасиеті бар.

Ә) Аурудан аяған күштірек.

Б) Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ.

В) Бес жүздей жұмыскер қосылды.

Г) Анам қалаға кеткен.

**4. Бастауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді**

**табыңыз:**

А) Жүзімді үзіп жейді.

Ә) Әркім өз ойын айтты.

Б) Бұл-сенің қолың.

В) Ағай жақсы кеңес берді.

Г) Мерекеге кешікпей келді.

**5. Толықтауыш қызметіндегі зат есімді көрсетіңіз:**

А) Менің бақытым алда.

Ә) Бүркіт биікте ұшады.

Б) Қыс келер ұзамай.

В) Атамекен - қасиетті ұғым.

Г) Білімді кітаптан аларсың.

**6. Ілік септік тұлғасындағы анықтауышты табыңыз:**

А) Күріш суда өседі.

Ә) Көппен көрген – ұлы той.

Б) Үйде батыр-жауға жоқ.

В) Ел іші-алтын бесік.

Г) Туған жерге туың тік.

**7. Жалқы есімі бар сөйлемді табыңыз:**

А) Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым.

Ә) Мен сені Алатаудың аясында қарсы аламын.

Б) Адам ұлы адамша өмір сүрсін.

В) Үстінде – шеті кестеленген ақ көйлек, қызыл пұліш қамзол.

Г) Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол.

**8. Анықтауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді көрсетіңіз:**

А) Күш – білімде.

Ә) Әйгерімнің білегінде күміс білезік жарқырайды.

Б) Бір досына шахмат сыйлады.

В) Аулада гүл жайқалып өсті.

Г) Терлемеген – терең білмес.

**9. Баяндауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді белгілеңіз.**

А) Ердің сыншысы – елі.

Ә) Оқуың көп, тоқуың қалай?

Б) Досымда жақсы кітап бар.

В) Бала біліммен көркем.

Г) Темірді қызғанда соқ.

**10. Тұрлаулы мүшелері зат есімнен жасалған сөйлемді табыңыз:**

А) Жүйесіз сөз иесін табар.

Ә) Ақылдының сөзі қысқа.

Б) Тіліңмен жүгірме,

Біліммен жүгір.

В) Анамның көзі – балада.

Г) Жалқау – өзіне жау.

**11. Дара зат есімді көрсетіңіз:**

А) тұрған;      В) қиял;

Ә) оқу;          Г) ата-ана.

Б) күшті;

**12. Күрделі зат есімді табыңыз:**

А) зейін;          В) самғау;

Ә) білгіш;        Г) бос.

Б) әдеп-ғұрып;

**13. Бастауыш қай сөз табынан жасалған?**

*Кішіпейілділік – кісінің көркі.*

- А) Күрделі зат есім;      Ә) Дара сын есім;  
Б) Деректі зат есім;      В) Туынды зат есім;  
Г) Жалқы есім.

**14. Берілген сөзден туынды зат есім жасайтын жұрнақты көрсетіңіз.**

*Адам.....*

- А) -дар;      В) -шылық;  
Ә) -ға;      Г) -дікі.  
Б) -ша;

**15. Жіктік жалғауы дұрыс жалғанған зат есімді табыңыз.**

- А) аспанбыз;      В) оқулықтарымыз;  
Ә) керегесіздер;      Г) тіліміз.  
Б) шәкіртпіз;

**16. Тырнақшаға алынып жазылатын зат есімді табыңыз.**

- А) Отырар;      В) Қорқыт ата;  
Ә) О.Бөкей;      Г) Абай жолы романы.  
Б) Зайсан;

**17. Жалпы есімді белгілеңіз.**

- А) «Абай жолы»;      В) «Жас Алаш»;  
Ә) Құлагер;      Г) Тау.  
Б) Балқаш;

**18. Негізгі зат есімді белгілеңіз.**

- А) күнделік;      В) қол;  
Ә) көркем;      Г) ұғу.  
Б) ұлық;

**19. Берілген сөйлемде зат есімнің рең мәнін тудырып тұрған жұрнағын табыңыз.**

*Абай өз әкесінің өзге болыссымақ атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді.*

А) Абай; В) мықты;

Ә) әкесінің; Г) өз.

Б) болыссымақ;

**20. Зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнағын табыңыз.**

А) -лық; В) -шық;

Ә) -ым; Г) -к.

Б) -ғы;

**21. Сөйлемдегі бастауыш қай сөз табынан жасалып тұр? Мен кеше күрегімді жоғалтып алдым.**

А) сын есім; В) етістік;

Ә) зат есім; Г) жіктеу есімдігі.

Б) үстеу;

**22. Жалқы есімді көрсетіңіз:**

А) сөйлем; В) ел;

Ә) тәуелсіздік; Г) көкшіл.

Б) Күн;

**23. Деректі зат есімді анықтаңыз:**

А) азап; В) тас;

Ә) шабуыл; Е) ар-ұят.

Б) дәулет;

**24. Дерексіз зат есімді белгілеңіз:**

А) алтыбақан; В) дария;

Ә) жер; Г) жусан.

Б) даңқ;

**25. Туынды зат есімді көрсетіңіз:**

А) он; В) жусан;

Ә) он бес; Г) Дария.

Б) адалдық;

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Г.К.Рысбаева. «Қазақ тілі» (грамматикалық анықтамалық).

2. Ш.К.Бектұров. Қазақ тілі.

## СӨЙЛЕУ ӘДЕПТЕРІ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға үйрету; **дамытушылық** – жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту; **тәрбиелік** – адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту; тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазылған плакаттар, тірек-сызбалар. **Әдісі:** тіл дамыту сабағы.

**Сабақтың барысы:** Ұйымдастыру кезеңі.

**Мұғалім:** - Бүгінгі сабағымыз «Сөйлеу әдептері» тақырыбында өтеді. Әдептілік – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі. Осы әдептілік ережесін сақтау керек. Бүгінгі заман адамы сегіз қырлы, бір сырлы болып өсуі керек.

«Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан» деп Абай атамыз айтқандай,

кішіге мейірімді, досына қайырымды, еңбексүйгіш, шыншыл да қамқор болсаң, өсе келе ата-анаңның, Отаныңның мақтанышы боласың.

Адам болатын бала барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез, жаман әдеттерден аулақ болуға тырысуы керек.

## 1. Бүгінгі сабақтың сөздігі:

ақырын – *осторожно*;

тістеніп – *сквозь зубы*;

сөкпей – *(здесь) не перебивая*;

биязы – *вежливо*;

сыбырласу – *шептаться*.

## 2. Мәтінмен жұмыс:

А) оқып , аудару.

**Сұрақ:** - Мәтіннің басты тақырыбы неде?

- Тіл адам баласының көңіліндегі ашу, махаббат, жұмсақтық, қаттылық, оқу, әдеп сияқты алуан түрлі құбылысты көрсетеді.

Ә) кесте сызу, мәтіннен теріп жазу, аудару.

I қатар

II қатар

№	Әдептің белгілері	Әдепсіздік белгілері
1	қысқа сөйлеу.	тым қатты, тым ақырын, тістеніп сөйлеу.
2	шындықты айту.	тіл тигізіп, сөз жүргізу.
3	біреудің сөзін бөлмеу.	білмеген нәрсені айтпау.
4	үлкендермен биязы сөйлесу.	біреуді қайталап отыру.
5	біреу сөйлегенде сөкпеу, жаймен түзету.	үш кісі отырғанда сыбырласу.
6	жауап бере алмасаң, кешірім сұра.	ашуланып сөйлеу.

## 3. Тапсырма: үш қатарға бірнеше өлеңдер таратылады.

Сабақтың тақырыбына сәйкес

оқушылар бір өлең таңдап , мәнерлеп оқып береді.

### 1-қатар:

- Ұрыншақ адам жанында –

Ұрыс пен керіс, айқай шу.

Ұстамды адам маңынан

Ұнамды қылық байқайсың.

### 2-қатар:

- Сыйлап сәлем беремін

Көршілерді көргенде.



Ізетпен бас иемін

Үйге қонақ келгенде.

### **3-қатар:**

- Артық айтып сөзімді,

Қиянатқа көнбеймін.

Қалдыратын ұятқа,

Жалған сөзге төзбеймін.

**4. Мұғалім:** - Ал, енді, балалар, кезекті мақал- мәтелдерге берейік.

Мақал-мәтелдер жинағынан тақырып бойынша мақал-мәтелдерді теріп жазу.

1. Жақсыдан – үйрен,

Жаманнан – жирен.

2. Әдепті бала – арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала.

3. Әдептілік белгісі –

Иіліп сәлем бергені.

4. Сіз деген – әдеп,

Біз деген – көмек.

5. Әдепті бала кездесе, сәлем берер бас иіп;

Әдепсіз бала жолықса, өте шығар кекиіп.

### **5. Сұрақ- жауап: «Сен – маған, мен – саған».**

- Мектептен үйге қарай жүгіріп келе жатқаныңда алдыңнан бір үлкен кісі шықты. Сен не істер едің?
- Өзіңнен үлкен кісілер әңгімелесіп отырған кезде сен не істеуің керек?
- Үлкен кісілермен қалай сөйлесу керек?
- Үйге қонақ келгенде бала не істеу керек?
- Үш адам отырғанда сыбырласуға бола ма?

**6. Грамматикалық тапсырма:** мәтіндегі сөйлемдердің түрлерін анықтау.

### **Сабақтың қорытындысы:**

**Мұғалім:** - «Әдеп» және «сөйлеу әдептері» деп қандай мінез бен іс-әрекетті айтамыз?

- Әдептілік деп үлкенді сыйлауды, достарды, айналадағы адамдарды құрметтеуді айтамыз.

- Әдепті адам басқадан сыйласым күтпей-ақ алдымен өзі басқаны құрметтеп, ардақтай білсе, көпшілікке өзінің әдептілігін көрсетеді.

- Сонымен, сөйлеу әдептері дегеніміз – әдеп, ізет, инабат, сыйласым, құрмет, қамқорлық деген сөздерді білдіреді екен.

- Бір-бірімізге кешірімді болуымыз керек, ол да – әдептілік.

**Мұғалім:** - Балалар, бүгін біз сіздермен сөйлеу әдептері жайлы білдік. Әр адам өзін кез-келген жағдайда кез келген жерде тәртіпті ұстап, әдепті де әдемі сөйлей білуі керек екен. Әдепті адам жамандықты жақсылыққа баурап, өзінің ақылдылығын таныта білуі керек.

**Баға қою.**

**Үйге тапсырма:** оқулықтың 78-бетіндегі мәтінді мазмұндау, мақал-мәтелдерді жаттау.



**Фариза МАУТАЛИЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
№130 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СӨЙЛЕМДЕ – КӨКТЕМ АЙЛАРЫ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты мен міндеттері:** оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын қалыптастыру. «Көктем» мезгіліне байланысты оқушылардың

сөйлесу дағдыларын қалыптастыру, мәнерлеп дұрыс айтуға, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге, сөздік қорын молайтуға, шығармашылық-танымдық қызметтерін арттыруға үйрету, оқушыларды ұйымшылдыққа, туған жерін, елін сүйуге, қазақ тілін үйренуге тәрбиелеу.

**Түрі:** интерактивті тақтамен жұмыс. **Әдісі:** тірек-сызба, сөзтізбек, ән айту, сөйлемдерді дұрыс құрау, шығармашылық қиял әңгіме құрастыру, ашық хат жазу.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу.

2. Кезекшімен сұхбат.

II. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

1. Көктем мезгіліне арналған ақын-жазушылардың өлеңдері.

2. «Сөзтізбекті кім дұрыс және тез шешеді?» ойыны.

3. Сергіту сәті. «Ана тілі» өлеңі оқылады.

4. Сөйлемдерді дұрыс құра.

5. Шығармашылық қиялдың ерекшеліктері (5 минут).

6. Тест.

7. Ашық хат жазу.

8. Бағалау.

9. Қорытындылау.

III. Тірек-сызба бойынша үй тапсырмасын тексеру.

IV. Тіл дамыту. Көктем айлары (оқушылардың танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту).

1) - Балалар, айтындаршы, осы мезгіл туралы қандай ақын-жазушылардың өлеңдерін білесіңдер?


«Наурыз» тобы – М.Дулатов. «Шешенің балаларын сүйюі».

«Сәуір» тобы – А.Құнанбаев. «Жазғытұрым».

«Мамыр» тобы – Т.Айбергенов. «Көктем әуендері».

2) «Сөзтізбекті кім дұрыс және тез шешеді?» ойыны.

## Көктем



### Тігінен:

1. Весна;
2. Прохладный;
3. Тепло;
4. Июнь;
5. Сейчас;

### Көлденеңінен:

6. Апрель;
7. Зонтик;
8. Солнце;
9. Май;
10. Дождь.

Сөзтізбекті интерактивті тактада көрсету.

### V. Сергіту сәті. «Ана тілі» өлеңі.

Сөйлемдерді дұрыс құра. 3 топқа үшеу (үлгісін көрсету, соңында өздерін бағалау).

I топ. 1. Келді, көктем.

2. Ауа райы, жылынды, аптада, осы.

3. Көктем, кеш, келді, биыл.

4. Болды, жақсы, ауа райы.

II топ. 1. Шығады, бәйшешек.

2. Болады, күн жылы, көктемде.

3. Жылы, құстар, келеді, ұшып, жақтан.

4. Сең, өзенде, бастады, жүре.

III топ. 1. Қар, ериді.

2. Басталады, каникул, көктемде.
3. Балалар, отырғызды, ағаш.
4. Су, шелекпен, әкелді, олар.

Шығармашылық қиялдың ерекшеліктері. 5-7 минут.

Төмендегі сөздерді қолданып, логикалық тұрғыда байланысқан әңгіме құрастыру.

I топ – «Наурыз». Егде әйел, екі бала, мектеп, дүкен, жығылып қалды, қамқоршы.

II топ – «Сәуір». Досым, жеміс-жидек, ауырып қалу, бару, сабақты түсіндіру, сүйіспеншілікпен қарау.

III топ – «Мамыр». Қала, 2 млн. тұрғын, театр, кинотеатр, институттар, мектептер, филармония, мұражайлар, көше, автобустар, трамвайлар.

**Тест** («иә», «жоқ» деген сөздермен жауап беру. Кілтің соңында беру).

1. Наурыз көжені 6 түрлі азықтан жасайды.
2. Наурыз айын адамдар көңілді қарсы алады.
3. Қыста табиғат оянады.
4. Наурызда шырша қояды.
5. Наурызда халықаралық әйелдер мерекесі бар.

## **VI. Бекіту. “Блиц-турнир” ойыны.**

1. Бір жылда неше мезгіл бар?
2. Көктем мезгілінің айларын ата.
3. Жаз мезгілінің айларын ата.
4. Күз мезгілінің айларын ата.
5. Қыс мезгілінің айларын ата.
6. Наурыз айында қандай мерекелер бар?
7. Сенің туған күнің қашан?
8. Үстеу қандай сұраққа жауап береді?
9. Үстудің неше түрі бар?
10. «Кеше» сөзі үстудің қай түріне жатады?
11. «Ауызша» сөзі үстудің қай түріне жатады?

Ашық хат жазу (22 наурыз мерекесіне арналған керекті

сөздер).

Денсаулық;

Бақыт;

Жақсылық;

Сәттілік;

Тілеймін.

## VII. Қорытындылау.

## VIII. Бата сұрау.

Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.

Ұлық кісіден бата алсаң,

Сонда олжалы жол болар.

## IX. Бірін-бірі бағалау парағы.

№	Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы	Өлең	Сөзтізбек	Сөйлемдерді дұрыс құра	Шығарма: қиялдың ерекшеліктері	Тест	Ашық хат жазу	Блиц-турнир	Баға
1										
2										
3										
4										
5										

## X. Үй тапсырмасы: өткенді қайталау.



## БАРЫС СЕПТІГІ

**Сабақтың мақсаты:** өтілген тақырыптарды тиянақтап алу, хат туралы жалпы мәлімет беру, үлгі бойынша хат жазып үйрету; **білімділік** – қарапайым және шығармашылық түрінде жазылған хат үлгілері бойынша оқушыларды достарына хат жазып үйрету. Грамматикалық тақырып бойынша сөйлемдегі сөздерді байланыстыру қызметін атқаратын септік жалғауларын дұрыс жалғауға үйрету; **тәрбиелік** – әңгіме, хат үлгілері, сөйлесу арқылы оқушылардың достық ұғымы туралы түсініктерін кеңейту, тереңдету. Достықты қадірлеуге, мемлекеттік тілде сөйлеуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамыту, дүниетанымын кеңейту, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын байыту, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** хат үлгілері, Венн диаграммасы, достық туралы нақыл сөз жазылған плакат.

**Әдістері:** сөздікпен жұмыс, сұрақ-жауап, сөйлем құрастыру, оқу, аудару, әңгімелер, ойландыру, рөлдік ойын.

**Сабақтың барысы:** жаздыру, кластер құру, Венн диаграммасын толтыру, рөлдік ойын.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу, түгелдеу.

II. а) Үй тапсырмасын тексеру.


б) Сабақтың мақсаттарымен таныстыру:

- Балалар, біз қандай модульді өтіп жатырмыз?

- V модуль. Менің достарым. (52-бет)

**№1 тапсырма.** I қатардағылар, осы V модульдің кластерін құрастырыңыздар.

**№2 тапсырма.** II қатар, «достар» сөзіне тірек-сызба құрастырады.






№3 тапсырма. Венн диаграммасын толтыру.

Достық

Жолдастық



III. Негізгі кезең. Жаңа сабақ.

1. Жаңа сабақтың мақсаттарымен таныстыру.

2. Сөздік жұмысын өткізу. 59-бет.

3. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру.

4. Мәтінмен жұмыс. 59-бет.

А) Оқу, аудару.

Ә) Белсенді етістіктерді аудару, сөйлем құрастыру.

Б) Мәтінді талдау. Хатты жазған кім? Болат деген кім?

Хат не туралы? Василий хатты қандай мақсатпен жазған?

№2 тапсырма. Диалог бойынша сөйлесуді жалғастыру.

№3 тапсырма. А) 60-беттегі ережені оқып шығу.

Ә) Мәтіннен барыс септігінде тұрған сөздерді табу.

Б) Сөйлесуден барыс септігінде тұрған сөздерді табу.

№4 тапсырма. Берілген сөздерге барыс септігінің жалғауларын жалға.

-ға; -ге; -қа; -ке; Астана Лондон Орал Елші Үй Дос достар	-а; -е; -на; -не; I II III жақ формасынан кейін жалғанады. I досым +а, елім+е II досың+а, елің+е III досы+на, елі+не
--	--

№5 тапсырма. Оқулықтағы үлгі бойынша әркім өз досына хат жазады.

А) Озат оқушы мәтінге сүйене отырып, ауызша қалай жазатынын айтып береді.

Ә) Тапсырманы дәптерге орындаңыз.

№6 тапсырма. Ал, енді тақтадағы сөздікке назар аударайық.

А) Ауызша, дауыстап оқылады.

Ә) Дәптерге жазылады.

*Еркін – свободно;*

*Сауатты – грамотный;*

*Елші – посол;*

*Қызметкер – служащий;*

*Дымқыл – влажный;*

*«Skype» бағдарламасы арқылы – по программе «Skype»*

Қиял қолданамыз.



Мәтінді аударыңыз.

*Сәлеметсің бе, қымбатты досым, Артем? Қалың қалай? Денсаулығың жақсы ма?*

*Лондонның дымқыл ауа райы жақты ма? Сені елші болды деп естідім. Құттықтаймын. Мен де мемлекет қызметкерімін. (Қазақ тілін білуге міндеттіміз) Артем, мен саған қазақша хат жазып тұрамын. Сен де жаз. «Skype» бағдарламасы арқылы видео байланысқа шық. Күтемін.*

*Жуырда Лондонға барамын. Досың – Дима.*

Сұрақ-жауап.

- Хат деген не?

- Хаттың қандай түрлерін білесіз? (қарапайым хат, электрондық пошта арқылы жіберілген хат)

- Не үйрендік?

А) Мұғалімнің қорытындылау сөзі.

Ә) Бағалау.

Б) Үйге тапсырма.



Гүлнар АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ,

И.П.Шухов атындағы

Преснов орта мектеп-гимназиясының

мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,

Жамбыл ауданы.

## САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

**Мақсаты:** оқушыларды достық, бірлікке, ынтымаққа, Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу, тіл жаттықтыру арқылы логикалық ой-өрісін дамыту, құрмалас сөйлемдерді қайталап, практикалық жолын меңгерту.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрау әдісі, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету. **Көрнекілігі:** слайдтар, мақал-мәтелдер, жаттығулар, эпиграф, көрініс. **Техникалық құралдары:** интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.**

**1. Сәлемдесу.**

## **2. Кезекшімен диалог жүргізу.**

- Бүгін кім кезекші?
- Сыныпта кім жоқ?
- Аптаның қай күні?
- Ауа райы қандай?

## **2. Үй жұмысын тексеру.**

- Балалар, үй жұмысы қандай болды?
- Тексереміз. Жаңа сөздер.

## **3. Миға шабуыл жасау.**

1. Мемлекеттік тіл қандай тіл?
2. Қазақстан қандай құрлықта орналасқан?
3. Қазақтың тұңғыш ғалымы?
4. Қазақстан – қандай мемлекет?
5. Ұлы жүздің биі кім?
6. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?
7. Сенің Атамекенің?
8. Отан неден басталады?
9. Ж.Мәлібекұлы кім?
10. Тұңғыш ғарышкер кім?

## **4. Фонетикалық шынықтыру.**

1. Ырыс алды – ынтымақ.
2. Байлық – байлық емес, бірлік – байлық.
3. Бірлік еткен озар, бірлеспеген тозар.
4. Бірлік бар жерде- тірлік бар.

## **5. Өткенді қайталау.**

- Өткен сабақта біз құрмалас сөйлемдерге тоқталдық.

Соны қазір қайталаймыз.

- Құрмалас сөйлемдер дегеніміз не?

(Ең кемі екі жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдерді құрмалас сөйлемдер деп атайды).

- Оның неше түрі бар?
- Салалас, сабақтас, аралас.
- Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

(Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысады).

- Салалас құрмалас сөйлемдердің неше түрі бар?

Мына шеңберлерді толтырамыз.

- а) Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем;
- ә) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем;
- б) Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем;
- в) Кезектес салалас құрмалас сөйлем;
- г) Талғаулы салалас құрмалас сөйлем;
- ғ) Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем.

**Интерактивті тақтада: 1-тапсырма.** Мына сөйлемдерді оқып, жалғаулықтардың қандай жалғаулық екенін айтып, орыс тіліне аударыңыздар (ауызша).

1. Ең жақсы тіл – ана тілі, сондықтан оны аса құрметтеу керек.

2. Бас болу оңай, бірақ бастау қиын.

3. Ол менен бұрын кетті, сонда да мен оны қуып жеттім.

4. Мен мектепке келе алмадым, өйткені ауырып қалдым.

5. Әкесі газет оқыды да, баласы сабақ оқыды.

6. Не Болат келсін, не өзің кел.

7. Біресе басым ауырады, біресе асқазаным ауырады.

8. Біз сыйлық сатып алған жоқпыз, өйткені ақшамыз болмады.

9. Бірлік еткен озар, бірлеспеген тозар.

**2-тапсырма.** Грамматикалық тұлғаны табыңдар (жазбаша).

1. Әкесі газет оқыды да, баласы сабақ оқыды.

2. Біресе басым ауырады, біресе асқазаным ауырады.

3. Бірлік еткен озар, бірлеспеген тозар.

- Жарайсыңдар, балалар!

«Бірлік еткен озар, бірлеспеген тозар» дейді. Мына мәтінге назар аударайық:

Біріншіден, жаңа сөздермен танысып, олармен сөз тіркестерін құрастырамыз.

*Ұлт өкілдері – представители наций;*

*Байырғы – коренной;*

*Тұлға – личность;*

*Қайырымды – благородный, доброжелательный;*

*Ынтымақты – дружный;*

*Бірлік – единство. (хормен)*

Мәтін. Бақыт – Ынтымақта (мұғалім оқиды, оқушылар оқиды).

Қазақстанның байырғы халқы – қазақ халқы. Қазақ халқының тарихы бай. Оның тарихында аса ірі тарихи тұлғалар мол.

Халық туралы білу үшін, алдымен, оның тілін, салтын, тарихын, ұлы адамдарын білу керек. Тарихи тұлғалардың өмірін, ойларын, ісін білсең – қазақ халқы туралы да білгенің.

Әл Фараби былай деген: «Адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ.»

Қазақ халқы – осындай қайырымды халық. Ол әрқашан мейірімді, қонақжай.

Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. Онда 100-ден астам ұлт өкілдері бір-біріне көмектесіп, өзара тату, ынтымақты тұрады.

Енді, осы мәтін бойынша сендерге мынандай сұрақтар беріледі:

1. Қазақстанның байырғы халқы?
2. Қазақ халқының тарихы қандай?
3. Оның тарихында не мол?
4. Халық туралы білу үшін не істеу керек?
5. Әл Фараби не деген?

6. Қазақ халқы қандай халық?

7. Қазақстан қандай мемлекет?

8. Онда қанша ұлт өкілдері тұрады?

9. Олар қалай тұрады?

- Ал, енді, балалар, мына көрініске назар аударайық.

**Немересі:** - Ата, не ойлап отырсың?

**Атасы:** - Ә, балам, атаң не ойламайды дейсің? Сенің болашағыңды ойлаймын, еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын, қуанамын!

**Немересі:** - Ата, «өткен өмір» деген не?

**Ата:** - Ә, балам, «өткен өмір» деген – сонау ата-бабаларымыздың ерте кезден бері өткен өмір жолы, тарихы.

**Немересі:** - Ол қандай болған?

**Ата:** - Ендеше, тыңда, балам, атаң бір сөйлесін. Сонау ерте кезде біздің ата-бабаларымыз 29 рудың басын қосып, Жәңгірді хан сайлапты. Сөйтіп ол өлер шағында ұрпақтарына мынадай аманат қалдырған екен. Әне, қара, балам!

(Сахна алдына Жәңгір хан шығады. Екі жағында екі нөкері болады).

**Жәңгір хан:** - Әй, балам, бері кел! Анау тұрған жебені әперші. Мә, сындыр.

(Біреуін сындырады. Екеуін береді – сындырады. Үшеуін зорға дегенде сындырады. Төртеуін сындырады. Бесеуін сындыра алмайды).

**Жәңгір хан:** - Не ұқтың, балам?

**Бала:** - Бір жебе – жалғыз, оңай сындырдым. Екеуін де сындырдым. Бесеуін сындыра алмадым.

**Жәңгір хан:** - Иә, сонымен не айтасың?

**Бала:** - Ол «бірігіп өмір сүріңдер» деген өсиетіңіз шығар.

**Жәңгір хан:** - Иә, балам, дұрыс айтасың.

Бірлік түбі – береке,

Береке түбі – мереке.

Ақ білектің күшімен,

Ақ найзаның ұшымен

Ел болуды ұстандар.

- Жақсы. Жарайсыңдар! Рахмет!

### **Сабақты қорыту.**

- Иә, шынымен де, сабақтың басында айтқандай, «Бірлік еткен озар, бірлеспеген тозар», «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық», «Бірлік бар жерде – тірлік бар», «Ырыс алды –ынтымақ» дейді ата-бабаларымыз. Осы өсиет сөздерді әрқашанда санамызда сақтауымыз керек. Сонда ғана біз бақытты халық болып саналамыз.

Енді мына суретке назар аударайық.

Тәуелсіз мемлекетімізде тұрып жатқан ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

Шынымен де, «Тілі – басқа, тілегі бір» барлық ұлт өкілдерінің тілегі, ол – Бірлік пен Ынтымақ.

Слайд (халықтардың суреті).

Ақпыз, қара, сарымыз –

Ағайынбыз бәріміз.

Ортақ болсын асқар тау,

Жеміс толы бақша-бау.

Болсын жер мен су ортақ,

Болсын бізге ну ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз –

Ағайынбыз бәріміз. (хормен)

- Балалар, қайта мәтінге ораламыз. Осы мәтін ішінен құрмалас сөйлемдерді табыңдар.

**Үй жұмысы:** мақал-мәтелдерді жаттау.

- Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Сендер бүгінгі сабақтан не алдыңдар?

- Тағы не білгілерің келеді?

- Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!



## ТЕҢГЕНІҢ ЗАТ ЕСІМДІК СЫРЛАРЫ

**Сабақтың мақсаты:** Тәуелсіздіктің белгілерінің бірі - ұлттық теңгеміз туралы мәлімет беру. Зат есім, оның түрлерін еске түсіріп, бекіту; 2) оқушылардың танымдық ой-өрістерін кеңейту, білімдерін өздері тексере отырып бекіту, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ұжымда жұмыс істей отырып, өзін-өзі көрсете білу мүмкіндігін дамыту; 3) еліміздің тәуелсіздік белгілерін құрметтеу, мақтан тұту, отансүйгіштік қасиеттерін одан әрі нық қалыптастыру.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** жұптық жұмыс, бірін-бірі тексеру, өзін-өзі тексеру, теңгелер тарихын сөйлету, топтық жұмыс, тірек-сызба құру, сұрақтар құрастыру, сұхбат құрастыру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, үлестірмелі кеспелер, тірек-сызбалар.

### **Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сабақтың мақсатын, барысын түсіндіру.

III. Үй тапсырмасын тексеру.

Қазақстан – туған өлкем. Жұптық жұмыс. Бір оқушы сөйлемді толықтырады, екінші оқушы бұрыс сөйлемді дұрыс сөйлем түрінде түзетіп, жауап үлгісі бойынша бірін-бірі тексеріп, бағалайды.

Сөйлемдерді толықтырып айтыңыз. Бірінші оқушы тапсырмасы.

1. Отан дегеніміз – ....

2. Қазақстанда тұратын адамдардың Отаны – ....

3. Қазақ елінің атамекені ..., ..... , ..... , ..... , ..... көршілес орналасқан.

4. Көлемі бес ... он екі ... пара-пар.

5. Ол жерінің үлкендігі жағынан дүние жүзінде ....алады.

6. Қазақстан жерінде Менделеевтің химиялық элементтерінің ...

2-оқушы тапсырмасы. Бұрыс сөйлемді дұрыс сөйлемге айналдырып айтыңыз.

1. Қазақстан тәуелсіздігін дүниежүзінің ондаған елі таныды.

2. Он мемлекетте Қазақстан Республикасының елшіліктері бар.

3. Қазақстан Республикасы ең беделді Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше бола алмады.

4. Дүниежүзінің он бес елімен жан-жақты қарым-қатынас жасап отыр.

5. Қазақстан экономикасы баяу дамып келеді.

6. 2011 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 15 жыл толды.

**IV. Жаңа тақырып.** Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған кездегі қадамдары.

Осы кестені дұрыс орналастырып, жауап үлгісі бойынша өздеріңізді тексеріңіздер.

Атаулы күндер	1991 жыл 1 желтоқсан	1991 жыл 16 желтоқсан	1992 жыл 4 маусым	1992 жыл 2 наурыз	1993 жыл 15 қараша	1995 жыл 30 тамыз
Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылы.	+					
Қазақстан Республикасы Президентінің сайланған жылы.		+				
Қазақстан Республикасы рәміздерінің қабылданған жылы.						+

Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданған жыл.			+			
Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына енген жылы.					+	
Қазақстан Республикасының Ұлттық теңгесінің айналымға түскен жылы.				+		

### Дұрыс жауабы

	1991 жыл 1 желтоқсан	1991 жыл 16 желтоқсан	1992 жыл 4 маусым	1992 жыл 2 наурыз	1993 жыл 15 қараша	1995 жыл 30 тамыз
Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылы.		+				
Қазақстан Республикасының Президентінің сайланған жылы.	+					
Қазақстан Республикасы рәміздерінің қабылданған жыл.			+			
Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданған жыл.						+
Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына енген жылы.				+		
Қазақстан Республикасының Ұлттық теңгесінің айналымға түскен жылы.					+	

Бүгінгі сабақта дербес мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілерінің бірі – ұлттық теңгеміз туралы мәлімет аламыз.

### V. Ақшалар тарихын сөйлетсек.....

Жалпы әлемдік аренаға «ақша» қалай келді? (Мұғалім таңдалым мәтінін оқиды).

## Ақша тарихынан

Ақша 6000 жыл бұрын өмірге келген.Көбінесе түсті металл немесе қағаздан жасалған ақша қолданған. Ақшаға ұқсас металл теңгелер ең алғаш б.э.д.7-6 ғасырларда Эгей теңізі жағалауындағы Лидия мемлекетінде кездеседі. Ақшаның бетінде ірі мемлекет қайраткерлері,атақты ақын –жазушылар, мемлекет басшылары бейнеленген.Көп елдің банкноттарында әлемге әйгілі адамдар: ағылшындардың стерлингінде Фарадей, Түркияның лирасында Мұстафа Кемал Ататүрктің суреті, ал өзіміздің алғашқы теңгемізде ұлы тұлғалар бейнелері, содан соңғы теңгелерде әлемнің «Екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл Фараби бейнеленді.

### VI. Тыңдалым мәтінін қорытындылау.

Бірінші қатар оқушылары сұхбат құрастырады.

Екінші қатар сұрақтар құрастырады.

Үшінші қатар тірек-сызба құрастырады.

- Енді, оқушылар, осындай қызықты мәліметтен соң өзіміздің теңгелеріміздің тарихына оралайық.

**VII. Теңгелер тарихы. Тұлғалар суретін сөйлетсек...** (мұғалім теңге тарихына, оның үлгілеріне, бет жағында,сыртқы жағында нелер бейнеленгені туралы толық мәлімет береді.)

- Оқушылар, өздеріңіз қалауларыңыз бойынша сандарды таңдаңыздар, сол сандардың астында ұлы тұлғалар суреті шығады, сіздер ол тұлғаның кім екенін айтқан соң,ол тұлғаның қай теңгеде бейнеленгені туралы мәлімет аласыздар.

10

20

30

40

50

60

70

- Оқушылар, ақша айналымы көптеген жаңалықтарға байланысты өзгерді, бүгінгі таңда 200,500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік ақшалар айналымда жүр.

### **VIII. Топтық жұмыс.**


**I топқа:** - Алғашқы төл теңгелеріміз туралы мәтін құрастырып, өзге топтарға мәтінді әңгімелеп беріңіздер. Мәтін ішінен бес зат есімді тауып, морфологиялық талдау жасаңыздар, сұрақтар арқылы келесі топтың түсінгенін тексеріңіздер.

**II топқа:** - Қолдарыңызға бүгінгі таңдағы айналымға түскен 5000 теңгенің көшірмесін беремін, не бейнеленгені туралы мәтін құрастырып, өзге топтарға мәтінді әңгімелеп беріңіздер. Мәтін ішінен бес зат есімді тауып, морфологиялық талдау жасаңыздар, келесі топтың түсінгенін байқау үшін сөйлемнің басын бастап беріңіздер.

**III топқа:** - Сіздердің де қолдарыңызға бүгінгі таңда айналымға түскен 2000 теңгенің көшірмесін беремін, не бейнеленгені туралы мәтін құрастырып, өзге топтарға әңгімелеп беріңіздер. Мәтін ішінен бес зат есімді тауып, морфологиялық талдау жасаңыз, келесі топтың түсінігін байқау үшін бұрыс сөйлемдер құрастырыңыз.

### **IX. Зат есім, оның түрлерін бекіту.**

Бұл тапсырма бойынша зат есімді бекітіп, келесі сабақта сын есімге көшу. Қай топ тез, қатесіз зат есім ережесін жазып шығады.



Үш топтан бір оқушыдан тақтаға шығып, берілген зат есімдерге морфологиялық талдау жасайды, қалған оқушылармен бірге тексеру жұмыстарын жүргізеді.

## **X. «Жақсы сөз – жарым ырыс».**

- Балалар, Қазақстан Республикасының 20 жылдығына орай халыққа, туған жерге тілектеріңізді тыңдағым келеді.

**XI. Бекіту:** сұрақтар арқылы бекітіледі.

**XII. Үйге тапсырма:** «Қазақстан тәуелсіздігіне – 20 жыл» тақырыбына эссе жазу.

**XIII. Бағалау.**



**Ақбота АШЕНОВА,**  
Алматы қаласындағы  
№60 гимназияның қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## **ТІЛДІ ДАМЫТАТЫН – ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – орыс тілінің әліпбиімен салыстыра отырып, қазақ әліпбиімен таныстыру, дыбыстардың жіктелуін меңгерту. Оқушыларға мемлекеттік тіл – қазақ тілін үйрету, білімдерін молайту; **дамытушылық** – өлеңдер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, сөйлеу мәдениетін, ой-өрісін, шығармашылығын дамыту. Тиянақты жауап беруді талап ету. Қазақ тілін үйренуге ынтасын арттыру, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік:** оқушыларға қазақ тілін меңгерте отырып, Отанын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. Тіл тазалығын сақтау, сөйлеу мәдениетін оқушы бойына сіңіре отырып, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру.

**Типі:** танымдық ойын-сабақ. **Түрі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** түсіндіру, жағтықтыру, ойландыру, сұрақ-жауап, ойын, сөздік, тест, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** оқулық, қима қағаздар, интербелсенді тақта, Microsoft Power Point бағдарламасында безендірілген презентация.

**Ұйымдастыру формасы:** жеке-дара, жұппен, топпен.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.**

1. Сәлемдесу.
2. ҚР-ның әнұраны.
3. Кезекшімен сұхбат, оқушылардың оқу құралдарын түгелдеу.
4. Психологиялық дайындық.
5. Оқушылардың көңілін сабаққа бейімдеу, оқушылардың қызығушылығын ояту.

- Сәлеметсіңдер ме, оқушылар?

- Қайырлы күн!

- ҚР гимнін орындайық.

- Рақмет, отырыңдар.

- Сыныпта кім кезекші? Бәрі түгел ме? Сабаққа оқу құралдарын дайындап, зейіндеріңді маған аударыңдар.

**Психологиялық ояну күйі. 5-слайд.**

Айдай арайлап,

Күндей күлімдеп,

Жұлдыздай жарқырап

Қазақ тілін бастаймыз!

Оқушыларға күн, бұлт астындағы күн, бұлттың қима суреттерін тарату.

**Мақсаты:** сабақ алдында және сабақ соңында қима суреттерді көрсету арқылы көңіл-күйлерінің қалай екенін анықтау /күн-тамаша, бұлтты күн-орташа, бұлт-нашар/.

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

- Үйге қандай тапсырма берілді?

- Тіл, рәміздер, туған жер тақырыптарына өлең шумақтарын жаттап келу.

### III. Сабақтың өзекті мәселесі.

Оқушылардың өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін тексеру, тереңдету, жаңа тақырыпты меңгеруге дайындау, сөздік қорын дамыту, жаңа инновациялық технологиямен байланыстыру. Сабақтың мақсатын түсіндіру.

### IV. Жаңа сабақ.


- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше, өйткені тілдер мерекесі және Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерейтойына байланысты «Алтын қақпа» ойыны түрінде өткелі отыр. Сабақта тіл, ой, шығармашылық қабілеттерінді дамытып, әр түрлі тапсырмаларды дұрыс орындап, өз жігерімізді көрсетіп, сабаққа белсенді қатысайық. Әр тапсырманың жауабы үшін қызыл, көк, жасыл түсті бағалау қима қағаздары беріледі. Олай болса, іске сәт дей отырып, бүгінгі сабағымыздың мақсатын хабарлауға рұқсат етіңіздер.

**Мақсаты:** тіл, Отан туралы тақпақтар арқылы патриоттық сезімдерін оятып, тілдерін дамыту. Әліпби тақырыбы бойынша білімдерін тиянақтау, ауызекі сөйлеу тілдерін топтық жұмыс арқылы қалыптастыру.

**Грамматика.** Әріптердің белгілі тәртіппен тізілген жиынтығын әліпби /алфавит/ деп атайды. Дыбысты айтуға, құлақпен естуге болады, ал әріпті көруге, жазуға болады. Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Қазақ тілінде 15 дауысты дыбыс, 25 дауыссыз дыбыс бар.

1. Сөздікпен жұмыс. 11-слайд.

Жаңа сөздерді қайталату, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату.





*Әліпби – алфавит;*

*Білім бұлағы – источник знаний;*

*Әріп – буква;*

*Дыбыс – звук;*

*Дауысты – гласный;*

*Дауыссыз – согласный;*

*Жүйе – система;*

*Қалып – форма.*

**2. Жазылым.** Күн ретін, жаңа тақырыптың атын дәптерге жазу.

2-жаттығу. Сөздерді әліпби ретімен жазу.

Аула, әліпби, бор, гүл, ғимарат, дәптер, есік, қалам, мектеп, оқулық, өшіргіш, сынып, тақта, үлгі, ілгіш. /15 сөз/.

**3. Айтылым.** 3-жаттығу. Сөйлесуді оқып, орыс тіліне аудару.


**4. Сергіту сәті.** «Алтын қақпа» ойыны.

«Темір қақпа». Адамдар суреттері. **13-слайд.**

Шарты: Суреттерді кім? не? сұрақтарына жауап беру арқылы орнына қою.

«Күміс қақпа». Қандай әріп? **15-слайд.**

Шарты: Жұмбақтарды шешу арқылы жасырылған әріптерді табу.



Кітапта бар, дәптерде жоқ,

Үйірмеде бар, сабақта жоқ. /І әрпі/

Әтеште бар, тауықта жоқ,

Әріпте бар, дыбыста жоқ. /Ә әрпі/

Үстелде бар, орындықта жоқ,  
 Үлкенде бар, кішіде жоқ. /Ү әрпі/  
 Қарындашта бар, сызғышта жоқ,  
 Оқушыда бар, мұғалімде жоқ. /Қ әрпі/  
 Өрікте бар, алмада жоқ,  
 Көшеде бар, қалада жоқ. /Ө әрпі/  
 Айдаһарда бар, жыланда жоқ,  
 Гауһарда бар, Айжанда жоқ. /Һ әрпі/

**«Алтын қақпа». Әліпбиді сөйлетемін. 17-слайд.**

Шарты: сандардың астында жасырылған әріптерді табу. Осы ойын оқушылардың жылдам ойлау қабілеттерін, тапқырлық қасиеттерін қалыптастырады.

1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31	32	33	34	35
36	37	38	39	40	41	42

**«Дұрыс па? Бұрыс па?» ойыны.**

Шарты: Сұрақ оқылады, дұрыс болса – бір рет, дұрыс емес болса – екі рет шапалақтайды.

1. Бірінші қыркүйек – Білім күні.
2. Сендер екінші сыныпта оқисыңдар ма?
3. Қазір – орыс тілі сабағы.
4. Оқу жылы жазда басталады.
5. Жазда балалар демалады.
6. Мен №60 гимназияда оқимын.
7. Кімдер? Кітаптар.
8. Моя школа /Менің мектебім.
9. Күз айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.
10. Бүгін Тіл мерекесі ме?

**V. Сабақты бекіту. Тест сұрақтарына жауап беру.**

**18-слайд.**

1. Қазақстан Республикасының Президенті.



Сабақта не білдің?  
үйрендің?  
үйренгің келеді?

Сабақ соңында қима суреттерді көтеру арқылы көңіл-күйлерінің қалай екенін анықтау.

**IX. Бағалау.** Әр түсті бағалау қима қағаздарының санына қарай бағаланады.



Орынбасар МҰСАҚЫЗЫ,  
Павлодар қаласындағы  
№9 кәсіптік лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің оқытушысы.

## СӨЗДІК ҚОРДА – ТҰҢҒЫШ ҒАЛЫМ ПРЕЗИДЕНТ

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – 1) Ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, тұңғыш президенті Қ.И.Сәтбаев туралы әңгімелеу; 2) Қаныш ағамыздың жасаған игі істерін зерттей, оның еңбектерін оқушыларға таныстыра отырып, тірек-сызбалар арқылы бағыт-бағдар беру; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық, білімділік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау, ізденімпаздық ой өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, оқытуда ақпараттық технологияны пайдалана отырып, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – Қ.Сәтбаевтың өнегелі өмірін, еңбегін үлгі ете отырып, оқушыларды туған халқы үшін аянбай еңбек етуге, мейірімділікке, ерлікке, елін сүйуге баулу, елінің адал перзенті болуға, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, пікір алмасу, жинақтау, топтастыру. **Түрі:** аралас сабақ. **Сабақ ұйымдастыру нысандары:** топтық, жеке. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, қазақ әдебиеті. **Сабақтың материалдық-техникалық жабдықталуы:** Қ.Сәтбаев суреті, үлестірме материалы, карта, сөздіктер, бейнетаспа, интерактивті тақта.

### Сабақтың барысы.

№	Кезеңдер	Оқушының іс-әрекеті	Мұғалімнің іс-әрекеті
I	<b>Ұйымдас-тыру кезеңі.</b> 1. Топты тізім бойынша түгелдеу. 2. Оқушыларды сабаққа ұйымдас-тыру.	1. Кезекші топта кім жоғын айтып береді. 2. Сабаққа белсенді қатысып отырады.	1. Топты тізім бойынша түгелдейді. 2. Оқушыларды сабаққа ұйымдас-тырады.
II	<b>Мотивациялық кезеңі.</b> 1. Үй тапсырмасын тексеру. Өткен модульдар бойынша сөзжұмбақ шешу.	Сөзжұмбақты интерактивті тақтада толтырады. 1. Киіз үйдің ағаш элементтерінің бірі. 2. Отырар қаласында туған, өзі ғалым, философты ата. 3. Шаңырақты жабатын киіздің түрі. 4. Іле өзені қандай облыста орналасқан? 5. Әнұранның музыкасын жазған композитордың аты. 6. Жұлдыздың атауы. 7. Зере Абай ақынның кімі? 8. Әл Фараби Иранның хан сарайында болып, қай қалаға жол тартты? 9. Абай Құнанбаевтың шын аты кім? 10. Ірі ғалым, саяхатшы, суретші, тарихшы, кеменгер ойшыл, от жалынды азаматтың аты? 11. «Ақымақ» әңгімесінде Сапарбайдың әкесінің аты кім? 12. «Абай жолы» романын жазған жазушының аты-жөнін ата.	1. Мұғалім өткен модуль бойынша сұрақ қояды. 2. Қорытындысын жасап, жаңа тақырыпқа шығады.

<p><b>III</b></p>	<p><b>Операциялық орындау кезеңі.</b>  1. Жаңа тақырып. «Қаныш Сәтбаев» мәтінін оқу.  2. Мәтінді аудару.  3. Сұраққа жауап беру.  4. Қағиданы табу.  5. Мақалды табу.  6. Сөз тіркесімен жұмыс.  7. Диалогпен жұмыс.</p>	<p>Ой қозғау. Сөзжұмбақта қандай азаматтың аты-жөні шықты?  <b>ҚАНЫШ СӘТБАЕВ.</b>  Қаныш Сәтбаев туралы не білесіңдер?  -----  1. Кітаптан мәтінді ашу.  а) Жаңа тақырып бойынша жаңа сөздерді сөздіктен іздеп тауып, меңгереді.  б) «Тұңғыш ғалым президент» мәтінін оқиды, аударады.  2. Мұғалім қойған сұрақтарға жауап береді.  3. Ғалым қағидасын аударады, мазмұнын ашады.  4. Мақалды аударады, тоқталады.  5. Синоним сөздермен сөз тіркесін жасайды.  6. Мәтін бойынша диалог құрады.  <b>(мұғалім таратқан парақтарға толтырады)</b></p>	<p>Кітаптың 107-б. «Тұңғыш ғалым президент» мәтіні.  1. Жаңа сөздерді тексереді. интерактивті тактамен)  2. Мәтінмен таныстырады.  3. Мәтіннен сұрақ қояды. Неге мәтін Т.Ғ.П. аталады? Ғалымның қағидасы қандай? Қандай мақал бар?  108-б. 6 тап. синоним сөзбен сөз тіркесін жаздыру. Мұғалім тақтадан сөздікті көрсетеді және тексереді.</p>
<p><b>IV</b></p>	<p><b>Рефлексия кезеңі.</b>  Қаныш Сәтбаев жөнінде сұрақтар қою.</p>	<p>Мәтін бойынша алған білімдеріне байланысты сұрақтарға жауап беріп, топтастырады және мұғалім тақтада жазып отырады.   Оқушылар экранға назар аударады.   Оқушылар өздері түскен бейнетаспаны көреді.</p>	<p>Оқушыларға сұрақтар қояды. Қайда туды? Қай жылы дүниесалды? және т.б. Қорытындысын шығарады. Үй тапсырмасын бермес бұрын мына бейнетаспаға (видео) көңіл аударады. Түсінбегенін сұрайды.</p>

V	Үй тапсырмасы.	Үй тапсырмасын жазып алады.	1. Қ. Сәтбаев туралы әңгімелеу. 2. Қ. Сәтбаевқа осы еңбегі үшін қандай награда берілді? 3. Жезді поселкесі туралы мағлұмат жинау.
VI	Қорытындылау. - Бүгінгі сабақта не ұнады? - Қандай жаңа ақпарат алдыңдар?	Оқушылардың қорытынды жауаптары.	Оқытушының қорытынды сұрақтары.
VII	Бағалау.		Оқушыларға бағалау кестесін көрсетіп, бағасын хабарлайды.



Әсемгүл ТОҚТАМЫСҚЫЗЫ,  
№7 Павлодар кәсіптік лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің оқытушысы.

## ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

**Сабақтың мақсаттары:** білімділік – ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыру, оқушылардың өткен тақырыптар бойынша білімін жинақтап, қорыту; **дамытушылық** – салыстыра білу, қорытындылау, талдау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту, ойлау шеберлігін дамыту; **тәрбиелік** – өз туған жеріне деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін тәрбиелеу, өз ойларын, өз пікірлерін дәлелдей білуге үйрету.

**Міндеті:** ауыл және қала тақырыбына байланысты сөйлем құрау, әңгімелеу, салыстыру арқылы тақырыпты меңгерту.

1. Репетитивті дағдыларды қалыптастыратын тапсырмаларды орындайды.

2. Когнитивті дағдыларды қалыптастыратын тапсырмаларды орындайды.

3. Құлықтық, эвристикалық дағдыларды қалыптастыратын тапсырмаларды орындайды.

**Маңызы:** тақырып арқылы оқушының ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

**Өзектілігі:** қазақ тілінде өз ойын, өз пікірін айта білу, пікір таластыра білу мәселесі.

**Жобаның болжамы:** экспресс – дебат технологиясы арқылы ауызекі сөйлеу тілі қалыптасады, оқушы өз ойын, өз пікірін айта білуге дағдыланады.

**Типі:** білімі мен әрекет тәсілдерін тексеру, бағалау, түзету сабағы. **Түрі:** дебат сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, іздендіру, бекіту, дебат. **Көрнекілігі:** көрнекіліктер, ақпараттық мәтіндер.

### **I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Топты тізім бойынша тексеру.

2. Оқу жұмысын ұйымдастыру.

3. Сабақтың мақсаты мен міндетін хабарлау.

### **II. Проблемалық ой қозғау:**

1. Ауыл мен қала өмірінің айырмашылықтарын атаңдар?

2. Урбанизация деген сөзді қалай түсінесіңдер?

3. Қазіргі кезде ауыл қалай дамуда?

4. Мемлекет тарапынан ауылдарды дамытуға арналған қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

5. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы туралы не айта аласыңдар?

### **III. Мәтінмен жұмыс:**



А) Мәтінді түсініп оқиды. Сұрақтарға жауап береді.

Ә) Мәтіннен таныс емес сөздерді теріп жазып, сөздікпен жұмыс жасайды.

### Ауыл мен қала

Қалада да, ауылда да тіршілік қайнап жатыр. Қалалық мекендерде мыңдаған, миллиондаған адам тұрады, теміржолдар мен магистральдар тоғысқан. Қала әуежайларынан республика бойынша да, сондай-ақ басқа алыс-жақын шетелдерге де үздіксіз әуе рейстері ұшып тұрады. Қалалық жерлерде көптеген кәсіпорындар, зауыттар, өндірістік орындар орналасқан. Қалада мәдениет орындары мен өнер орталықтары, жоғары білім орындары, орта арнаулы, техникалық білім беретін оқу орындары өте көп. Осыған байланысты қалалық жерде жастар да көп болады.

«Ауылым – алтын бесігім» деген мақал тегін айтылмаса керек. Шындығында, ауыл – қазақ рухының, дәстүрлі шаруашылығының алтын бесігі. Қазақстан – ауыл шаруашылығы дамыған мемлекет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қуатты саясатының арқасында ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқынды дамуы қамтамасыз етіліп, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізу мүмкін болды.

### VI. Грамматикалық жұмыс:

А) Репетитивті дағдыларды қалыптастыратын тапсырмалар.

#### 1. Дұрыс жауабын көрсетіңіз.

Р/н	Мысалдар	Жіктік жалғау	Көптік жалғау	Септік жалғау	Тәуелдік жалғау	Жұрнақ
		А	Ә	Б	В	
1	Қазақстанның			+		
2	Отаным					
3	ауылдық					
4	қалалар					
5	еліміз					

6	шаруашылығында					
7	халқыма					
8	адамсың					
9	тәлімгер					
10	ақылмен					
11	оқуымыз					

2. Мақал-мәтелдердің аудармасын тауып, мазмұнын түсіндіріңдер.

1. Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы. 2. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас. 5. Ел іші – алтын бесік. 9. Әркімнің өз жері – жұмақ. 19. Туған жердің қадірін Шетте жүрсең білерсің.	1. Родная земля – золотая колыбель. 2. Каждому родная земля – рай. 3. На чужбину попав, поймешь, как дорога Родина. 4. Родина – мать народу, народ – мать джигиту. 5. Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине.
--	--

Ә) Когнитивті дағдыларды дамытатын тапсырмалар.

Етістіктің шақтарының жұрнақтарын еске түсіру.

3. Мәтіннен 5 етістікті тауып, сол етістіктерді кестеге жазады. Етістіктер үш шақта болуы тиіс.

Осы шақ		Келер шақ			Өткен шақ		
нақ	ауыс-палы	бол-жалды	мақ-сатты	ауыс-палы	жедел	бұрынғы	ауыс-палы

4. Өткен шақта тұрған етістіктерді келер шаққа айналдыр. Дамыды, өсті, қалыптасты, өндірді, салынды, жасалды.

5. Сөйлемдерді толықтыр.

А) Қазақстанда ауыл шаруашылығы .....

Ә) Қалаларда әр түрлі мәдени орындар, мұражайлар .....

Б) Ауылда жеке кәсіпкерлікпен .....

В) Ауылдың табиғаты ....., экологиясы .....

VII. Құлықтық дағдыны қалыптастыратын тапсырма.

«Қала өмірі» тақырыбына дебат.

Топ 2 шағын топқа бөлінеді. Өз араларынан бір спикер сайлайды. Дайындыққа 15 минут уақыт беріледі. 1-топ қала өмірінің артықшылықтарын дәлелдейді. 2-топ соған байланысты қарсы пікір айтады. Қорытындысын оқытушы шығарады.

### **1-топтың дәлелі: Қала экологиясы**

- Қалада экологияға өте үлкен мән береді. Экология мәселесімен айналысатын, оны зерттейтін бірнеше ұйымдар болады. Мысалы, кез келген өндіріс салу үшін экологиялық ұйымнан рұқсат алу керек. Ол үшін қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Онда қаланың кез келген тұрғыны өз пікірін айтып қарсылығын білдіре алады. Расында да, қалалық жерде көптеген өндірістік орындар жұмыс істейді. Алайда, осы зауыттардың экологиялық жағдайын тексеретін орындар болады және зауыттарда экологияны ластанудан сақтау мақсатында экологияға тасталатын зиянды заттардан тазартатын құрылғылар орнатылған. Қалада ауыз су мәселесі жақсы жолға қойылған. Ал, ауылдың экологиясына келсек, ауылда ауыз су жағдайы төмен. Ал, керісінше, орталықтандырылған су құбырлар жүйесінің болуына байланысты қалаларда ауыз судың сапасы жақсы.

**2-топтың қарсы дәлелі:** - Қазіргі таңда онкологиялық аурулар бойынша республикада бірінші орында тұрмыз. Бұл неге байланысты? Экологияның ластануына байланысты. Адам және табиғат бір-бірінен ажырамас ұғымдар болып табылады. Экологияның адамның денсаулығына әсері мол. Экологияның ластануы адамның денсаулығына зиян келтіреді. Таза ауа адамның денсаулығына оң әсер етеді, оның ұзақ өмір сүруіне ықпалы зор. Әдемі табиғат адамның күш-қуатының қалпына келіп, тынығуына жәрдемдеседі.

Өнеркәсіпті қалаларда және оған көршілес орналасқан елді мекендерде ауаның әр түрлі газдармен ластануы нәтижесінде халық арасында тыныс жолдары ауруларының

саны артуда. Мысалы, көптеген ірі қалаларда автокөліктерден шыққан улы газдың молаюы байқалады.

Дегенмен, табиғат жағдайларынан басқа адам әрекетінен болған табиғи органның өзгерістері де адам тіршілігіне әсер етеді. Бұл соңғы экологиялық жағдайларға байланысты. Мысалы, өнеркәсіпті қалаларға қарағанда шеткі ауылдарда ауа аз ластанған.

**1-топтың дәлелі:** - Қалада салт-дәстүр, әдет-ғұрып барынша сақталған. Мысалы, айт күндері барлық адамдар айттық шалып, өз үйлерінде дастархан жаяды, келген қонақты құшақ жая қарсы алады. Қалада кез келген қазақ отбасында бала тәрбиесіне байланысты тұсаукесер, тілашар тойы сияқты т.б. салттар өткізіледі. Сонымен қатар, наурыз мейрамы да кең аталып өтіледі. Наурыз мейрамына тек қана қазақтар ғана емес, барлық ұлт өкілдері қатысып, қазақтың ұлттық киімдерін киіп, киіз үй тігіп, қазақтың ұлттық тағамдарымен келген қонақтарды күтеді. Бұл мейрамға басқа ұлттық диаспоралар да өз үлестерін қосады. Осының бәрі жастар тәрбиесіне үлкен үлесін қосады.

**2-топтың қарсы дәлелі:** - Ауылға қарағанда салт-дәстүрлер қалада барынша сақталған деген пікірмен келіспейміз. Ата-бабамыздан мирас болып келген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қазақи тұрмысымызға етене жақын құнды дүниелерді жоғалтпай әрі шашау шығармай келе жатқанымыз ауылға байланысты деп ойлаймыз. Әжелеріміз киіз басу, сырмақ, тұскиіз, бөстек, ұлттық киім үлгілерін тігу өнерін сақтаған. Күбі пісу, құрт жаю, көмбеге нан жабу, бауырсақ пісіру, қымыз бен шұбат дайындау да – ауылдықтардың үлесінде. Ал, қалада, көбінесе, жастар осының бәрін көрмей, білмей өседі.

**1-топтың дәлелі:** - Қала өркендеуіне, гүлденуіне, жеке кәсіпкерліктің дамуына мемлекет тарапынан үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Қалада өте көп ғимараттар, жаңа

тұрғын үйлер, әр түрлі мектеп, балабақша сияқты әлеуметтік мәні зор құрылыстар өте көп салынуда. Сонымен қатар қала көшелерінің, жолдардың сапасы жақсы. Кез келген тұрғын үйдің ауласында балалар алаңы жасалған. Әр отбасы демалыс күндері саябаққа, мәдени орындарға, мұражай, театрларға барып демала алады.

**2-жақтың қарсы пікірі:** - Қаланың гүлденуі, өркендеуі өте жақсы. Бірақ қазіргі кезде дағдарысқа байланысты көп құрылыстар тоқтап қалғаны бәрімізге белгілі. Жолдардың жөнделуіне келсек, жыл сайын бюджеттен қаншама қаражат бөлінсе де жөндеу жұмыстарының сапасы нашар. Кез келген тұрғын үйдің ауласында балалар алаңы жасалмаған. Көбінесе, аулада автотұрақтар жұмыс істейді. Бұл жағдаймен тұрғындар бұрыннан күресіп келеді. Бірақ, билік тарапынан көмек болмаса, бұл шешілмейтін мәселе болып табылады.

### **Сабақты қорытындылау.**

1. Сендер ауылда тұрғыларың келе ме әлде қалада тұрғыларың келе ме?
  2. Неліктен ауылда тұрғыларың келеді?
  3. Неліктен қалада тұрғыларың келеді?
  4. Қалалық жерде жастар бос уақытын қалай өткізеді?
- 6. Үй тапсырмасы. Кестені толтыру.**

<b>Ауыл өмірінің артықшылықтары</b>	<b>Ауыл өмірінің кемшіліктері</b>

### **7. Бағалау.**

Салтанат КӘРІМОВА,  
Семей қаласындағы  
№3 жалпы орта білім  
беретін мектеп-кешенінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «МАНАС ЖЫРЫНАН» ҮЗІНДІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** бала Манастың басынан кешкен ерлік істері жайлы жырды көркем оқыта отырып мазмұндату арқылы тақырыпты меңгерту (сабақ мақсаты слайд түрінде интерактивті тақтада беріліп тұрады). **Міндеттері:** **білімділік** – Манастың батырлығы, батыл әрекеттері және бастан кешкен ерлік істері жайлы жырды оқыту арқылы мазмұндату; мазмұндата отырып талдату; талдата отырып тақырыпты меңгерту; **дамытушылық:** ой-өрістерін, танымдық көзқарастарын дамыту; **тәрбиелік** –батыл, патриот, қайсар, адал болуға тәрбиелеу.

**Түрі:** бекіту сабағы. **Тегі:** семинар сабақ, іздендіру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап. Көркем оқыту. **Тәсілі:** СТО. **Көрнекіліктер:** оқулық, тест, интерактивті тақта, слайд.

**Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі:** оқушыларды түгелдеу, сабаққа баулу.

### II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. «Манас жыры» туралы сұрау.
2. Манастың балалық шағы туралы сұрау.
3. Сөзжұмбақ шештіру (слайд түрінде беріледі).

Сөзжұмбақ тапсырмалары – тігінен:

1. Кемсіту сөзі.
2. Жырдағы тау атауы.
3. Қаңқай қай мемлекеттің жері?
4. Хан есімі.
5. Жыр қай халыққа тиесілі?
6. Манастың әкесі кім?
7. Манастың анасы кім?
8. Ең алғаш «Манас жырын» жарыққа шығарушы ғалым.

### **Сөзжұмбақ жауаптары:**

1. Бұрт.
2. Алтай.
3. Монғолия.
4. Есен.
5. Қырғыз.
6. Жақып.
7. Шиырлы.
8. Уәлиханов.

Торшада «Баянғали» деген есім пайда болады. Слайд. «Баянғали Әлімжанов – қазіргі таңда тұңғыш қазақтан шыққан «Манас» жырын айтушы жырау жазушы» (Фото суреті беріледі). 4. «Манас» жырынан үзінділер айтқызыдырту. (6 оқушы манасшылар мақамымен жырдан үзіндіні жатқайтады. Оқушылардың қолдарына қамшы ұстатып қоюға болады).

### **III. Жаңа сабақ.**

Жас Манастың Дәу Дүрді, Дәу Жолайды, Қабан алыпты жеңгені.

#### **Слайд I. Жоспар жазғызу.**

- Ашулы Есен хан.
- Батырлар легі. Дүр батыр.
- Жолаймен жекпе-жек.
- Қабан алыпты жеңуі.
- Жеңіске жеткізер ер Манас.

**2. Жоспар бойынша көркем оқыта отырып, мазмұндату және талдату.**

Жырды көркем оқыта отырып мазмұндату кезінде мұғалім көмегі арқылы жоспар бойынша талдау жұмысы жүреді. Оқушыларға бекіту сұрақтарын қою арқылы тақырыпты меңгертуге болады.

#### **IV. Сынып жұмысы.**

1. Тест жұмысы жаңа тақырыпты бекіту мақсатында беріледі.

#### **I нұсқа.**

**1. «Манас жырын» алғаш зерттеуші кім?**

А) С.Мұқанов; Ә) Ш.Уәлиханов; Б) Т.Айбергенов.

**2. Манастың анасының есімі кім?**

А) Шиырлы; Ә) Шәрбану; Б) Аймангүл.

**3. Манастың жанындағы балалардың саны қанша?**

А) 90; Ә) 70; Б) 40.

**4. Ақбалта кім?**

А) батыр, мерген; Ә) ел билеуші; Б) көреген, дана адам.

**5. Есен деген кім?**

А) батыр; Ә) хан; Б) жаушы;

**6. Дәу Дүр Манасқа немен жүгіреді?**

А) найзамен; Ә) қылышпен; Б) балтамен.

**7. Қырғыздарды кемсіту сөзі.**

А) бұрт; Ә) бырт; Б) бытыр.

**8. Манастан кезек сұраған батыр кім?**

А) Жолай; Ә) Қабан; Б) Дәу Дүр.

**9. Жалғыз көздер елін жеңген батыр.**

А) Жолай; Ә) Қабан; Б) Дәу Дүр.

**10. Манас мінген тұлпар.**

А) Керікті; Ә) Айманбозы; Б) Ордалы.

#### **II нұсқа.**

**1. «Манас жыры» неге жатады?**

А) эпосқа; Ә) ертегіге; Б) әңгімеге.



**2. Манастың әкесінің есімі кім?**

А) Қоңтажы;      Ә) Жақып;      Б) Есен.

**3. Қанжарқол кім?**

А) қойшы;      Ә) алып;      Б) жылқышы.

**4. Дәу Дүр неше жерден жараланды?**

А) 40;      Ә) 80;      Б) 70.

**5. Дөңке батырды Манас қайтеді?**

А) басын кеседі;      Ә) найзалайды;      Б) атпен сүйрейді.

**6. Жолай батыр қайда қашып кетеді?**

А) тауға;      Ә) артқа;      Б) тоғайға.

**7. Қабан батыр қай елден шыққан?**

А) Сібе;      Ә) Сібі;      Б) Бежін.

**8. Жырдағы қала атауы.**

А) Чоң;      Ә) Кері;      Б) Бежін.

**9. Қалмақ батырлары қандай жануарға мінеді?**

А) пілге;      Ә) мүйізтұмсыққа;      Б) бөкенге.

**10. Қырғыздардың ұлттық бас киімі.**

А) тымақ;      Ә) тақия;      Б) ақ қалпақ.

**2. Мақал-мәтелдер айтқызу** (Отан, батырлық, туған ел жайлы мақал-мәтелдерді оқушылар айтып шығады).

**3. Тірек-сызба.** Манасқа, Дәу Дүрге, Дәу Жолайға және Қабан алыпқа тірек-сызбаны оқушылар интерактивті тақтаға жазады.

**4. Мінездеме.** Тірек-сызба негізінде және алда айтылған мақал-мәтелдерді де негізге ала отырып, оқушылар мінездеме жасайды.

**V. Үйге тапсырма:** мазмұндау. Ойтолғау. Үзінді жаттау. Ребус.

**VI. Оқушыларды бағалау.**



## БІРЖАН САЛ ҚОЖАҒҰЛҰЛЫ

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларға халық әншісі, ақын Біржан сал өмірінен мәлімет бере отырып, өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін арттыру, шығармашылықпен ізденуге, өтіліп жатқан тақырыптың ішіндегі ең негізгісіне, маңызды мәселелерге көңіл бөлу; **тәрбиелік** – оқушыларды ізденімпаздыққа, ұйымшылдыққа, өзін-өзі басқаруға, бағалай білуге, бір-бірінің пікірін тыңдауға, өнер адамдарын құрметтеуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ой қабілетін шыңдау, өзіндік ойлау, әдеби талдау, шешен де ғылыми тілде сөйлей білуге баулу, өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты оқушы даярлау, жеке тұлға қалыптастыру.

**Міндеті:** Біржан туралы деректерді көбірек іздеу, зерттеу, түсіну, ұғыну. **Түрі:** жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** ақынның портреті, шығармалары, ақын туралы естелік сөздер. **Әдісі:** сұрақ-жауап, аударма, сыни тұрғыдан ойлау мен жазу, ой-қозғау. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, музыка.

### **Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1) Сәлемдесу, сыныпты түгелдеу, санитарлық-гигиеналық тазалықты тексеру, оқушыларды сабаққа даярлау.

2) «Әдебиет – тек асыл мұратпен, таза ар-намыспен кіруге болатын зәулім сарай» деген екен. Рухани асқарға жетелейтін қасиетті **қазақ әдебиеті** сабағын бастаймыз.

II) **Үй тапсырмасын тексеру.** Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі мен шығармашылығы.

1) Өткен сөздерді жатқа сұрау:

*Тәтті ұйқы* – сладкий сон;

*Қынжылу* – огорчатся;

*Мылқау* – немой;


*Ғибратнама* – назидание, наставление, поучение;

*Пұл* – деньги, рубль;

*Дәм тату* – попробовать еду;

*Жирендіру* – вызвать отвращение.

2. Тірек-сызба және тактадағы сурет бойынша М.Ж.Көпеевтің өмірбаянына тоқталу.



3. М.Ж.Көпеевтің білімге, өнерге шақырған қандай өлеңдері бар?

1. «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз».

2. «Хал-ахуал».

3. «Сарыарқаның кімдікі екендігі».

4. «Жаман пейіл».

5. «Аңқау адам туралы».

6. «Бес қымбат».

7. “Қажылық иман шарттары”.

8. “Ғибратнама”.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев үш кітап жазып шығарды: «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі».

### III. Үй тапсырмасын қорыту.

1. «Ғибратнама» өлеңінде адамның қандай қасиеттері суреттеледі?

**Жауабы:** «Ғибратнама» өлеңінде жақсылық пен тазалықты, адалдық пен адамдықты, сұлулық пен әдемілікті суреттейді.

2. «Халықтың маржан тілін қадірлеген», «Хал-ахуал» өлеңдері неге шақырады?

**Жауабы:** Бұл өлеңдері өнерге, білімге шақырады.

3. Осы өлеңдердің негізінде қандай кітаптар жазған?

**Жауабы:**

1. “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз”;

2. “Хал-ахуал”;

3. “Сарыарқаның кімдікі екендігі”.


Адамның бойындағы ең жағымсыз қасиеттерді қай өлеңінде жырлайды, ол қандай қасиеттер?

**Жауабы:** Олар: өтірікші, саудагер, айлакер әйел, күншіл молда, зорлықшыл адамдар.

### IV. Жаңа сабақ. Біржан сал Қожағұлұлы.

#### 1. Өмірбаян.

- Қазақ даласын әнмен тербеген, рухы асқақ, артына өлмес мұра қалдырған ХІХ ғасыр жұлдыздарының бірі — Біржан сал Қожағұлұлымен танысамыз.



Үлкен әкесі Қожағұл да, өз әкесі Тұрлыбай да орташа дәулетті, шаруа адамдары болған. Бозбала кезінен ел арасында әншілігімен көзге түсіп, жасы жиырмаға толған кезде ән шығара бастайды. Әнші ақындардың қасына еріп, той-думанның сәніне айналады, өз атына «сал» атауы қосарланып айтылады. Шөже, Салғара, Сегіз сері тәрізді өнер иелері – Біржан салдың ұстаздары. 1865 жылы Біржан сал Абай Құнанбайұлымен кездеседі. Бұл кездесу ақынның композиторлық, әншілік, ақындық өнерінің дами түсуіне үлкен әсер етеді. Біржан сал да кейін өзінің қасына небір дүлдүл өнерпаздарды топтастырған. Олар: Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Ақан сері, Үкілі Ыбырай. Арқаның атақты әншілері Біржан сал Қожағұлұлының өнер мектебінен өнеге алып, өріс жайған. Осындай өнер майталмандары мен ел арасындағы әуесқой әншілер арқылы біздің заманымызға 60-қа жуық әндері жеткен. Оның әндері нәзік сезімді, сұлулықты жырлаған, сыршылдығымен құнды.

Біржан сал Қожағұлұлының өлеңдері: «Ғашығым», «Қаламқас», «Ләйлім шырақ», «Жанбота», «Көкек», «Айтбай».

Біржанның тек әнші емес, ақын екені мәлім. Ол талай ақындармен айтысқан. Соның ішінде Жетісудың ақын қызы

– Сарамен айтысы – қазақ поэзиясының асыл қазыналарының бірі саналады.

## 2. Сөздік жұмысы:

*Жақпау – не угодить;*

*Көкек – кукушка;*

*Бейкүнә тіршілік иесі – невинное существо;*

*Әншінің сиқырлы үні – завораживающий, чарующий  
голос певца;*

*Есер – самодур;*

*Желкелеу – бить по затылку;*

Осы сөздерді сөздік дәптерге жазу.

3. «**Айтыс**» – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бір түрі.

Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, шаруашылық тұрмысы да, әдет-ғұрпы да, адамдардың қарым-қатынасы да көрінеді.

Біржанның Сарамен айтысы – көркемдік деңгейі жоғары, мазмұны бай, қазақ қыздарының теңсіздігін жырлаған әдеби жанрдың бір түрі. Біржанның ақындығы Сарамен айтыс үстінде жарқырай танылады.

1. Біржанның сал атану себебі не?

**Жауабы:** Табиғи талант иесі – Біржан ел аралап, ән салып, айтысқа түсіп, жиын-тойдың көркі атанып, әнші, ақын, сал Біржан деген атқа ие болады.

2. Поэзия алыбы Абай Біржанмен кездесіп, оған нені түсіндіреді?

Біржанның шығармашылық өміріндегі үлкен бір оқиға – оның Абай ауылында болуы. Поэзия алыбы Абайдың әсері Біржанға ерекше болды. Біржанның үлкен талант иесі екенін танып, өнердің шын бағалаушысы – Абай сын-ескертпелерін айтып, әсіресе, асқан орындаушылық, сазгерлік және ақындықты қатар ұстап, меңгеруде үлкен еңбек керектігін түсіндіреді.

**V. Жаңа сабақты қорыту.** Тест жұмысы арқылы жаңа

материалды қаншалықты меңгергенін тексеру.

**1. Біржан сал қай облыста туған?**

- А) Қарағанды облысы; Ә) Қостанай облысы;  
Б) Көкшетау облысы.

**2. Біржан салдың туған жерін қалай атаған?**

- А) Біржан ауылы; Ә) Қожағұл ауылы; Б) Абай ауылы.

**3. Біржан әншілік мектебінен шыққан әншілерді ата.**

- А) Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ;

Ә) Мұхит, Әсет, Әди;

- Б) Мәшһүр Жүсіп, Бұқар жырау, Жанак ақын.

**4. Біржан сал Қожағұлұлы нешінші ғасырда өмір сүрген?**

- А) XVIII ғасыр; Ә) XIX ғасыр; Б) XX ғасыр.

**VI. Үйге тапсырма:** Біржан салдың өмірбаяны, шығармаларынан үзінді жаттау, мәліметтер жинақтау.

**VII. Бағалау.** Жаңа сабақты өткен материалдармен байланыстыра отырып, оқушының сабаққа деген белсенділігін бағалау.



Ботагөз МОЛДАХАНОВА,  
Шымкент қаласындағы  
№ 29 Әлия Молағұлова атындағы  
жалпы орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ» МОДУЛІ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Қазақстан тарихындағы қазақ хандығы кезеңіндегі тарихи қайраткерлер туралы алған білімдерін бекітіп, қосымша мәліметтермен толықты-

ру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, өз бетінше қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілдерін жетілдіру; **тәрбиелік** – туған жерінің тарихын кеңінен білуге, ұлы тұлғаларды бағалап, мақтан етуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, А4 форматты қағаздар, маркер, кеспе қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет. **Әдіс-тәсілдері:** саяхат, сұрақ-жауап, ойландыру, іздендіру, интербелсенді оқыту әдістері.

### **Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Сұрақ-жауап.

### **Интерактивті тақтада 1-ші слайд: Қазақ хандығы.**

**Мұғалім:** -Қазақ хандығы қай ғасырларды қамтиды? Осы тарихи кезеңнің билеушілері кімдер?

**Тақтада 2-слайд: Қазақ хандығы (XV-XVIII ғ.ғ.) Хан-сұлтан-би-батыр.**

### **3. Топқа бөліну және ойсергек.**

Оқушылар алдындағы кеспе қағаздарға өз аты-жөндерін жазып, Х, А, Н әріптері шыққан оқушылар бір топ, Б, И әріптері шыққан оқушылар 2-ші топ, «Сұлтан», «Батыр» деген сөздерден 3-4 әрпі шыққан оқушылар 3, 4-топтарды құрайды.

### **4. Қазақ хандығына саяхат.**

**Мұғалім:** - Міне, Қазақ хандығы құрылды. Енді, біз осы кезеңге саяхат жасап, сол кезеңде есімдері тарихта қалған билеушілермен жақын танысып, зерттеу жұмыстарын жүргіземіз.

**А-тапсырма.** А4 форматты қағазға әр топ кластер құрастырады: хан мен сұлтан өздерінің өкілеттігін, билер мен батырлар өздеріне тән қасиеттерін анықтайды.

Әр топтан бір оқушы өз «атағын» қорғайды. Мысалы, «Хандар» тобының кластері:





### Батырлар тобының кластері:



### Б-тапсырма.

**Мұғалім:** - Билеушілердің есімдері қалай, не үшін тарихта сақталғаны туралы зерттеулер жүргізейік. Ол үшін әр билеуші өзі туралы айтпай, басқа бір билеуші туралы білімін ортаға салады. Кемшіліктері болса, басқа топтар қателерін түзеп, толықтырып отырады.

### Тақтада 3-слайд:

Батыр – Хан  
 Хан – Сұлтан  
 Сұлтан – Би  
 Би – Батыр

Осы тірек-сызба бойынша әр топ мәліметтер дайындайды.

### Тақтада 4-слайд: Хандар.

«Батырлар» тобының хандар туралы жауабы.

Тарихта есімі қалған хандар – Жәңгір, Тәуке, Қасым, Есім, Әбілқайыр, Абылай хан. Тәуке хан – Жәңгір ханның баласы. Ол Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен бірігіп «Жеті жарғы» заң жинағын құрастырған.

Қасым хан әскерді күшейтіп, жер көлемін кеңейтіп, қазақ хандығын күшті мемлекетке айналдырған.

Есім хан қазақ-қырғыз ынтымағын орнатуға күш салған.

Абылай ханның шын аты – Әбілмансұр. Ол қазақтың

Үш жүзінің басын құрап, ел бірлігін нығайтуда елеулі еңбек сіңірді.

**Тақтада 5-слайд: Хандар туралы жаңа мәлімет.**

**Ұлттық теңге тарихынан.**

Қазақстан Республикасында 1993 жылы 15 қарашада айналымға енген тұңғыш ұлттық валютаның 50 теңгесінде Әбілқайыр хан, ал 100 теңгеде Абылай хан бейнеленген еді.

«Билер» тобының сұлтандар туралы жауабы.

Сұлтан атағын Шыңғыс ханнан тараған ер адамдар алатын. Сұлтандар ханмен бірлесе отырып, хандықты басқарған. Қазақ хандығы кезінде ұлыстарды басқарған сұлтандардың саны 18-24-ке дейін жеткен. Тарихта есімі сақталған сұлтандардың көбі хан тағына сайланған. Дәстүр бойынша ақ киізге орап хан көтерген қазақтың соңғы ханы – Кенесары Қасымұлы сұлтан еді. Ол – Ресей патшасының отарлық саясатына қарсы көтерілісті басқарған даңқты қолбасшы.

**Тақтада 6-слайд: Сұлтандар туралы жаңа мәлімет.**

«Шүлен» деп бай адамдардың кедей адамдарға беретін көмегін айтқан. Торғайда – Мұқан, Семейде – Құнанбай (Абайдың әкесі), Жетісуда – Маман, Ырғызда (Қостанай обл.). Қара Мұқан сияқты сұлтандар шүлен таратып, атағы шыққан.

«Сұлтандар» тобының билер туралы жауабы.

**Тақтада 7-слайд: Билер.** Қазақ хандығы кезеңінде тарихта сақталған билер: ұлы жүздің биі – Төле би, орта жүздің биі – Қазыбек би, кіші жүздің биі – Әйтеке би. Үш бидің өмір сүрген кезеңі – XV-XVIII ғасырлар. Үш би Тәуке ханның тұсында ел бірлігі мен жер тұтастығына ерекше мән беріп, «Жеті жарғы» заң жинағын шығарды.

3 оқушы әр би туралы әңгімелеп береді.

**Тақтада 8-слайд : Билер туралы жаңа мәлімет.**

Ыбырай Алтынсариннің суреті. Қазақ халқының тұңғыш жазушы-педагогі Ы.Алтынсаринді тәрбиелеген адам –

белгілі би, атасы Балғожа Жаңбыршыұлы.

«Билер» тобының батырлар туралы жауабы.

### Тақтада 9-слайд: Батырлар.

Қазақ хандығы кезеңінен тарихта есімі сақталған батырлар: Ағыбай, Малайсары, Шоқпар, Қабанбай, Бөгенбай және т.б. батырлар. Көбіне, олар жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күрестегі шайқастарда өздерінің ерлігін көрсете білген.

Малайсары батыр Абылай ханның ең жоғары бағалаған, қадір тұтқан батырларының бірі болған. Ағыбай батыр — Кенесары Қасымұлының ең көрнекті қолбасшыларының бірі.

2 оқушы Қабанбай мен Бөгенбай батырлар туралы әңгімелейді.

### Тақтада 10-слайд: Батырлар туралы жаңа мәлімет.

Қабанбай әулетімен батыр болыпты. Әкесі Қожақұл — қолбасылардың бірі, ұрпақтары — Сапақ, Төлебай, Мойнақ — жауларына теңдік бермеген жауынгерлер, қызы мен жұбайы да — жаумен бетпе-бет алысқан, жүрек жұтқан азаматтар екен.

1. Саяхатты қорытындылау.
2. Бүгінгі заманмен салыстыру.

### Тақтада 11-слайд: XV-XVIII ғасыр – XX-XXI ғасыр.

XV-XVIII ғасыр

ХАН



СҰЛТАН



БИ



БАТЫР

Заң шығарушы  
органдар

Атқарушы  
органдар

XX-XXI ғасыр

ПРЕЗИДЕНТ



ПАРЛАМЕНТ



СЕНАТ



ҮКІМЕТ



МӘЖІЛІС

### 7. Сабақты қорытындылау, бағалау.

8. Үй тапсырмасы: 38-45-бет, 4 модульді қайталау, сөздік жұмысы мен тест сұрақтарына дайындалу.

Айгүл ҚҰСАЙЫНОВА,  
№2 Ақсуат орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Тарбағатай ауданы.

## АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

*(10-сыныпта қазақ әдебиеті, информатика пәндерінен  
кіріктірілген сабақ)*

«Даму мен білім ешбір адамға беріле немесе айтыла салатын нәрсе емес, оған қол жеткізгісі келген әрбір жан өзі күш салуы керек» деген екен Дистервег.

Сондықтан жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің жаңа тәсілдері, жаңа педагогикалық идеялар қажет. Педагогтың рөлі хабарлаушыдан ұйымдастырушыға өзгеріп, ол оқушыларға бағытталған қазіргі технологияларды пайдалана білуі тиіс.

Көптеген елдер кіріктіру, яғни, өзге пәндермен бірлесе өткізген сабақ нәтижелі болатынын құптайды.

Кіріктіру бізге не береді?

- шығармашылық дербестік дамиды;
- педагогтердің ынтымағы артады;
- оқушылар әлемнің тұтастығын, пәндердің тығыз байланыстылығын түсінеді;
- оқушылар сабаққа дайындалу барысында ізденіс жасайды.

Біздің №2 Ақсуат орта мектебінде сабақты кіріктіре өткізу бірнеше жылдан бері дәстүрге айналған. Төменде осындай бір сабақтың жоспарын ұсынып отырмыз.

Сабақта оқушыларға Абай шығармашылығын таныту,

өлеңдерін жатқа білдіру, оқушылардың информатика пәнінен алған білімін практика түрінде қолдана білуге дағдыландыру мақсаты көзделген.

MS WORD, Power Point бағдарламаларын пайдалана отырып, презентация, буклет жасады.

ДК «Pentium», ұнтаспа, портрет, цитаталар пайдаланылады.

**I. Мұғалім:** - Біз бірнеше сағат дана Абай шығармаларын оқыдық. Абай қазақ өлеңінің тақырыптық шеңберін кеңейтті, өмірдің қиындығы мен адам еңбегін жырға қосты.

Абайдың дүниежүзілік озық поэзиядан алған тағы бір үлгісі – табиғат лирикасы.

Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы.

Оқушы Абайдың «Жаз» өлеңінен үзінді оқиды.

**II.** Оқушылар осы «Жаз» өлеңіне презентация әзірлейді.

Информатика пәнінің мұғалімі Е.Абсаямов кемеңгер Абайдың жыл мезгілінің барлығына да қалам тербегендігін, оның еш уақытта ұрпақ санасынан өшпейтіндігі жайында сөз етті.

- Адам мен табиғаттың бірлігі тақырыбын әлем поэзиясынан ала отырып, Абай қазақ өмірімен байланысты кең танытты. Бұдан «Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатпен терең араласып, оны құшағына тұтас қайтып алады. Сөйтіп бізге табиғатты барынша байланыстыра көрсетеді» деген В.Белинский сөзінің шындығы көрінеді.

**III.** Оқушылар орындайтын тапсырмалардың жоспарымен танысады:

1. Абай өмірі, қызметі (газет шығару).

2. Абайдың табиғат лирикасы бойынша презентация дайындау.

3. «Жаз», «Қыс», «Жазғытұры», «Күз» өлеңдері бойынша

буклет жасау.

4. Абай «Қысы» мен Н.Некрасовтың «Аяз атасына» буклет жасау.

5. Көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен табиғаттың жүдеу көрінісі – «Күзгі суықтағы бай мен кедейдің тіршілігі».

3-5 слайдтан тұратын презентация құру.

6. «Табиғат пен адам – егіз» тақырыбында газет шығару.

**IV. Оқушылардың шығармашылық практикалық жұмысы.**  
Оқушылар 6 топқа бөлінеді.

**V.** Әр топ дайындаған жоба, презентацияларын қорғайды.

**VI.** Оқушылар қосымша ізденіп, өздері дайындаған рефераттарын, (Абайдың табиғат лирикалары. Жыл мезгілдері) өлеңдерінен үзінді оқиды, домбыра мен күй ойнап, презентацияларын енгізеді.

**VII.** Компьютердегі тапсырмаларды орындайды.

а) компьютерге өлеңдерден үзінді енгізілген, сол шығарманы аяқтау, өлеңдерді жатқа оқу.

**VIII. Сабақ қорытындыланды.**



Сұлушаш ЗӘУІРБЕКОВА,

Тараз қаласы әкімдігінің

білім, дене шынықтыру және спорт  
бөлімінің №31 орта мектебінің мұғалімі.

## АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

*(8-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Абайдың табиғат лирикасы туралы өлеңдерін меңгеру. Табиғаттың сұлу да бай көрінісін жанды тіршілікпен түсіндіріп, білімдерін тереңдету; **дамытушылық** – Абайдың табиғат

лирикасындағы өлеңдерін талдай отырып, оқушылардың байқампаздығын, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – табиғат пен адам, жалпы тіршілік атаулының тұтастығын түсіндіре отырып, оқушыларға эстетикалық, экологиялық тәрбие беру, Отанды, туған жерді сүюге, табиғатты қорғауға баулу.

**Типі:** жаңа сабақты игеру. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, баяндау, ойқозғау, талдау, суреттеу. **Көрнекілік:** ақынның суреті, табиғат көріністері, интерактивті тақта.

### **Сабақтың жоспары:**

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Үй тапсырмасын сұрау.
- III. Өткен сабақты қорыту.
- IV. Жаңа сабақ.
- V. Кітаппен, дәптермен жұмыс:
  1. Өлеңді мәнерлеп оқу.
  2. Өлеңге теңеу жасау.
  3. Ән. «Желсіз түнде жарық ай».
  4. Топтастыру.
  5. Экология.
  6. Эссе.

### **I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.
2. Сынып тазалығын қарау.
3. Зейіндерін сабаққа аудару.
4. Сыныпты 4 топқа бөлу.
5. Құрал-жабдықтарын алғызу.

*«Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс».*

**Нүрсұлтан Назарбаев.**

Оқушыларды мына кесте бойынша бағалаймын

Тапсыр-малар	Үй тапсыр-масы. Сөйлесу бөлімінің 3 қағидасы	Зымыран сұрақтар	Өлең-ді мәнер-леп оқу	Өлең-ге теңеу жа-сау	Топ-тас-ты-ру	Эко-ло-гия	Әс-се, ой-тол-ғау
Топ-тың аты							
Көктем							
Жаз							
Күз							
Қыс							

## I. Үй тапсырмасын сұрау.

Сөйлесу бөлімінің 3 қағидасы:

1. «Оқу материалын біртұтас беру» қағидасы.
2. «Өсу» бағытымен оқып – үйрену қағидасы.
3. «Қайта оралып отыру» қағидасы.

## Зымыран сұрақтар:

1. Абайдың өскен ортасы, халық әдебиетімен байланысы жайында әңгімелендер.

2. Абайдың қандай поэмаларын білесіңдер?
3. Абайдың қандай аудармаларын білесіңдер?
4. Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік мәні қандай?

## II. Өткен үй тапсырмасын қорыту.

### III. Жаңа сабақ.

Абайдың табиғат лирикасы – өзгелерге ұқсамайтын, өзгеше бір әсем дүние. Абай жылдың төрт мезгілін арнайы тақырып етіп, тамаша өлеңдер жазды. Оның жылдың төрт мезгілі жайлы өлеңдері 1886-1890 жылдар аралығында орыс, батыс классиктерін еркін меңгергеннен кейін жазылған.

1. Абайдың бұл тақырыптағы тұңғыш өлеңі – «Жаз» (1886). Мұнда жазғы табиғаттың көркем көрінісін, көкорай шалғыны мен бәйшешегі, күркіреп жатқан өзен, қаңқылдаған қаз, жас балалар суреттеледі.

2. Қыс табиғатын Абай бұдан өзгешелеу стильде суреттеген. «Қыс» (1888). Бұл – нағыз классикалық күйде алынған дүние. Бірақ бұл әрекет табиғаттан гөрі адамның –



жанды тіршіліктің әрекетіне ұқсайды.

3. «Күз» өлеңі 1889 жылы жазылған. Бұл өлеңде өмір мен табиғат шындығы жаңаша идеялық тұрғыда беріледі. Мұнда көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен табиғаттың жүдеу көрінісі суреттеледі.

4. «Жазғытұры» өлеңі 1890 жылы жазылған. Абай бұл мезгілдің өзіне тән суретін жасайды. Мұнда «ата-анадай елжіреген күннің көзі» көбірек айтылады. Ақын қыстан қысылып шыққан ел қуанышына ортақтасады.

## V. Кітаппен, дәптермен жұмыс.

**1-тапсырма.** Жылдың төрт мезгілі жайлы өлеңдері оқылып талданады.

Мысалы: «Жаз».

1. «Жазғы күні шілде болғанда

*Көкорай шалғын бәйшешек»* дегенді қалай түсіндіресіңдер?

2. «Үсті-басы – ақ қырау, түсі – суық,

*Басқан жері сықырлап келіп қалды»* деп тірі бейне ретінде суреттегенін қалай түсінесіңдер?

3. «Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп

*Жапырағынан айырылған ағаш құрай»* дегенді қалай түсінесіңдер?

**2-тапсырма.** «Қыс», «Күз», «Жаз», «Жазғытұры» өлеңдері оқылып, теңеу жасалады. Абай ақындық өнерімен қоса әншілік, сазгерлік өнерді де аса жоғары бағалаған. Соның бірі – осы табиғат лирикасына жазылған «Желсіз түнде – жарық ай» әні.





*Құлақтан кіріп бойды алар*

*Әсем ән мен тәтті күй.*

*Көңілге түрлі ой салар*

*Әнді сүйсең – менше сүй!*

**3-тапсырма.** Топтастыру.



**4-тапсырма.** Төрт топқа жабық конвертпен О.Сүлейменовтің фотосуреті беріледі.

Мынадай сұрақтар қойылады:

1. Бұл кімнің суреті?
2. Оның бүгінгі сабаққа, экологияға қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар?
3. О.Сүлейменовтің табиғатты қорғау жөніндегі қызметі туралы не білесіңдер?

Олжас ағамыздың бұл істері – балаларға өнеге, үлгі. Сендер де қолдарыңнан келгенше табиғатты қорғауға өз үлестеріңді қосуларың керек. Өйткені, біздің бәріміз – табиғаттың перзентіміз.

**5-тапсырма.** «Табиғат – біздің анамыз» тақырыбына эссе (ойтолғау).

#### **V. Сабақты қорыту.**

1. Абайдың табиғат лирикасына арналған қандай өлеңдерін білесіңдер?
2. «Күз» өлеңінде мезгілдің қандай көріністері бейнеленген? Өзіндік ерекшеліктері қандай?

#### **VI. Бағалау.**

**VII. Үйге тапсырма:** 138-беттегі Абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерін жаттау, табиғат туралы ой-толғау жазу.

Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,  
«Көктіңкөлі» орта мектебі директорының  
тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі.  
Қарағанды облысы,  
Шет ауданы.

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІ ТУЫМЫЗ!

**Мақсаты:** Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған әдеби-театрланған қойылым арқылы көрермендерді егемендігіміздің шежірелі кезеңдерімен таныстыру, елжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

### **Кеш барысы:**

*Халық жиналғанша Құрманғазының «Сарыарқа» күйі ойнап тұрады. Жүргізушілер шыққанда күй дауысы баяулап барып өшіріледі.*

**1-жүргізуші:** - Армысың, ағайындар, мейман қауым,  
Жоламас сендер барда күншіл жауым.  
Жырлаймыз Тәуелсіздік мерейтойын,  
Жайқалып құлпырады бақша-бауым!

**2-жүргізуші:** - Атыңнан айналайын, Егемен ел,  
Жиырма жасың ұзақ өмір сүрсін!  
Мазаны кетірмесін төбеде жел,  
Төрінде Тәуелсіздік көңіл күлсін!

**1-жүргізуші:** - Құрметті ауылдастар, отандастар! Еліміздің торқалы тойы, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – қасиетті туымыз!» атты салтанатты кешімізге қош келдіңіздер!

**2-жүргізуші:** - «Орынында бар оңалар» демекші, ел – орынында, жер – орынында. Жерге жетер байлық жоқ.

Жер болса, ел болады; ел болса, ер болады. Ерлеріміздің арқасында Қазақстан егеменді ел болып, дүниежүзіне танылуда.

**1-жүргізуші:** - Осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дарқан далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі мыңғырған, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.

**2-жүргізуші:** - Олай болса, сонау Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан қазіргі күнге дейін бір саяхат жасап көрейік.

*«Атамекен» әні хормен орындалады.*

### **Президенттің анты.**

- Алдарыңызда – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев! *(Елбасы Конституцияға қолын қойып тұрып ант береді).*

*Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына берген анты.*

**«Қазақстан Республикасының азаматтарына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарының орындалуын қатаң қадағалауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасының өзіне жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант беремін».**

**1-жүргізуші:** - Қазақстанның егемендік алуымен қатар 1991 жылы 40 жыл бойы халқымыз залалын кешкен Семей ядролық полигоны жабылды. Сонымен қатар сол жылы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан тұңғыш рет ғарышқа қазақ азаматы ұшты. Ол, барлығымыз білеміз, Тоқтар Әубәкіров болатын.

*Ән. «Байқоңыр – Жезқазған – Жаңаарқа». Орындайтын – Мазбекова С.М.*

**2-жүргізуші:** - Тәуелсіз атанған мемлекетіміз 1992 жылы

4 маусымда өзінің мемлекеттік рәміздерін бекітті.

Пай! Пай! Пай! Қазақстан, ардағым-ай,  
Сен – менің шолпанымсың жанған ұдай!  
Өзінде өмір сүрген қандай бақыт,  
Өзінді бар бәледен сақта, құдай!

**1-жүргізуші:** - Азаттық алдың, бекідің, Қазақстаным,  
Ғарышқа ұшты Тоқтардай ер арыстаның!  
Жер тұрмақ Ғарыш шырқаған Әнұраныңды,  
Айбар ғой бізге Туыңды нық ұстағаның!

Елтаңба мынау – белгісі елдігіміздің,  
Таниды жат жұрт өресін теңдігіміздің!  
Бейбіт ел болу басқаға намысты бермей –  
Ақ арман осы әлемде ендігі біздің!

*Әнұран айтылады, Ту, Елтаңба туралы өлеңдер оқылады.*

*«Бейбітшілік сақталады» әнімен хор орындалады.*

**2-жүргізуші:** - Атаулы даталар тізбегінде 1993 жыл алғашқы Ата Заңның қабылдануымен, ұлттық валюта – теңгенің айналымға енуімен белгілі.

**1-жүргізуші:** - 1994 жылы қазақтан шыққан екінші ғарышкер Талғат Мұсабаев ғарыш кеңістігін бағындырды. Ғарышта бола отырып, тікелей эфир арқылы, ол бүкіл Қазақстанға келе жатқан торқалы той – ұлы Абайдың 150 жылдығына арнап «Көзімнің қарасы» әнін айтып, өзінің Отанын қаншалықты сүйетінін паш етті. 1995 жылы бүкіл қазақ жұртшылығы ұлы кемеңгер Абайдың 150 жылдығын ЮНЕСКО шеңберінде дүрілдетіп тойлады.

*«Көзімнің қарасы» әнін Тегісов Сұңғат орындайды.*

**2-жүргізуші:** - Дәл осы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып, еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына

отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті сезінетін егемендік құқықты негізге ала отырып, жаңа Ата Заң қабылдады.

**Ата Заңым,** алтын Заңым, ардағым,

Аяладың адамзаттың арманын.

Жол бастайды болашаққа жасампаз

Әрбір бабың, тарауларың, тармағың.

Ата Заңда – парасатым, пайымым,

Алтын Заңда – күш-қуатым, жалыным.

Сен қорғайсың бостандық пен құқықты.

Анамдайсың елжіреген, жарығым!

Ата Заңым – Тәуелсіз таң, нұрлы үміт,

Шашасына шаң жуытпас шын жігіт.

Ақиқаттың аппақ жолын аттамай,

Деп тұрғандай: «Егін егіп, гүлді күт!».

**2-жүргізуші:** - 1997 жыл. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміз жаңа ғасырға қадам басар тұста астананы Алатау баурайынан Сарыарқа төріне көшіруі тарихи оқиға болғаны анық. Қазір бұл шешімнің өміршеңдігін өмірдің өзі де көрсетіп отыр. Бүгінде Астана бейбітшілік пен достықтың, ізгі армандардың қаласына, махаббаттары жарасқан жастардың қаласына айналды.

*Ән. «Арман қала». Орындайтын – Айдана.*

**1-жүргізуші:** - Ұлы Абайдың 150 жылдығын дүбірлетіп, дүркіретіп атап өткеннен кейінгі сол деңгейдегі торқалы той – ежелгі қалалардың бірі, екінші Мекке атанған Түркістан қаласының 1500 жылдығы болатын.

**1-жүргізуші:** - 2001 жыл – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы.

10 жыл толды тәуелсіздік туғалы,

Қазақ елі бірлікке бел буғалы.

10 жыл толды Қазақстан халқының

Өз тағдырын өзі шешіп тұрғалы.

Көгіңде тұр көк байрағын желбіреп,  
Елтаңбаға қараймыз біз елжіреп.  
Әнұранды шарықтата шырқаймыз,  
Бабаларды еске алып ержүрек.

**«Мен – қазақпын» әнін Дегіл Кенжебай орындайды.**

*«Қазағым менің» хор.*

**2-жүргізуші:** - 2006 жылы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасының жаңа әнұраны бекітілді. Шәмші Қалдаяқовтың Ж.Нәжімеденов пен Н.Ә.Назарбаевтың сөзіне жазылған «Менің Қазақстаным» әні еліміздің әнұранына айналды.

Әнұран.

**1-жүргізуші:** - 2009 жылы Қазақстанда тәуелсіздік алғалы екінші рет санақ жүргізілді. Санақ бойынша Қазақстан халқының жалпы саны 17 миллионнан асады, соның ішінде ұлты қазақ азаматтарының саны – 9 млн., ал бүгінгі таңда бұл сан 11 млн-ға жетті.

*Көрініс. «Алтын алқа».*

**2-жүргізуші:** - 2010 жыл – Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық еткен жыл. Бұл міндетін Елбасымыз жоғары деңгейде атқарып, қорытындысында Астана қаласында ЕҚЫҰ мүшелерінің саммитін өткізді.

*Ән – «Сәлем саған, туған ел».*

**1-жүргізуші:** - 2011 жыл. Бүкіл Қазақстан халқы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлауға дайындық үстінде. Бұл жыл мемлекетіміз үшін аса ірі оқиғамен басталды. Ол – еліміздің екі астанасында қатар өткен VII қысқы Азия ойындары. Азиадада спорттың 11 түрінен 69 медаль сарапқа салынды. Азияның 26 елінен спортшылар қатысып, солардың ішінен Қазақстан құрамасы жалпы саны 61 медальға иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілді. Мұндай жағдай бұрын-соңды болмаған, әлемді дүр сілкіндірген жаңалық болды.

*Азиада ұраны орындалады, спорттық жаттығулар жасалады.*

**2-жүргізуші:** - Ағымдағы жыл торқалы тойларға бай. Тәуелсіздіктің мерейтойымен қатар халық дауылпаз ақын Қасымның 100, Ғасыр ақыны – Мұқағалидің 80 жылдық мерейтойларын атап өтті.

*Әдеби монтаж. 5-6 «Б» сынып оқушылары.*

**1-жүргізуші:**

- «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген,

Жөрегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген», - деген Жұбан ақынның ұранына біздің Айбол да қосыла ұрандайды.

*Құттыбаев Айбол. «Мен – қазақпын».*

**2-жүргізуші:** - Қазір орындалатын ән – жаңа ән. Бұл ән Тәуелсіздігіміздің торқалы тойына орай жазылған. Ендеше, қабыл алыңыздар!

*Ән. «Жаса, Қазақстан» Шырқайтын – Жарқымбек Айдана мен Төребеков Әлішер. Базарбаева Әсел «Менің Республикам» әнін орындайды.*

**1-жүргізуші:** - Затым – қазақ, ұлтым өзге болса да,

Ділім – қазақ, дінім өзге болса да.

Тілім – қазақ, сонымен мақтанам,

Әнін шырқап, өлеңдерін жаттағам.

*«Қыздар» тобы. «Армандастар».*

**2-жүргізуші:** - Келесі тыңдайтын әндеріңізде де Отанымыз – Қазақстанға деген ыстық махаббаты шырқалады. Олай болса, екінші бір «Қазақстан» әні де құлақ құрышың қандырып, көңіліңізді көтереді, орындаушысын көре сала бірден танысыздар!

*Шахмина Нұржамалдың орындауында – «Қазақстан» әні.*



**1-жүргізуші:** - Осы бүгінгі концертімізде би болмады ма? Бишілердің бәрі қайда кеткен? Әншейінде «мен билейінші, мен билейінші» деп қалмайтын өнерпаздарымыз қайда? Бисіз тойдың сәні бола ма?

**2-жүргізуші:** - Келді! Келді! Келе жатыр.

**1-жүргізуші:** - Кім?

**2-жүргізуші:** - Кім болушы еді? Бишілер! Бірақ қазақ емес... ай, бола берсін, иә?

*Қыздар «Шығыс биіне» билеп, тамаша өнер көрсетеді.*

*«Аралдан ұшқан аққуларды» Құлымбетова Перизат, «Өз елімді» Базарбаев Марғұлан, «Надежда» әнін Мақажанова Бағдат орындайды.*

**«Қазақ елі» әнімен сайыс қорытындыланады.**



**Ғалима ТҰРАРҚЫЗЫ,**

**Тараз қаласындағы**

**№40 гимназияның**

**қазақ тілі мен әдебиеті**

**пәнінің мұғалімі.**

## **ҚОНАҚ КҮТУ – САЛТЫМЫЗ**

**Сабак мақсаты:** қонақ күту – қазақ халқының салт-дәстүрлеріне жататынын, ол адамдар арасындағы қатынастың көрінісі екенін түсіндіру. Қонақ күтудің ерекшелігін, оған балалардың және отбасының әр мүшесінің қатысын ұғындырып, “қонақжайлылық”, “меймандостық” деген сөздердің мағынасын терең сезіндіру.

**Қонақ.** Қонақты күту рәсімі. Адамдар арасындағы сыйластық. Халықтың қонақ күтуге байланысты салт-дәстүрі. **Тірек білім:** Отбасы. Ата-ана мен ержеткен бала

арасындағы қарым-қатынас. Өмір тәжірибесі.

**Көрнекілігі:** мазмұнды сурет, плакат, тест, көрініс.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгіме.

Ана тілі, еңбек пәнімен жаңа сабақты байланыстырады.

1. Ұйымдастыру.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

*Балаң жақсы болса...*

а) Екі баладан мазмұнын сұрау.

ә) Үш балаға тест беру.

б) Өткен сабақты қорытындылау мақсатында мақал-мәтелден жарыс.

Жеңімпаз топ алдында еліміздің Туы желбіреді.

**Жаңа сабақ:**

I. Кіріспе:

- Мен “бізге қонақтар келе жатыр “ деп бекерге айтқан жоқпын. Бүгінгі сабағымыз “Қонақжайлылық” деп аталады. Дәптерімізді ашамыз, тақырыпты жазамыз. Қонақ дегенді тағы қалай атауға болады?

- Мейман.

- Қонақ деген кімдер өзі?

- Үйге келген кісілер.

- Оларды шақырамыз ба?

- Иә. Шақырылмай да алыстан ағайын-туыстар келеді.

**2. Суретпен жұмыс.** Тақтада қонақтар жайлы сурет. Балалар суретке қарап әңгіме құрастырады.

3. - Жақсы, балалар, қонақ әр түрлі болады екен. Мынаны оқыық (*Тақтадағы плакатта жазу. Екі бала дауыстап оқиды*).

*Қонақтың мынадай түрі бар:*

**1. Арнайы қонақ.** Алыстан арнайы келген жақын туыс, сүйікті дос, жақсы жолдас. Бұл – сыйлы қонақ.

**2. Құдайы қонақ.** Өзің танымайтын, білмейтін шалғай елден жолаушылап жүріп ат басын тірей қалған бөгде қонақ.

Бұл – сауап қонақ.

### **3. Қыдырма қонақ.**

Ерігіп, желігіп, үйден-үйге қыдырып жүрген сандалма қонақ. Бұл – далбаса қонақ.

**4. Қылқима қонақ.** Үй арасындағы түтіні түзу шыққан үйді аңдып, құлқыны үшін жүрген көлденең қонақ. Бұл – сұғанақ қонақ.

- Балалар дәптерге қысқа түрін жазып алады.

**4. Балаларға мұғалім осы тақырыпта әңгіме айтып береді.**

### **5. Оқулықпен жұмыс жүргізіледі.**

1. Мұғалім оқиды.

2. Оқушылар оқиды (тұтас).

3. Қиын сөздерді талдау: “қонақжай”, “меймандостық”, “береке-құт”, “құдайы қонақ”.

**6. Мәтіннен кейін берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.**

1) - Қонақ деген кім?

- Ол – арнаулы шақырылған туыс-туған, жора-жолдас және арнайы іздеп келген кісілер. Тоқтайтын жер таппай “құдайы қонақпыз” деп келетін кісілер.

2) - “Қонақжай” дегенді қалай түсінесің?

- Қонақты жылы жүзбен қарсы алып, барын ұсыну.

3) - Қонақтың қандай түрлері бар?

- Арнайы, құдайы, қыдырма, қылқима.

4) - *Қонақты ілтипатпен қарсы алу* дегенді қалай түсінесің?

- Сәлемдесіп, жылы шыраймен жөн сұрасу.

### **7. Мазмұнын сұрау.**

**8. Көрініс. Қонақ келгенде** (*Балалар өзі көрсетеді*).

- Балалар, бізге қонақ келуі мүмкін. (*Қонақ келеді*):

- Ассалаумағалейкум!

- Уағалейкумассалам! Сәлем бердік!

- Төрге шығыңдар!

- Келіңіздер!

*(Оқушылар қонақ күту рәсімдерін жасайды).*

- Кәне, балалар, ауылдың “алты ауызын “ айтайық (Бір бала терме айтады).

- Ой, өркенің өссін!

- Абыройлы бол!

- Енді “қонақкәде” сұрасақ қайтеді?

- Кәне, кәне, қонақкәде сұраймыз *(Қонақкәде орындалады. Қонақ болып келген баланың біреуі өнер көрсетеді).*

- Талабыңа нұр жаусын!

- Өнерің өрге жүзсін!

- Ал, қонақтар, ас әзір болғанша, алтыбақанға келіңіздер.

9. - Ал, енді, балалар, оқулықтағы суретке қарап, көрген көрінісімізді кірістіре отырып, бірнеше сойлемдер құрайық.

*Балалар оқулықтағы сурет туралы әңгімелейді.*

**10. Қорытынды.** Қала мен ауыл қонағының айырмашылығы.

**11. Үйге тапсырма.**

**12. Бағалау.**

**13. Оқушылар орындарынан тұрып, сабаққа қатысып отырған кісілермен қоштасады:**

**1-оқушы:** - Қонақжайлылық – салтымыз,

Білінер содан парқымыз.

Ата салтын сақтасақ,

Арта берер даңқымыз!

**2-оқушы:** - Сау болыңдар көргенше,

Қайта айналып келгенше !

Жиі келіп тұрыңдар,

Қоштасайық ендеше!

Серікгүл ХАТРАНҚЫЗЫ,  
«Березовка» орта мектебінің  
мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Ғ.Мүсірепов атындағы аудан.

## ОЙНА ДА ОЙЛА

*«Ойын арқылы бала өз еркімен қоршаған ортаның негізгі ережелерін зерттейді».* Э. Эриксон.

**Қазақ клубының мақсаты:** тіл байлығын дамыту. Ойын арқылы ойлау қабілетін арттыру, өткенді қайталап еске түсіріп отыру. Есту, көру мүшелері арқылы ойлау қабілетін жетілдіру. Қазақ тілін білуге, үйренуге қызығушылығын көтеру.

### **Талаптар:**

1. Балалардың сөздік қорын молайту.
2. Дидактикалық ойындар арқылы қазақ тілі сабақтарына қызығушылығын, ынтасын арттыру.
3. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, белсенділікке тәрбиелеу.
4. Ауызекі сөйлеуді меңгерту, сөз байлығын молайту.
5. Ойын арқылы өткенді қайталау, пысықтау.

### **Сабақ №1.**

#### **Тақырып: Ойна да ойла.**

**Мақсаты:** балалармен ойын арқылы өткенді қайталап еске түсіру. Оқушылардың тіл байлығын дамыту. Ой- өрісін кеңейту, белсенділігін арттыру.

**Көрнекіліктер:** тірек-сызбалар, суреттер, фишкалар.

1. Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу. Сөзұйқастарды өткізу.

#### **Мұғалім + балалар.**

А-А-А - алашамыз тамаша!

А-А-А - жерде жатыр алаша!

ЫР-ЫР-ЫР-ырылдайды қасқыр!

ЫЗ-ЫЗ-ЫЗ - Айгүл – жақсы қыз!

## 2. «Әрі оқу, әрі ойын».

*Тіл – піл; сөз – көз;*

*Кес – бес; арыстан – нан;*

*Ауыл – дауыл; күн – түн;*

*Қанат – сағат; өмір – көмір.*

*Жалау – палау;*

3. Балаларды екі топқа бөлу. Әр топтың атауын беру: «Мұрагер», «Айгөлек» .

### 1-сайыс. Жемістер мен көкөністер.

**Ойынның шарты:** Жемістер мен көкөністерді дұрыс ажыратып, керектісін себетке салу.

Екі оқушы ортаға шақырылады. Бір оқушы себетке жемістерді, ал екінші оқушы көкөністерді жинайды. Жиналған жемістер мен көкөністер тексеріледі, олардың атауларын айтады. Ойын шартын дұрыс орындаған оқушы жеңіске жетеді, ұпай немесе фишка алады.

### 2-сайыс. Аңшылар.

**Ойынның шарты:** Шапшаң әрі тез қимылдап, барынша көп суреттер жинау және оларды атау керек. Тақтаға 2 оқушы шақырылады. Ойын шарты түсіндіріледі. 1 минут уақыт беріледі. Команда бұйрық бойынша аңға шығады, уақыт біткен соң, ойын тоқтатылады. Әрбір оқушының жиналған сурет саны есептелінеді. Әр оқушы өзі жинаған суреттің атын атайды. Егер қателессе, сонша ұпай алып тасталады. Мысалы. Он бес сурет жинап, бесеуінің атын дұрыс айтпаса, бес ұпай алынады. Кім көп ұпай жинаса, сол жеңімпаз аталады.

### 3-сайыс. Тізбек ойыны.

**Ойынның шарты:** Бірінші команданың оқушысы бастап айтқан зат есімнің соңғы дыбысынан басталатын жаңа зат

есімді тауып айту тапсырылады. Мысалы: бірінші бала *кітап* десе, екінші бала *парта*, үшінші бала *ат*, *теңіз*, *зауыт*, *тарақ*, *қала*, *асхана*, *айыр*, *рельс*, *сағат* үлгісінде жалғастыра беруге болады.

## **Сабак № 2.**

### **Тақырып: Ойын ой өсіреді.**

**Мақсаты:** Оқушылардың сөздік қорын байыту, Дыбыстарды, өтілген сөздерді қайталау, есту мүшелерін дамыту. Сөздерді топтастыра білуге үйрету, қазақ тілі сабағына қызығушылығын көтеру. **Көрнекіліктер:** әріптер, пазлы, фишкалар.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Фонетикалық жаттығуларды өткізу.

### **Мұғалім + балалар.**

ЛА-ЛА-ЛА – Асан жақсы бала.

ДАҚ-ДАҚ-ДАҚ – Міне, саған балмұздақ.

ЫҚ-ЫҚ-ЫҚ – Дейміз сені жылауық.

ҚОЙ-ҚОЙ-ҚОЙ – жылағанды қой

ІШ-ІШ-ІШ – сусын іш.

### **2. «Әрі оқу, әрі ойын».**

3. Балаларды екі топқа бөлу. Әр топ команданың атауын таңдайды.

(Тақтада сөздер ілулі тұр: «Достар», «Бөбектер», «Балбөбек», «Құлагер».)

### **1-сайыс. Кім көп айтады?**

**Ойынның шарты.** Тақтаға екі сайыскер шақырылады. Бірінші сайыскер ойынды бастайды, бір сөзді айтады, екінші сайыскер ойынды жалғастырады, 2-3 секундтың ішінде сөзді айтады, егер уақытында сөзді айтпаса, ойын тоқтатылады. Ойынның ережесі: сөздер қайталанбайды, сан есімдерді айтуға болмайды.

### **2-сайыс. «Пазлы» ойыны (он сөзді табу).**

**Ойынның шарты:** 1-2 минуттың ішінде он сөз табу. Кім

бірінші ақытында үлгереді сол жеңімпаз болады.

### **3-сайыс. «Қол шапалақтау» ойыны.**

**Ойынның шарты.** Бірнеше сөздерді балаларға оқу. Олар сол сөздердің арасында Ұ дыбысы бар сөзді табуға тиісті. Дыбысты тапса, қол шапалақтайды. Келесі сөздер: құм, оқушы, ұя, үлгі, мұнда, т.б сөздер.

### **Сабақ № 3. Тақырып: Сәтті сағат ойыны.**

**Мақсаты:** Сөздік қорын байыту, сөздерді дұрыс аудару, сөйлеуге үйрету. Белсенділігін, ынтасын арттыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Көру мүшелерін дамыту.

**Көрнекіліктер:** парақтар, фломастерлер, қарындаштар.

1. Ұйымдастыру кезені. Амандасу. Сөзұйқастарды айтқызу.

#### **Мұғалім + балалар**

ГЕ-ГЕ-ГЕ

ЕТ-ЕТ-ЕТ

Маза берші кісіге.

Бәріңе рақмет!

МА-МА-МА

КӨР-КӨР-КӨР

Ойбай салып жылама!

Сен де көр!

ТӨР-ТӨР-ТӨР

Мынау – біздің төр!

#### **2. «Әрі оқу әрі ойын»**

3. Балаларды екі топқа бөлу. Тақтаға 2 жақсы оқитын оқушы шығады. Олар өздерінің командасын құрады.

#### **1-сайыс. «Кім көп біледі?»**

**Ойынның шарты:** Тақтада екі сөз жазылып тұр. Осы екі сөзден қатысушылар басқа сөздерді тауып, олардың аудармасын айтады. Кім көп сөздерді табады, сол жеңімпаз болып шығады. Ойында аудармасын білмеген сөздер де қабылданады.

1-топ

2-топ

#### **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ (творчество)**

Шаш, ара, ақ, шық, ашық, қара, қаш, шығар, ғарыш, аш, марш, т.б.



## **2-сайыс. «Не жоқ?»».**

**Ойынның шарты:** тақтада 10-15 сурет ілулі тұрады (үй жануарлары, құстар, оқу құралдары, аңдар, т.б. суреттер). Мұғалім «түн» деген сөзді айтқанда балалар көздерін жабады, сол кезде тақтадан бір суретті алып тастайды. «Күн» деген сөзді айтқанда балалар көздерін ашады да «не жоқ?» деген сұраққа жауап береді. Мысалы: Кітап жоқ! Қой жоқ, т.б.

## **3-сайыс. «Қайтала» ойыны.**

**Ойынның шарты:** Мұғалім «Сынып», «Оқу құралдары» тақырыбы бойынша қандай да бір сөзді атайды. Екінші ойнаушы сол сөзді немесе осы тақырыптағы бір сөзді атайды. Үшінші ойыншы естілген үшінші бір сөзді айтады. Осылайша әрбір ойыншы өз сөзін қосып айту үшін, оған дейінгі айтылған сөздерді ретімен қайталау қажет. Сөзді ұмытып қалған немесе сөз тіркестерінің ретін сақтамаған оқушы ойыннан шығады.

## **Сабақ № 4. Тақырып: Ойнай біл де, ойлай біл.**

**Мақсаты:** Балалардың ықыласын күшейту, есте сақтау қабілетін жоғарылату, көңілін көтеру, ойлау қабілетін арттыру. Емле ережелерін меңгерту.

**Көрнекіліктер:** парақтар, фломастерлер, қарындаштар.

1. Ұйымдастыру кезені. Амандасу. Сөзұйқастарды айтқызу.

### **Мұғалім + балалар**

КҮН-КҮН-КҮН

ІШ-ІШ-ІШ

Туған күн.

Сусын іш.

ЛЫҚ-ЛЫҚ-ЛЫҚ

МА-МА-МА

Міне, саған сыйлық!

Көздің жасын бұлама.

ШЫҚ-ШЫҚ-ШЫҚ

МІН-МІН-МІН

Төрге шық.

Ертең мен де өсемін!

2. «Әрі оқу, әрі ойын»

3. Балаларды екі топқа бөлу: «Данышпандар», «Даналар».

### **1-сайыс. «Қара және тыңда»**

**Ойынның шарты:** Оқытушы бір затты көрсетіп, атын атайды. Егер заттың аты дұрыс аталса, оқушылар қолдарын көтеріп, хормен қайталайды. Егер мұғалім бір затты көрсетіп, атауын айтса, онда олар қолдарын да көтермейді, қайталамайды. Қателескен оқушы ойыннан шығады. Мысалы: а) мұғалім кітапты көрсетіп, «кітап» десе, оқушылар хормен қайталайды, қолдарын көтереді; ә) қарындашты көрсетіп, «дәптер» десе, онда олар үндемейді.

### **2-сайыс. «Пойыз» ойыны.**

**Ойынның шарты:** балаларға жеке-жеке кәртiшке үлестiрiледi. Әр кәртiшкеге бiр-бiр сөйлем жазылады, бiрақ сөйлемнiң бiр сөзi әдейi қалдырылады. Қалдырылған сөздер бөлек сауытқа салынады да (әр сөз бөлек кәртiшкеде), ол бiр оқушыдан екiншi оқушыға өзiне керектi сөздi тауып алады да, екiншi оқушыға қарай жылжытады. Пойыз тоқтаған жерде әр оқушы өзiне керектi сөздi тауып алады да, екiншi оқушыға қарай жылжытады. Ойында өзiнiң керектi сөзiн дұрыс тауып ала алмаған оқушы жеңiледi. Ойын осы әдiспен бiрнеше рет жүргiзiлген соң қорытынды шығарылады. Қателiк жiберген оқушылар жеңiледi.

### **3-сайыс. «Әрiптер жарысы» ойыны.**

**Ойынның шарты:** Балалар өзара бiр әрiптi таңдайды. Мәселен, Ә әрпi. Сол әрiп бар ең көп сөздi тауып жазу керек. Жазған сөздерiнде Ә-ден басқа дауысты дыбыс болмауы керек. Белгiленген уақыттан соң қорытынды шығарылады. Оқушының бiреуi тұрып, жазғанын оқиды. Басқа оқушылар өздерiнде сол сөз болса, оны сызып тастап отырады. Кейiн бәрiнiң сызылған, сызылмаған сөздерi есепке алынады. Қайталанбаған сөзi бар оқушы жеңiмпаз атанады.

Баян ЖАҚАТОВА,  
Көкшетау қаласындағы  
№16 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ДИКТАНТ ЖҰМЫСТАРЫ

**Көп нүктенің орынына тиісті септіктің жалғауын қойып жаз.**

### Нағыз адам

Құрметті оқушым! Сен анаң... (Ш.с.) кішкентай адам болып тудың. Сол «Адам» деген атың... (Т.с.) былғамай, «Нағыз адам» болып өсуге тырыс. Ол үшін өзің... (Т.с.) ең бірінші дүние... (Б.с.) әкелген, түн ұйқысын төрт бөлген анаң... (Т.с.) сыйлауың керек. Үлкендер... (І.с.) ақылы... (Т.с.) әке-шешен... (І.с.) еңбек... (Ж.с.) шыныққан қолдары... (Т.с.), олар... (І.с.) бетіндегі әжімі... (Т.с.) қадірле! Туған жерің... (Т.с.), елің... (Т.с.), мектебің... (Т.с.), оқытушың... (Т.с.), парта... (Ж.с.) отырған өз орының... (Т.с.) сүй. Өзің жүрген орта... (Ж.с.) өтірік айтпай, ешкім... (Б.с.) жамандық жасамай, жақсы оқып, барлық істерің ел... (Б.с.) үлгі болсын.

**Тиісті орынға көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қойып жаз.**

### Наурыз

Наурыз – қазақ... (І.с.) шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Наурыз... (Т.с.) Қазақстан... (Ш.с.) басқа күншығыс жұрт (К.ж., Т.ж., І.с.) көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Бұхар, Ауған, Кавказ, Түркістандық... (К.ж.) да тойлайды. Бірақ бұ... (К.ж; І.с.) бәрін салыстырғанда Наурыз... (Т.с.) біздің қазақ... (І.с.) мейрам етуі айырықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, наурыз... (І.с.) ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде

түн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетеді. Қыс бойы ақ кебінін жамылып, өлім төсегін... (Ж.с.) жатқан табиғат... (І.с.) жанды, жансыздың тірілуі, кімнің болса да көңілі... (Б.с.) шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағы... (Ш.с.) қыс... (І.с.) өтуіне, жаз... (І.с.) жетуіне қазақ... (Ш.с.) артық тілектес, қазақ... (Ш.с.) артық қуанатын ел жоқ деуге сыяды.

**Көп нүктенің орынына тиісті көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қойып жаз.**

### **Мамандық**

Мамандық таңдау – әрбір мектеп бітіруші түлек... (І.с.) мақсаты. «Армансыз адам – қанатсыз құс... (К.с.) тең» дейді халық. Барлық адам бала (Т.ж., І.с.) арман... (Т.ж.) болады. Арманшыл адам болашақ... (Ж.с.) дегеніне жете алады.

Мамандық пен өнер... (Т.с.) өз қабілет (Т.ж., Б.с.) де қарай таңдап алады. Өмір... (Ж.с.) мамандық... (І.с.) түрі өте көп. Халық алдына шығып ән салатын әнші болу. Адам өмір (Т.ж., І.с.) арашас... (Т.ж.) болатын ақ халат... (Т.ж.) дәрігер болу. Адам жас кез (Т.ж., Ш.с.) бастап өз (Т.ж., І.с.) жүрег... (Т.ж.) қалаған маманды... (Т.ж., Б.с.) қарай бейімделе бастайды. Терең білім алу... (Б.с.) талпынады. Өз бетінше ізденеді. Көп оқиды. Түрлі мамандық... (Ж.с.) еңбек етіп жүрген адам (К.ж., І.с.) өмір (Т.ж., К.с.) танысады. Жақсы маман болу үшін еңбек ету керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, ғалым, тілші болу үшін оқу керек. Бақташы, сауыншы, егінші, шопан болу үшін ауыл... (Ж.с.) жұмыс істеу керек. Ал, жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы болу үшін өндіріс... (Ж.с.) істеу керек.

Бала шақ... (К.с.) болашақ әрқашан үндесіп жатады. Болашақ... (Б.с.) апаратын тура жол бала шақ... (Ш.с.) басталады.

*(151 сөз).*

## ТЕСТ САУАЛДАРЫ

Оқушының білім деңгейін анықтайтын бақылаудың бір түрі – тест. Тест – дүниежүзіндегі көп қолданылып жүрген бақылаудың бір түрі. Тест сабақта уақытты үнемдеуге, оқушылардың ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік береді.

Мен ұсынып отырған тест сауалдарын 7-сыныпқа арналған (Ж.Адамбаева, Ж.Дәулетбекова, Н.Әбішева) қазақ әдебиеті оқулығы бойынша оқушылардың білімін қорытындылау мақсатында I және II жартыжылдығында өткізуге болады.

### 1. «Жеті» өлеңін жазған ақын:

- А) Абай Құнанбайұлы;      Ә) Шоқан Уәлиханов;  
Б) Мұхтар Мағауин;      В) Қадыр Мырза Әли;  
Г) Ғабит Мүсірепов.

### 2. 1894-1938 жылдары өмір сүрген, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі:

- А) Бейімбет Майлин;      Ә) Ахмет Байтұрсынұлы;  
Б) Мағжан Жұмабаев;      В) Жамбыл Жабаев;  
Г) Жүсіпбек Аймауытов.

### 3. Жүз жыл өмір сүрген ақын. «Ленинградтық өренім» өлеңінің авторы:

- А) Мұхтар Әуезов;      Ә) Жамбыл Жабаев;  
Б) Дулат Бабатайұлы;      В) Сүйінбай Аронұлы;  
Г) Мағжан Жұмабаев.

**4. 1894-1938 жылдары өмір сүрген қазақ ақыны.**

- А) Ғабит Мүсірепов;                      Ә) Бауыржан Момышұлы;  
Б) Мұхтар Мағауин;                      В) Сәкен Сейфуллин;  
Г) Қадыр Мырза Әли.

**5. Ұлы Жамбыл «рухани жебеушім, пірім» деп таныған жырау.**

- А) Мұхтар Әуезов;  
Ә) Төле би;  
Б) Сәкен Сейфуллин;  
В) Дулат Бабатайұлы;  
Г) Сүйінбай Аронұлы.

**6. «Бір атаның балалары» повесінің авторы.**

- А) Мағжан Жұмабаев;  
Ә) Абай Құнанбаев;  
Б) Жамбыл Жабаев;  
В) Мұхтар Мағауин;  
Г) Жүсіпбек Аймауытов.

**7. Балаларға арнап «Қарағым» өлеңін жазған ақын.**

- А) Мағжан Жұмабаев;  
Ә) Ахмет Байтұрсынұлы;  
Б) Сұлтанмахмұт Торайғыров;  
В) Шоқан Уәлиханов;  
Г) Тоқтар Әубәкіров.

**8. XIX ғасырдағы қазақтың ұлы ақыны.**

- А) Шәкәрім Құдайбердиев;  
Ә) Абай Құнанбаев;  
Б) Жамбыл Жабаев;  
В) Ыбырай Алтынсарин;  
Г) Жүсіпбек Аймауытов.

**9. «О, Ақтан жас, Ақтан жас» шығармасының авторы,**

**1803-1874 жылдары өмір сүрген ақын.**

- А) Сүйінбай Аронұлы;  
Ә) Сұлтанмахмұт Торайғыров;

- Б) Ахмет Байтұрсынұлы;
- В) Ыбырай Алтынсарин;
- Г) Дулат Бабатайұлы.

**10. Қазақ халқының ғалымы, ұстазы, ақыны, аудармашысы.**

- А) Ахмет Байтұрсынұлы;
- Ә) Жүсіпбек Аймауытов;
- Б) Мұхтар Әуезов;
- В) Ыбырай Алтынсарин;
- Г) Ғабит Мүсірепов.

**11. «Көксерек», «Абай жолы» шығармаларының авторы.**

- А) Абай Құнанбаев;
- Ә) Ахмет Байтұрсынұлы;
- Б) Мұхтар Әуезов;
- В) Жамбыл Жабаев;
- Г) Шәкәрім Құдайбердиев.

**12. Ақын, сыншы, публицист, аудармашы.**

- А) Мағжан Жұмабаев;
- Ә) Сұлтанмахмұт Торайғыров;
- Б) Қадыр Мырза Әли;
- В) Жүсіпбек Аймауытов;
- Г) Мұхтар Мағауин.



## АЛТЫННАН ДА ҚЫМБАТ АРДАҚТЫЛАР

Қазақ халқы – бай жазушы, ақынға,  
Ғалым, биге, ел қорғаған батырға.  
Бір-бірімен салыстыру – надандық,  
Айырбастау мүмкін емес алтынға.

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 21.02.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 2150. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№2, 2012 ж., 144 бет, Алматы.